

Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 Бұйрығы.
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 17 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5750 болып енгізілді.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабының 34) тармақшасын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары бекітілсін.

2. Орта білім департаменті (М.Т. Санатова) белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін ресми жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Орта (М.Т. Санатова), техникалық және кәсіптік (Қ.Қ. Бөрібеков), жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім (С.М. Өмірбаев) департаменттері осы бұйрықты облыстық, Астана және Алматы қалалары білім басқармаларының, республикалық ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының, жоғары оқу орындарының назарына жеткізсін.

4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің:

1) "Педагог қызметкерлердің және оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының үлгі біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" 2008 жылғы 12 ақпандағы N 61 бұйрығының (N 5168 нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген, 2009 жылғы 11 ақпандағы N 21 "Юридическая газета" газетінде жарияланған);

2) "Педагог қызметкерлердің және оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының үлгі біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 12 ақпандағы N 61 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" 2009 жылғы 20 наурыздағы N 128 бұйрығының (N 5615 нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр К.Н. Шәмшидиноваға жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізілді.

Министр

Ж. Түймебаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты

әлеуметтік қорғау министрі

_____ Г. Әбдіқалықова

2009 жылғы 07 тамыз

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2009 жылғы 13 шілдедегі
N 338 бұйрығымен бекітілген

Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары

1. Жалпы ережелер

Осы Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және білім беру ұйымдарының меншігіне, ведомстволық бағыныстылығы мен ұйымдастыру-құқық нысанына қарамастан олардың қолдануы үшін міндетті.

Ескерту. Кіріспемен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2011.06.09 N 241 (ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

1. Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамасы (бұдан әрі - Сипаттама) мыналарға негіз болады:

құрылымдық бөлімшелер туралы олардың білім беру ұйымдарындағы орны мен рөлін анықтайтын ережелер жасау;

қызметкерлердің міндеттерін, құқықтары мен жауапкершіліктерін белгілейтін лауазымдық нұсқаулықтар әзірлеу;

кадрларды іріктеу мен орналастыру, оларды пайдаланудың дұрыстығына бақылау жүргізу; білім беру ұйымдарының қызметкерлерін аттестаттаудан өткізу.

2. Білім беру ұйымдарының штат кестесінде қызметкерлер лауазымының атаулары осы Сипаттамада көрсетілген лауазымдық атауларға сәйкес келуі қажет.

3. Әрбір лауазымға берілген Сипаттама үш бөлімнен: "Лауазымдық міндеттері", "Білуге міндетті" және "Біліктілікке қойылатын талаптар" бөлімдерінен тұрады. "Лауазымдық міндеттері" бөлімі қызметкерлердің ұтымды мамандануын қамтамасыз ететін жұмыстардың технологиялық біртектілігін және өзара байланыстылығын ескере отырып осы лауазымды атқаратын қызметкерге толық не жартылай тапсырылатын негізгі жұмыстарды қамтиды.

"Білуге міндетті" бөлімі қызметкерге арнайы білімге қатысты, сондай-ақ заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерді, ережелерді, нұсқаулықтарды, тағы басқа материалдарды білуі бойынша қойылатын негізгі талаптарды, қызметкер лауазымдық міндеттерін орындау кезінде қолдана алуға тиіс әдістер мен құралдарды қамтиды.

"Біліктілікке қойылатын талаптар" бөлімі қызметкердің көзделген міндеттерді орындауға қажетті қызметкердің кәсіби даярлық деңгейі мен жұмыс өтіліне қойылатын талаптарын айқындайды.

4. Мамандардың, оның ішінде бас мамандардың (бас есепші, бас инженер, бухгалтер, инженер, экономист және тағы басқалар) лауазымдары бойынша біліктілік сипаттамасы көрсетілмеген, себебі, олардың лауазымдық міндеттемелері мен білімге деген талаптары заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген қызметтің барлық саласына арналған жалпы біліктілік сипаттамасының негізінде айқындалады.

5. Басшылар, педагог қызметкерлер және оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санатын білім беруді басқару органы белгілейді.

6. Сипаттамалар ішкі ұйымдастыру-үйлестіру құжаттарын әзірлеуге негіз болып табылады: өндірісті, еңбекті және басқаруды ұйымдастырудың ерекшеліктерін, сондай-ақ олардың құқықтары мен жауапкершіліктерін ескере отырып, қызметкерлердің лауазымдық міндеттерінің нақты тізбесін қамтитын лауазымдық нұсқаулығы.

Біліктілік сипаттамаларында әрбір лауазымға неғұрлым тән келетін жұмыстар түрлері берілген. Сондықтан лауазымдық нұсқаулықтарды әзірлеу кезінде нақты ұйымдық-техникалық жағдайдағы тиісті лауазымға тән жұмыстар тізбесін нақтылауға болады және қызметкерлердің арнайы даярлығына қажетті талаптар белгіленеді.

2. Жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының ғылыми-педагогикалық қызметкерлері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары

Жоғары оқу орнының (ЖОО) басшысы (ректор)

Ескерту. Кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2011.06.09 N 241 (ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Лауазымдық міндеттері: Қолданыстағы заңдар, нормативті құқықтық актілер, жарғы және бірлескен бастамалар мен әріптестік қағидаты бойынша жасалған ұжымдық шарттар негізінде жоғары оқу орнына тікелей басшылықты жүзеге асырады. Жоғары оқу орнының мақсаты мен даму стратегиясын айқындайды. Оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, әкімшілік-шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметтеріне басшылық етеді, қабылдаған шешімдерге, материалдық құндылықтардың сақталуына және тиімді жұмсалыуына жауап береді. Барлық құрылымдық бөлімшелердің жұмысын және өзара тиімді әрекетін ұйымдастырады, әлеуметтік басымдықтарды, ел экономикасындағы мамандықтарға деген сұранысты ескере отырып, олардың жұмысын оқу, ғылыми үдерістерді жетілдіруге бағыттайды. Жоғары білікті мамандар дайындау мақсатында оқу, ғылым, тәрбие жұмыстарының, жоғары білім беру саласындағы соңғы жетістіктерді ескере отырып, ұйымның материалдық-техникалық базасы деңгейінің сапасы мен тиімділігін қамтамасыз етеді. Ұйымның бюджет, мемлекеттік бюджеттік емес қорлардың, тасымалдаушылардың, тапсырыс берушілердің, несие берушілердің алдындағы барлық міндеттемелерді орындауын қамтамасыз етеді.

Жаңа техникалар мен технологияларды қолдану саласындағы жаңа жетістіктер, білім беру саласындағы отандық және шет елдік жетістіктер, еңбекті ұйымдастыру және басқарудың белсенді түрлерін қолдану, шығындарды жұмсаудың негізді нормалары, жоғары оқу орнының материалдық, техникалық ресурстарын тиімді пайдалану негізінде жоғары оқу орнын басқаруды ұйымдастырады.

Мамандар даярлау тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасындағы ғылыми ұйымдармен, аралас білім беру ұйымдарымен ғылыми байланысты ұйымдастырады. Ғылым және білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастықты кеңейтеді және қолдау білдіреді.

Мамандар даярлау сапасын арттыру мақсатында оқу жоспарлары мен қосымша білім беру бағдарламаларын бекітеді.

Ұйымды білікті мамандармен қамтамасыз етуге, профессор-оқытушылар құрамы мен басқа да қызметкерлердің біліктілігін ұдайы арттыруға жағдай жасайды. Кәсіби білімді қолдану және дамыту, тәжірибе алмасу, жағымды және қауіпсіз еңбек жағдайын жасау, еңбекті қорғау мен техника қауіпсіздігі талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді.

Басқарудың экономикалық және әкімшілік әдістерінің дұрыс үйлестірілуін, жоғары оқу орны қызметкерлерінің жұмыс тиімділігін арттырудағы материалдық және моральдық ынталандыру қағидаттарын қолдануды, әрбір қызметкерге оған тапсырылған іс пен оның нәтижесіне деген материалдық қызығушылығы мен жауаптылығы қағидатын қолдануды, белгіленген мерзімде еңбек жалақысын төлеуді қамтамасыз етеді.

Ұйым ұжымымен бірге әлеуметтік әріптестік қағидаттары негізінде ұжымдық келісім-шартты дайындайды, оған қол қояды және орындайды, еңбек және өндіріс тәртібін сақтайды, еңбекке ынталандырады, бастаманы және жоғары оқу орны қызметкерлерінің белсенділігін дамытуға ықпал етеді.

Оған берілген құқықтар шеңберінде жоғары оқу орнының қаржылық, экономикалық, өндірістік-шаруашылық мәселелерін шешеді, жоғары оқу орны қызметінің жекелеген бағыттарын жүргізуді басқа лауазымдық тұлғаларға – проректорларға (орынбасарларына), құрылымдық бөлімшелердің басшыларына, ЖОО филиалдарына, сонымен бірге қызметтік және әкімшілік құрылымдық бөлімшелеріне тапсырады. Құрылымды және штат кестесін бекітеді. Қызметкерлерді жұмысқа қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан шығаруды жүзеге асырады. Берілген өкілеттілік негізінде бұйрықтар мен өкімдер шығарады. Жоғары оқу орны қызметінің заңдылығын бақылауды, оның шаруашылық-экономикалық байланыстарын жүзеге асыруды, қаржыны басқаруда құқықтық құралдарды

пайдалануды, келісім-шарт және қаржы тәртібін, әлеуметтік еңбек қатынастарын нығайтуды қамтамасыз етеді. Жоғары оқу орнының білім беру қызметін қолдау және аясын кеңейту мақсатында білім беру саласындағы инновациялық технологияларды енгізуді және қолдануды қамтамасыз етеді. Жоғары оқу орнының мүлкітік мүдделерін сотта, сот алқаларында қорғайды. Сенімхатсыз жоғары оқу орнының атынан әрекет етеді және мемлекеттік билік пен басқару орындарының алдында ұйымның мүддесін қорғайды. Мемлекеттік құпияның қорғалуына және сақталуына, ұсынылатын статистикалық есептері мәліметтерінің нақтылығына байланысты жұмыстарды ұйымдастыруға, жағдай жасауға, жалпы жоғары оқу орнының қызметіне тікелей жауапты. Жыл сайын уәкілетті органға (құрылтайшыға) жоғары оқу орнының оқу, ғылыми және қаржылық қызметінің нәтижелері туралы есеп тапсырады.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексің, Қазақстан Республикасының "Білім туралы" , "Ғылым туралы" , "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" , "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" , "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы", «Мемлекеттік сатып алу туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» заңдарын, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын және жоғары оқу орнының білім беру, ғылыми, өндірістік-шаруашылық, қаржы-экономикалық қызметін регламенттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерді, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау саласындағы әдістемелік материалдарды, жоғары оқу орны саласының техникалық және ғылыми дамуының болашағын, жоғары оқу орнының кадрлық ресурстарын, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру (қосымша білім беру) саласындағы шетелдік білім беру мекемелерінің ғылыми жетістіктері мен алдыңғы қатарлы тәжірибелерін, еңбек заңнамаларын, еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім, ғылыми дәрежесі және кемінде 5 жыл білім беру ұйымдарында және/немесе білімді басқару органдарында басшылық қызметтегі еңбек өтілі, білім беру менеджменті бойынша біліктілікті арттыру курстарының өткендігі туралы сертификатының (куәлігінің) болуы тиіс.

Жоғары оқу орны басшысының орынбасары (проректор)

Ескерту. Кіші бөлімге өзгерістер енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2011.06.09 N 241 (ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2013 № 512 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Лауазымдық міндеттері: Қолданыстағы заңдар, нормативті құқықтық актілер, жарғы және ұжымдық келісім-шарттар негізінде жоғары кәсіби білім беру (қосымша кәсіби білім беру) қызметінің жекелеген бағыттары бойынша тікелей басшылықты жүзеге асырады. Ағымдағы және алдағы уақыттағы оқытушылар мен әдістемелік қызмет жұмысын жоспарлауды ұйымдастырады. Оқу бағдарламаларының жобалануы мен орындалуын, барлық оқу бағыттарының тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, оны жетілдіруге байланысты ұсыныстар береді. Оқытушылардың, кабинет меңгерушілерінің, кітапханалардың жұмысын ұйымдастырады және үйлестіреді. Оқытушылардың оқу жүктемелерін бақылайды және реттейді. Қабылдаған шешімдеріне, материалдық құндылықтардың сақталуына және тиімді жұмсалыуына толық жауапты бола отырып, жоғары оқу орнының әкімшілік-шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметтерінің жекелеген бағыттарына басшылық етеді. Өзіне тапсырылған барлық құрылымдық бөлімшелердің жұмысын және өзара тиімді әрекетін ұйымдастырады. Жоғары білікті мамандар дайындау мақсатындағы оқу орны қызметінің, жоғары білім беру саласындағы соңғы жетістіктерді ескере отырып, жоғары оқу орнының материалдық-техникалық базасы деңгейінің сапасы мен тиімділігін қамтамасыз етеді.

Өзіне тапсырылған қызметтер шеңберінде жоғары оқу орнының бюджет, мемлекеттік бюджеттен тыс қорлардың, жеткізушілердің, тапсырыс берушілердің, несие берушілердің алдындағы барлық міндеттемелерді орындауын; жаңа техникалар мен технологияларды қолдану саласындағы жаңа жетістіктер, білім беру саласындағы отандық және шет елдік жетістіктер, еңбекті ұйымдастыру және

басқарудың белсенді түрлерін қолдану, шығындарды жұмсаудың негізгі нормалары, жоғары оқу орнының материалдық, техникалық ресурстарын тиімді пайдалану негізінде жоғары оқу орнын басқаруды ұйымдастырады.

Сеніп тапсырылған құрылымды білікті мамандармен қамтамасыз ету, қызметкерлердің біліктілігін ұдайы арттыру жөнінде шаралар қабылдайды. Кәсіби білімді қолдану және дамыту, тәжірибе алмасу, жағымды және қауіпсіз еңбек жағдайын жасау, еңбекті қорғау мен техника қауіпсіздігі талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді.

Басқарудың экономикалық және әкімшілік әдістерінің дұрыс үйлестірілуін, жоғары оқу орны қызметкерлерінің жұмыс тиімділігін арттырудағы материалдық және моральдық ынталандыру қағидаттарын қолдануды, әрбір жұмыскерге оған тапсырылған іс пен оның нәтижесіне деген материалдық қызығушылығы мен жауаптылығы қағидатын қолдануды, жалпы еңбек нәтижесін қамтамасыз етеді.

Мекеме ұжымымен (жұмыскерлердің өкілдерімен) бірге әлеуметтік әріптестік қағидаттары негізінде ұжымдық шартты дайындайды, оған қол қояды және орындайды, еңбек және өндіріс тәртібін сақтайды, еңбекке ынталандыруды, бастаманы және жоғары оқу орны қызметкерлерінің белсенділігін дамытуға ықпал етеді.

Сенімхаты болған жағдайда оған берілген құқықтар шегінде жоғары оқу орнының қаржылық, экономикалық, өндірістік-шаруашылық мәселелерін шешеді, жоғары оқу орны қызметінің жекелеген бағыттарын жүргізуді басқа лауазымдық тұлғаларға – құрылымдық бөлімшелердің басшыларына, сонымен бірге қызметтік және әкімшілік құрылымдық бөлімшелеріне тапсырады. Құрылымды және штат кестесін өзгертуге байланысты ұсыныстар береді. Өзіне тапсырылған құрылымдық бөлімшелердің қызметінің заңдылығын бақылауды, оның шаруашылық-экономикалық байланыстарын жүзеге асыруды, қаржыны басқаруда құқықтық құралдарды пайдалануды, шарт және қаржы тәртібін, әлеуметтік еңбек қатынастарын нығайтуды қамтамасыз етеді.

Жоғары оқу орнының білім беру қызметін қолдау және аясын кеңейту мақсатында білім беру саласындағы инновациялық технологияларды енгізуді және қолдануды қамтамасыз етеді. Сенімхаты немесе желілік нормативтік актісі болған жағдайда жоғары оқу орнының мүліктік мүдделерін сотта, сот алқаларында қорғайды. Мемлекеттік құпияның қорғалуына және сақталуына байланысты жұмыстарды ұйымдастыруға, жағдай жасауға, жалпы жоғары оқу орнының қызметіне тікелей жауапты. Жыл сайын тиісті құрылымдық бөлімшелер қызметінің нәтижелері туралы есеп дайындайды.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Ғылым туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы", "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы", «Мемлекеттік сатып алу туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» заңдарын, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын және жоғары оқу орнының білім беру, ғылыми, өндірістік-шаруашылық, қаржы-экономикалық қызметін регламенттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерді, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау саласындағы әдістемелік материалдарды, жоғары оқу орны саласының техникалық және ғылыми дамуының болашағын, жоғары оқу орнының кадрлық ресурстарын, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру (қосымша білім беру) саласындағы шетелдік білім беру мекемелерінің ғылыми жетістіктері мен алдыңғы қатарлы тәжірибелерін, еңбек заңнамаларын, еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар: оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми, халықаралық, инновациялық, стратегиялық жұмыс мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасарлар үшін: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім, ғылыми дәрежесі немесе «Назарбаев Университеті» ДБҰ-да немесе шетелдің жоғары оқу орнында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтау қорытындылары бойынша берілген магистр академиялық дәрежесі, кемінде 5 жыл білім беру ұйымдарында басшылық лауазымдағы еңбек өтілі болуы немесе «Назарбаев Университеті» ДБҰ-да және/немесе шетелдің жоғары оқу орнында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар (магистратура немесе PhD докторантура) бойынша оқуын аяқтаған жағдайда кемінде 3 жыл еңбек өтілі болуы тиіс;

Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасар үшін: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім, ғылыми дәреже немесе магистр академиялық дәрежесі, тәрбие жұмысы бойынша кемінде 3 жыл еңбек өтілінің болуы тиіс;

әкімшілік-шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасар үшін: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім, жетекшілік ететін мәселелері бойынша кемінде 3 жыл еңбек өтілінің болуы тиіс.

Білім беру менеджменті бойынша біліктілікті арттыру курстарының өткендігі туралы сертификатының (куәлігінің) болуы.

Факультет деканы

Ескерту. Кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2011.06.09 N 241 (ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Лауазымдық міндеттері: Факультеттің даму стратегиясын әзірлейді, жұмыс берушілермен, білімді басқару органдарымен сыртқы байланыстарды дамытады. Факультеттегі мамандар дайындау бағыттары бойынша білім беру қызметінің нарығын зерделейді. Факультеттегі оқу, тәрбие, ғылыми жұмыстарға басшылық жасайды. Кәсіптік білім беру бағдарламаларының, оқу жоспарларының, пәндердің оқу бағдарламаларының жасалуына және практикада қолданылуына байланысты жұмыстарды басқарады. Оқу-тәрбие үрдісінің ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастырады. Факультет ішінде мамандар дайындау сапасының жүйесін жасайды.

Кафедра меңгерушілеріне, ұжымға, факультет студенттеріне әкімшілік басшылықты жүзеге асырады.

Мыналарды:

жұмыс оқу бағдарламаларын және пәндердің силлабустерін;

элективтік пәндердің каталогін;

студенттердің жеке оқу жоспарларын бекітеді.

Кәсіби бағдар беру, факультетке жұмысқа қабылдау жұмыстарын ұйымдастырып, жүргізеді.

Студенттерді кәсіби дайындауға басшылықты жүзеге асырады.

Оқу сабақтарының, емтихандардың, сынақтардың кестелерін жасауды ұйымдастырады және олардың орындалуына бақылау жасайды.

Оқу процесінің, оқу практикумдары мен кәсіби практикалардың ұйымдастырылуын бақылайды және реттейді.

Студенттердің өзіндік жұмыстарының, оның ішінде оқытушының басшылығымен өтетін студенттердің өзіндік жұмыстарының, студенттердің жеке оқу жоспарларының орындалуын бақылауды ұйымдастырады.

Студенттерді курстан курсқа көшіруге ұсыныс дайындайды. Емтихан сессияларына жіберуге рұқсат береді. Емтихандарды мерзімінен бұрын тапсыруға, қайта тапсыруға рұқсат береді.

Қажет жағдайда емтихандар мен сынақтарды қабылдау комиссиясын құрады.

Студенттерге мемлекеттік емтихандар тапсыруға, диплом жұмысын (жобасын) қорғауға рұқсат береді.

Бітірушілерді қорытынды аттестаттаудан өткізетін факультеттің мемлекеттік аттестаттау комиссиясының, сондай-ақ, факультеттің қабылдау комиссиясының құрамына кіреді.

Студенттерді оқуға қабылдауға, оқудан шығаруға, қайта қабылдауға ұсыныс береді.

Білім беру ұйымдарында білім алушылардың жекелеген санаттарына мемлекеттік стипендиялар төлеу ережесіне сәйкес факультет студенттеріне стипендия тағайындауға ұсыныс дайындайды.

Кафедраларда, зертханаларда, студенттердің ғылыми үйірмелерде, студенттердің ғылыми қоғамдарында өткізілетін студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына жалпы басшылықты жүзеге асырады.

Факультет бітірушілерімен байланысты, факультетте бітіретін мамандарды даярлау сапасын зерделеуді жүзеге асырады.

Факультет бітірушілерін жұмысқа орналастыру жұмыстарына басшылық жасайды.

Жаңа оқыту технологияларын енгізуді және студенттердің білімін бақылауды жүзеге асырады.

Оқыту үрдісіне оқу ұзақтығы әртүрлі және белсенді оқу бағдарламаларына негізделген сараланған және жеке дайындық түрлерін енгізуді қамтамасыз етеді.

Факультет құрамына кіретін оқу және ғылыми құрылымдық бөлімшелердің жұмысын үйлестіреді. Факультеттің кадрлар саясатын айқындайды.

Кафедра меңгерушілерімен бірлесіп, профессор-оқытушыларды, ғылыми және көмекші оқу мамандарын іріктеуді жүзеге асырады. Ректорға деканның орынбасарлығына кандидатураларды тағайындауға ұсыныс жасайды және олардың міндеттерін өзара бөлісуге жәрдемдеседі.

Кафедрааралық оқу-әдістемелік жиындарды, семинарларды, ғылыми және ғылыми-әдістемелік жиналыстар мен конференцияларды ұйымдастырады және өткізеді.

Жоғары оқу орнының халықаралық оқу және ғылыми жұмыстарын ұйымдастырады, бақылау жасайды және қатысады.

Факультет кеңесінің жұмысына басшылық жасайды. Факультет жұмысы жоспарының жобасын дайындайды, факультет кеңесі мәжілісіне дайындауға басшылық жасайды, оған төрағалық етеді. Факультет мамандықтары бойынша білім беру саласында жұмыс істеп жүрген жоғары білімді мамандардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастырады. Факультет құрамына кіретін кафедралардың пәндері бойынша оқулықтардың, оқу құралдарының, оқу-әдістемелік құралдарының дайындалуына жалпы басшылық жасайды.

Оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік жұмыстар бойынша өзінің жұмыстары туралы факультеттің ғылыми кеңесінде, сонымен бірге ЖОО ғылыми кеңесінде есеп береді.

Кафедралардың ғылыми-әдістемелік бағытында басқа факультеттің құрылымдық бөлімшелерімен, оқу орындарымен, кәсіпорындармен, ұйымдармен байланыста жұмыс істеуін ұйымдастырады.

Бір бағытта кәсіптенген білім беру ұйымдарымен, мекемелерімен студенттердің білім алу мазмұнын, технологиясын және оқыту түрлерін жетілдіру мақсатында байланыс орнатуын қамтамасыз етеді.

Оқытудағы техникалық құралдарды пайдалана отырып, білім беруге инновациялық оқыту технологияларын енгізеді және оны ұйымдастырады. Факультеттің материалдық-техникалық базасын нығайтуға және дамытуға байланысты жұмыстарды жүргізеді.

Оқу үдерісін жетілдіруге және мамандар даярлау сапасын арттыруға байланысты мәселелерді факультет кеңесіне шығарады.

Факультет студенттері мен кафедралардың оқытушыларының еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақтауына бақылау жасайды. Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі нормаларын орындайды.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Ғылым туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы", "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" заңдарын, жоғары білім беру жүйесін дамыту және іс-әрекет сұрақтарын реттеу басқа да нормативтік құқықтық актілерін; білім беру жүйесін басқару теориясы мен әдістемесін; оқу жоспарларын дайындау тәртібін; оқу жұмыстарының құжаттарын жүргізу ережесін; кәсіби білім беру педагогикасын, физиологиясын, психологиясын және кәсіптік білім беру әдістемесін; студенттерге білім беру мен тәрбиелеудің қазіргі формалары мен әдістерін, экономика негіздерін, еңбек заңдарын; еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өрттен қорғау ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім, ғылыми дәрежесі және кемінде 5 жыл білім беру ұйымдарында басшы қызметтегі немесе мамандығы бойынша еңбек өтілі, білім беру менеджменті бойынша біліктілікті арттыру курстарының өткендігі туралы сертификатының (куәлігінің) болуы тиіс.

Деканның орынбасары

Лауазымдық міндеттері: Факультеттегі оқу-әдістемелік және басқа да құжаттарды әзірлеу, жетілдіру жұмыстарын ұйымдастырады. Ағымдағы оқу-тәрбие, ғылыми жұмыстарға, студенттердің өндірістік жұмыстары мен практикаларына жетекшілік жасайды. Оқу сабақтары мен сынақ, емтихан кестелерін жасауға бақылау жасайды. Студенттердің сабаққа қатысуы мен сабақ үлгерімдеріне бақылау жасайды. Инновациялық оқыту технологияларын, техникалық оқыту құралдарын қолдануды ұйымдастырып, бақылау жасайды. Факультеттің оқытушы-профессор құрамының оқу және оқу-әдістемелік жүктемелерін орындауларын, дәрістік, зертханалық және практикалық сабақтар, семинарлар мен басқа

да оқу сабақтары түрлерінің, өндірістік және оқу практикаларының өткізілуін бақылап отырады.

Барлық сабақ түрлерін жүргізеді, курстық, дипломдық жұмыстардың жобаларына, магистранттар мен докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына және магистранттар мен PhD докторанттардың диссертацияларына жетекшілік жасайды.

Алдағы уақыттағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлауды ұйымдастырады, факультетте жүргізілетін негізгі ғылыми бағыттар бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарының жүргізілуіне басшылық жасайды. Ғылыми және ғылыми-әдістемелік мәжілістер, семинарлар мен конференциялар өткізуді ұйымдастырады. Кафедраларда, ғылыми үйірмелер мен ғылыми қоғамдарда өткізілетін студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына басшылық жасайды. Факультет қызметкерлерінің оқу-әдістемелік және ғылыми мақалаларын жариялауға ұсынады. Топтардың тәлімгерлерінің жұмыстарын ұйымдастырады және бақылау жасайды. Еңбекті қорғау мен техника қауіпсіздігі бойынша заңдар мен нормативті-құқықтық актілер талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді және қауіпсіз еңбек жағдайын жасайды.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Ғылым туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы", "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" заңдарын және б асқа да жоғары оқу орны жүйесінің қызметі мен дамуын регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерді; білім беру жүйесінің негізгі бағыттары мен даму болашағын; оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға байланысты отандық және шет елдік жетістіктерді; оқу жұмыстарын жетілдірудің әдістемесін; педагогика мен психология негіздерін, оқу-тәрбие жұмыстарының теориясы мен әдістемесін; тиісті мамандықтар бойынша негізгі ғылыми мәселелерді; мамандарды қайта дайындауға және біліктіліктерін арттыруға байланысты қолданыстағы нормативтік құжаттарды; еңбек туралы заңдардың негіздерін, мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім беру стандарттарын, экономика негіздерін, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өрттен қорғау ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білімі, ғылым докторы немесе ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы және білім ұйымдарында басшы қызметтегі немесе мамандығы бойынша еңбек өтілі 3 жылдан кем болмауы тиіс.

Кафедра меңгерушісі (Әскери кафедра бастығы)

Ескерту. Кіші бөлімге өзгерістер енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2011.06.09 N 241 (ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2013 № 512 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Лауазымдық міндеттері: Кафедраның мамандар даярлау бағыттары мен мамандықтары бойынша даму стратегиясын жасайды, жұмыс берушілермен, білім беруді басқару органдарымен сыртқы байланыстарды нығайтады және дамытады. Білім беру қызметінің және кафедраның мамандар даярлау бағыттары мен мамандықтарының нарығын зерделейді.

Мамандар дайындау сапасының кафедра ішілік жүйесін жасайды. Оқу үдерісін жоғары сапамен қамтамасыз ету мақсатында педагогикалық әдістер мен оқыту құралдарын айқындай алады. Оқытудың барлық түрлері бойынша барлық оқыту сабақтарының өткізілуін ұйымдастырады. Жоспарланған және ағымдағы қызметкерлердің оқу, ғылыми, әдістемелік мәселелерін талқылау бойынша кафедра отырысын өткізеді.

Кафедра пәндері бойынша оқу бағдарламаларын бекітеді. Факультеттің, жоғары оқу орнының басқа кафедраларындағы оқу бағдарламалары бойынша қорытындылар дайындайды.

Кафедра жұмысының жоспары мен кафедра оқытушыларының жеке жұмыс жоспарларын бекітеді. Кафедра қызметкерлерінің арасында педагогикалық жүктеме мен лауазымдық міндеттерді бөлуді жүзеге асырады, олардың уақытылы және сапалы орындалуына бақылау жасайды. Оқу сабақтарын өткізуде оқытудың қазіргі техникалық құралдарын таңдауды жүзеге асырып, оны пайдалану мүмкіндігін жасайды.

Барлық сабақ түрлерін жүргізеді, курстық, дипломдық жұмыстардың жобаларына, магистранттар

мен докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына және магистранттар мен PhD докторанттардың диссертацияларына жетекшілік жасайды.

Студенттердің кәсіби практикаларын, курстық және диплом жұмыстарын ұйымдастырады және басшылық жасайды.

Жекелеген пәндер бойынша студенттерге курстық емтихандарды, сынақтарды, сондай-ақ аралық сынақтарды өткізуді қамтамасыз етеді. Олардың нәтижелеріне талдау жасап, кафедра мәжілістерінде баяндайды. Кафедрада ғылыми-зерттеу жұмыстарының жүргізілуін ұйымдастырады, факультет басшылығының тапсырмасымен кафедра қызметкерлері мен ізденушілері дайындаған диссертацияларды қарастырады. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына басшылық жасайды. Аяқталған ғылыми-зерттеу жұмыстары мен олардың ғылыми нәтижелерін ғылымға енгізу мүмкіндіктерін талқылайды. Қол жеткізген ғылыми нәтижелерді баспада жариялауды қамтамасыз етеді.

Оқулықтарға, оқу құралдарына, әдістемелік құралдарға қорытындылар дайындауды қамтамасыз етеді. Оқулықтардың, оқу құралдарының, оқу-әдістемелік құралдардың дайындалуын ұйымдастырады және тікелей өзі қатысады.

Кафедрадағы оқытушылар мен басқа да қызметкерлердің жеке жұмыс жоспарларының сапасы мен орындалуына бақылау жасайды.

Кафедраның педагогикалық және ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысады. Кафедра оқытушыларының тәжірибесін зерттейді, жинақтайды және таратады. Жұмысты жаңа бастаған оқытушыларға оқыту және әдістемелік тұрғыдан көмек көрсетеді. Ғылыми педагог мамандарды дайындауға басшылық жасайды.

Кафедра оқытушыларының біліктілігін арттыруды жоспарлайды.

Дайындық бағыттары бойынша және ЖОО аралық деңгейде оқу-әдістемелік комиссияларының жұмысына қатысады.

Ғылыми-әдістемелік көмек көрсету мақсатында білім беру ұйымдарымен және басқа да ұйымдарымен байланыс орнатады.

Кафедраның, факультеттің, жоғары оқу орнының халықаралық қызметіне қатысады және қамтамасыз етеді. Кафедраның барлық құжаттарының және есептерінің дайындалуын және сақталуын қамтамасыз етеді.

Кафедра жұмысының қорытындысы бойынша есеп береді. Факультет студенттері мен кафедралардың оқытушыларының еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақтауына бақылау жасайды. Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі нормаларын орындайды.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Ғылым туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы", "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" заңдарын және басқа да білім беру жүйесінің қызметі мен дамуын реттейтін нормативті-құқықтық актілерін; мамандықтар мен мамандану пәндері бойынша оқу жоспарлары мен бағдарламаларын дайындау тәртібін; оқу жұмыстарының құжаттарын жүргізу ережесін; кәсіби білім беру педагогикасын, физиологиясын, психологиясын және кәсіптік білім беру әдістемесін; студенттерге білім беру мен тәрбиелеудің қазіргі формалары мен әдістерін; экономика негіздерін, еңбек заңдарын; еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өрттен қорғау ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар: әскери кафедра бастығының жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі, ғылыми дәрежесі және/немесе полковник әскери атағы, педагогикалық қызметкерлер лауазымдарында немесе әскери бөлім командирінің орынбасары және одан жоғары басшылық құрамда кемінде 5 жыл жұмыс өтілі болуы тиіс.

Профессор

Ескерту. Кіші бөлімге өзгерістер енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2011.06.09 N 241 (ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2013 № 512 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Лауазымдық міндеттері: Жетекшілік ететін пәндері бойынша оқу және оқу-әдістемелік жұмыстарын жоспарлайды, ұйымдастырады және бақылау жасайды. Кәсіби білім мәселесі бойынша ғылыми-әдістемелік жұмыстарға қатысады.

Барлық сабақ түрлерін жүргізеді, курстық, дипломдық жұмыстардың жобаларына, магистранттар мен PhD докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына және диссертацияларына жетекшілік жасайды. Кафедраның ғылыми жұмыс бағыттары бойынша ғылыми және ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысады және жетекшілік жасайды.

Жетекшілік жасайтын пәндері бойынша оқу жұмыс жоспарларының жасалуына және дайындалуына басшылық етеді. Әдістемелік комиссия құрамында мамандық бойынша кафедраның, факультеттің, ғылыми-әдістемелік кеңестің, жоғары оқу орнының ғылыми-әдістемелік жұмыстарына қатысады.

Жетекшілік ететін пәндерінің әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етілуін бақылайды.

Оқулықтардың, оқу құралдарының, оқу-әдістемелік құралдардың, дәріс конспектілерінің, жетекшілік жасайтын пәндері бойынша басқа да әдістемелік материалдардың дайындалуын ұйымдастырады және тікелей өзі қатысады, оларды баспаға дайындайды. Кафедраның оқу және оқу-әдістемелік жұмыстарын жетілдіруге байланысты ұсыныстар береді.

Кафедрадағы зерттеу тақырыбы аясында ұйымдастырылатын семинарларға, мәжілістерге, конференцияларға, оның ішінде, халықаралық конференцияларға қатысады.

Кафедрадағы студенттердің ғылыми қоғамдарында жүзеге асырылатын студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырады және жетекшілік жасайды.

Кафедра оқытушыларының біліктілігін арттыруға қатысады, оларға педагогикалық шеберлік пен кәсіби дағдыларды игеру үшін әдістемелік көмек береді.

Кафедрадағы ғылыми педагог мамандарды дайындауға жетекшілік жасайды.

Жетекшілік жасайтын пәндері бойынша студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырады және жоспарлайды.

Мектеп оқушыларына кафедрадағы мамандықтар бойынша кәсіби бағдар беру жұмыстарына басшылық жасайды.

Ғылыми-техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық, экономикалық, құқықтық білімдерді насихаттауға қатысады.

Факультет студенттері мен кафедралардың оқытушыларының еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақтауына бақылау жасайды. Жеке жоспар орындау туралы есепті дайындайды және ұсынады. Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі нормаларын орындайды.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Ғылым туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын және басқа да білім беру саласының нормативтік құқықтық актілерін; білім беру жүйесін басқару теориясы мен әдістемесін; оқу жоспарларын дайындау тәртібін; оқу жұмыстарының құжаттарын жүргізу ережесін; кәсіби білім беру педагогикасын, физиологиясын, психологиясын және кәсіптік білім беру әдістемесін; студенттерге білім беру мен тәрбиелеудің қазіргі формалары мен әдістерін, экономика негіздерін, еңбек заңдарын; еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өрттен қорғау ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі, ғылыми дәрежесі, «қауымдастырылған профессор (доцент)» ғылыми атағы және ғылыми-педагогикалық қызметтегі еңбек өтілі кемінде 5 жыл болуы тиіс. Құқық қорғау органдарының, арнайы мемлекеттік органдардың және қорғаныс саласындағы мемлекеттік органның жоғары оқу орындарында Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органдарында басшы лауазымдарындағы қызмет өтілі кемінде 7 жыл немесе ғылыми-педагогикалық қызметтегі жұмыс өтілі кемінде 5 жыл, соның ішінде доцент қызметінде кемінде 1 жыл болуы тиіс.

Қауымдастырылған профессор (доцент)

Ескерту. Кіші бөлімге өзгерістер енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2011.06.09 N 241 (ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

27.12.2013 № 512 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Лауазымдық міндеттері: Жетекшілік ететін пәндері бойынша оқу және оқу-әдістемелік жұмыстарын жоспарлайды, ұйымдастырады және бақылау жасайды. Жоғары білім мәселесі бойынша ғылыми-әдістемелік жұмыстарға қатысады.

Барлық сабақ түрлерін жүргізеді, курстық, дипломдық жұмыстардың жобаларына, магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына жетекшілік жасайды. Кафедраның ғылыми жұмыс бағыттары бойынша ғылыми және ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысады және жетекшілік жасайды.

Жетекшілік жасайтын пәндердің сабақтарын кафедра оқытушыларының сапалы өткізілуіне бақылау жасайды.

Жетекшілік жасайтын пәндері бойынша жұмыс бағдарламаларын дайындайды. Әдістемелік комиссия құрамында мамандық бойынша кафедраның (факультеттің) ғылыми-әдістемелік кеңесінің жұмыстарына қатысады.

Кафедрадағы зерттеу тақырыбы аясында ұйымдастырылатын семинарларға, мәжілістерге, конференцияларға, оның ішінде, кафедрадан жіберілген жағдайда халықаралық конференцияларға қатысады.

Кафедрадағы ғылыми-әдістемелік жұмыстарға қатысады және басшылық жасайды, студенттердің ғылыми қоғамдарында жүзеге асырылатын студенттердің, магистранттардың ғылыми жұмыстарын ұйымдастырады және жетекшілік жасайды.

Кафедра оқытушыларының біліктілігін арттыруға қатысады, жаңа жұмысқа қабылданған оқытушыларға педагогикалық шеберлік пен кәсіби дағдыларды игеру үшін әдістемелік көмек береді.

Студенттердің, магистранттардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастырады және жоспарлайды.

Мектеп оқушыларына кафедрадағы мамандықтар бойынша кәсіби бағдар беру жұмыстарын ұйымдастырады және өзі қатысады. Ғылыми-техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық, экономикалық, құқықтық білімдерді насихаттауға қатысады.

Кафедраның материалдық-техникалық базасын дамытуға қатысады.

Студенттерді тәрбиелеу жұмыстарына қатысады.

Кафедрадағы ғылыми-педагог мамандарды даярлауға қатысады. Жеке жоспар орындау туралы есепті дайындайды және ұсынады.

Студенттер мен кафедра оқытушыларының еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақтауына бақылау жасайды. Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі нормаларын орындайды.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Ғылым туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын және басқа да білім беру саласының нормативтік құқықтық актілерін; білім беру жүйесін басқару теориясы мен әдістемесін; оқу жоспарларын дайындау тәртібін; оқу жұмыстарының құжаттарын жүргізу ережесін; кәсіби білім беру педагогикасын, физиологиясын, психологиясын және кәсіптік білім беру әдістемесін; студенттерге білім беру мен тәрбиелеудің қазіргі нысандары мен әдістерін; экономика негіздерін, еңбек заңнамаларын; еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өрттен қорғау ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі, ғылыми дәрежесі, ғылыми-педагогикалық қызметтегі еңбек өтілі кемінде 5 жыл болуы тиіс. Құқық қорғау органдарының, арнайы мемлекеттік органдардың және қорғаныс саласындағы мемлекеттік органның жоғары оқу орындарында Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органдарында басшы лауазымдарындағы қызмет өтілі кемінде 7 жыл немесе ғылыми-педагогикалық қызметтегі жұмыс өтілі кемінде 5 жыл, соның ішінде доцент қызметінде кемінде 1 жыл болуы тиіс.

Аға оқытушы

Ескерту. Кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2011.06.09 N 241 (ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

27.12.2013 № 512 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Лауазымдық міндеттері: Жетекшілік ететін пәндері бойынша оқу және оқу-әдістемелік жұмыстарын ұйымдастырады және өткізеді.

Кафедрадағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының бір бағытына қатысады.

Барлық жұмыс түрлерін жүргізеді. Ассистенттер мен оқытушылар жүргізетін сабақтардың сапасына бақылау жасайды. Оқитын пәндері бойынша жұмыс бағдарламаларын жасайды. Оқитын пәндері және жекелеген оқу сабақтары, оқу жұмыстары бойынша әдістемелік қамтамасыз ету үшін еңбектер жинақтайды және әзірлейді.

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысады. Оқитын пәндері немесе жекелеген оқу бойынша студенттердің өзіндік жұмыстарына басшылық жасайды.

Ассистенттер мен оқытушыларға педагогикалық шеберлік пен кәсіби дағдыларды игеру үшін әдістемелік көмек береді.

Әдістемелік комиссия құрамында мамандық бойынша кафедраның ғылыми-әдістемелік кеңесінің жұмыстарына қатысады.

Мектеп оқушыларына кафедрадағы мамандықтар бойынша кәсіби бағдар беру жұмыстарына қатысады.

Ғылыми-техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық, экономикалық, құқықтық білімдерді насихаттауға қатысады.

Сабақтарды, зертханалық жұмыстарды, практикалық сабақтарды өткізуде студенттер мен кафедра оқытушыларының еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақтауына бақылау жасайды. Студенттерді тәрбиелеу жұмыстарына қатысады.

Кафедрадағы оқулықтар, оқу құралдарын, оқу-әдістемелік құралдар, нұсқаулықтар, жұмыс бағдарламалары және басқа да оқу-әдістемелік жұмыстардың түрлерін дайындауға қатысады. Жеке жоспар орындау туралы есепті дайындайды және ұсынады.

Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі нормаларын орындайды.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Ғылым туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын және басқа да білім беру жүйесінің қызметі мен дамуын реттейтін нормативтік құқықтық актілерін; өз мамандығы бойынша оқу-ғылыми пәндерін; білім беру жүйесін басқару теориясы мен әдістемесін; оқу жоспарларын дайындау тәртібін; оқу жұмыстарының құжаттарын жүргізу ережесін; кәсіби білім беру педагогикасын, физиологиясын, психологиясын және кәсіптік білім беру әдістемесін; студенттерге білім беру мен тәрбиелеудің қазіргі нысандары мен әдістерін; экономика негіздерін, еңбек заңдарын; еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өрттен қорғау ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі, ғылыми-педагогикалық қызметтегі еңбек өтілі кемінде 3 жыл, оның ішінде оқытушы лауазымында кемінде бір жыл болуы немесе мамандығы бойынша практикалық жұмыстағы өтілі кемінде 5 жыл және/немесе ғылыми дәрежесі болуы тиіс.

Оқытушы (ассистент)

Ескерту. Кіші бөлімге өзгерістер енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2011.06.09 N 241 (ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2013 № 512 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Лауазымдық міндеттері: Жетекшілік ететін пәндері бойынша оқу және оқу-әдістемелік жұмыстарын ұйымдастырады және өткізеді.

Кафедрадағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының бір бағытына қатысады.

Профессордың, доценттің, аға оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін оқу сабақтары және

басқа да оқу түрлері бойынша әдістемелік нұсқаулықтар дайындайды және оған қатысады. Студенттерді тәрбиелеу жұмыстарына қатысады. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына басшылық жасауға және ұйымдастыруға қатысады.

Мектеп оқушыларына кәсіби бағдар беру жұмыстарына қатысады.

Оқу үдерісінің, оқу құрылымдық бөлімшелері құралдарының, зертханалардың материалдық-техникалық базасының нығаюына, дамуына, қамтамасыз етілуіне, жетілдірілуіне байланысты шараларды дайындауға және жүзеге асыруға белсенді қатысады.

Сабақтарды, зерханалық жұмыстарды, практикалық сабақтарды өткізуде студенттер мен кафедра оқытушыларының еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақтауына бақылау жасайды.

Профессордың, доценттің, аға оқытушының (пән кураторы) жетекшілігімен оқу сабақтарының әдістемелік және техникалық қамтамасыз етілуін ұйымдастырады және жоспарлайды. Студенттердің оқулықтармен, арнайы, ғылыми әдебиеттермен, оқу құралдарымен жұмыс істеу дағдысын қалыптастырады, өз бетінше эксперимент жүргізуге, алынған нәтижелерді жинақтауға үйретеді.

Кафедрадағы зерттеу тақырыбы аясында ұйымдастырылатын семинарларға, мәжілістерге, конференцияларға, оның ішінде кафедрадан жіберілген жағдайда халықаралық конференцияларға қатысады. Жеке жоспар орындау туралы есепті дайындайды және ұсынады.

Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі нормаларын орындайды.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Ғылым туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын және басқа да білім беру жүйесінің қызметі мен дамуын реттейтін нормативтік құқықтық актілерін; білім беру жүйесін басқару теориясы мен әдістемесін; оқу жоспарларын дайындау тәртібін; оқу жұмыстарының құжаттарын жүргізу ережесін; кәсіби білім беру педагогикасын, физиологиясын, психологиясын және кәсіптік білім беру әдістемесін; студенттерге білім беру мен тәрбиелеудің қазіргі формалары мен әдістерін; экономика негіздерін, еңбек заңдарын; еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өрттен қорғау ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білімі, мамандығы бойынша еңбек өтілі кемінде 3 жыл және/немесе магистр академиялық дәрежесі.

Оқу зертханасының меңгерушісі

Лауазымдық міндеттері: Құрылымдық бөлімшенің жылдық жобаларын дайындап, басшылыққа ұсынады. Жоғары оқу орнының тақырыптық жоспарында бөлімше үшін қаралған жұмыстарды ұйымдастырып, бақылау жасап отырады, сәйкес білім салалары бойынша олардың даму мүмкіндігін айқындайды, зерттеу жүргізу әдістері мен құралдарын, бөлімше алдына қойылған ғылыми-техникалық міндеттерді шешу жолдарын таңдайды. Бөлімшенің перспективті және жылдық жұмыс жоспарларын әзірлейді, оларды жоғары оқу орнының басшылығына ұсынады. Елдің әлеуметтік-экономикалық саласының тиісті ғылым және техника өрісін дамыту жөнінде техникалық тапсырмалар, әдістемелік және жұмыс бағдарламалары, техникалық-экономикалық негіздемелер, болжамдар мен ұсынымдар, басқа да жоспарлар мен әдістемелік материалдар әзірлеуге жетекшілік жасайды.

Жоспарда көзделген тапсырмалардың орындалуына, бөлімше мамандары мен қоса атқарушылар орындаған жұмыстар сапасына бақылау жасайды. Нормативтік талаптардың сақталуын, құжаттар ресімдеудің кешенділігі мен сапалылығын, оны бекітілген тәртіпте келісімді қамтамасыз етеді. Бөлімше орындаған жұмыстар туралы есептерді бекітіп, оны қарауға ұсынады. Олардың нәтижелерін іс жүзінде қолдануды қамтамасыз етеді. Бөлімшенің жұмыс жүргізуіне қажетті жабдықтарға, материалдар мен басқа да ресурстарға сұранысын айқындайды, олардың сақталуын қамтамасыз ету шараларын жасайды.

Ғылыми-техникалық жетістіктерді патенттеу және өнертабыстар мен жаңашылдық ұсыныстарды тіркеуді қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастырады.

Бөлімше жұмысының тиімділігін арттыруды, мамандарды оңтайлы орналастыруды қамтамасыз етеді, мамандардың шығармашылық белсенділігін арттыру шараларын қабылдайды. Мамандардың біліктіліктерін жоғарылату жұмыстарын ұйымдастырады. Қызметкерлердің бөлімше жұмысының жалпы

нәтижесіне қосқан жеке еңбек үлесін ескере отырып, еңбекақы төлеу жөнінде кафедра меңгерушісіне ұсыныстар береді. Оқу зертханасының қызмет бағытын анықтайды, оның жұмысын ұйымдастырады, бақылау жасайды, олардың жұмыстарын үйлестіреді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Ғылым туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын және білім сұрақтарын реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерін; тиісті білім, ғылыми техника саласындағы мәселелерді; экономика даму бағыттарының түрлерін, осы мәселелерге қатысты отандық және шет елдік тәжірибелерді, ғылыми зерттеулер жүргізуді және енгізуді, ғылыми құрылғыларды, оның қолданылу ережелерін, ғылыми-техникалық құжаттарды ресімдеуді, құралдарға, материалдарға, басқа да ғылыми құрылғыларға тапсырма беруді, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын; экономика негіздерін; еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өрттен қорғау ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білімі, ғылыми және ұйымдастырушылық жұмыс тәжірибесі бес жылдан кем болмауы.

3. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінің педагог қызметкерлері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары

Ескерту. 3-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2011.06.09 N 241 (ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымының басшысы

Лауазымдық міндеттері: Қазақстан Республикасының заңнамасына және білім беру ұйымының жарғысына сәйкес оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік, әкімшілік-шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметіне басшылық жасайды.

Оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларын, оқу процесінің кестесін, ішкі тәртіп ережесін бекітеді. Білім беру ұйымының басқару құрылымын, штаттық кестесін, қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді. Білім алушылардың контингентін қалыптастырады, олардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етеді. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында қоғамдық тамақтандыру, медициналық қызмет көрсету ұйымдарының жұмыс істеу және олардың жұмысына бақылауды ұйымдастыру үшін қажетті жағдайлармен қамтамасыз етеді.

Жұмыс берушілермен және әлеуметтік әріптестермен жүргізілетін жұмысты үйлестіреді. Қолда бар мүліктер мен құралдарға билік жүргізеді, оқу-материалдық базаны толтыруды және оның есебі мен сақталуын, санитарлық-гигиеналық ережелер тәртібінің сақталуын қамтамасыз етеді. Материалдық-техникалық базаны қайта жарақтауды және қайта құруды ұйымдастырады. Педагогикалық кеңестің жұмысын басқарады. Білім беру ұйымының оқыту қызметінің саласын дұрыс ұстау және кеңейту мақсатында инновациялық білім технологияларын енгізуді және тартуды қамтамасыз етеді.

Кадрларды іріктеу мен орналастыруды жүзеге асырады, педагогикалық және тәрбие процесінің қажетті деңгейін қамтамасыз етеді, олардың біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру үшін жағдай жасайды.

Үздіксіз кәсіптік оқыту жөнінде білім беру ұйымдарымен бірлескен жұмыс бойынша жалпы басшылықты жүзеге асырады.

Жұртшылықпен байланысты қамтамасыз етеді, ата-аналармен (олардың орнын басушы адамдармен) жүргізілетін жұмысты үйлестіреді. Жоғары тұрған, қоғамдық және өзге де ұйымдарда білім беру ұйымының мүддесін білдіреді.

Әлеуметтік серіктестік және халықаралық ынтымақтастықты кеңейту жөніндегі шараларды жүзеге асырады. Уәкілетті органға (құрылтайшыға) оқу, ғылыми және қаржылық қызмет нәтижелері туралы жыл сайынғы есепті ұсынады. Еңбекті қорғау, техникалық қауіпсіздік жөніндегі заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілер талаптарын орындауды қамтамасыз етеді және қауіпсіз еңбек етуге

жағдай жасайды.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодекcін , Қазақстан Республикасының Салық Кодекcін , Қазақстан Республикасының "Білім туралы" , "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" , "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" , "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын, білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, білім алушылардың білім және тәрбие беру мәселелері бойынша басқа да нормативтік-құқықтық актілерін; педагогика және психология негіздерін, қазіргі педагогтік ғылым мен тәжірибе жетістіктерін; басқарудың инновациялық әдістерін; экономика негіздерін, қаржы-шаруашылық мәселелерін; құқық негіздерін, еңбек туралы заңнаманы, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы ережелер мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білім, білім беру ұйымындағы немесе оқу орнының бейініне сәйкес ұйымдарда басшы лауазымда еңбек өтілі 5 жылдан кем болмауы тиіс.

Басшының ғылыми және оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары

Лауазымдық міндеттері: Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес білім беру ұйымының ғылыми және оқу-әдістемелік жұмысын басқарады. Білім беру ұйымының ғылыми және оқу-әдістемелік жұмысын ұйымдастырады және жоспарлайды. Білім беру ұйымының әдістемелік ұсынымдарын әзірлеу, пәндік (циклдік) әдістемелік комиссия, ғылыми және оқу-әдістемелік жұмысы жөнінде есептік құжатты дайындау жөніндегі кафедралардың жұмыстарын ұйымдастыру мәселесін үйлестіреді.

Оқу процесін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді.

Педагог қызметкерлерге авторлық бағдарламаларын, оқулықтарын, оқу-әдістемелік әдебиеттерін әзірлеуде жәрдем көрсетеді, облыстық (қалалық) білім басқармаларының әдістемелік кабинеттерінің, баспалармен ғылыми және оқу-әдістемелік жұмыс жөнінде жинақтарды, нұсқаулықтарды және басқа да басылымдарды дайындау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады. Оқу және тәрбие процестерін жетілдіруді, оқытудың жаңа технологияларын әзірлеу және енгізуді, педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру және аттестаттау жөнінде жұмыстарды ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Оқу-әдістемелік базаның есебін, сақталуын және толықтырылуын қамтамасыз етеді.

Педагогикалық кадрларды іріктеу мен орналастыруға қатысады.

Ғылыми және оқу-әдістемелік жұмыстардың жай-күйін ұйымдастырады және талдайды, эксперименттік жұмыстардың нәтижелерін қорытындылайды. Оқытудың инновациялық әдістерін зерделейді, таратады және тәжірибеге енгізеді.

Оқу кабинеттерді, зертханаларды, шеберханаларды қазіргі жабдықтармен, көрнекі құралдармен және оқудың техникалық құралдарымен жарақтау, кітапханаларды оқу әдістемелік және көркем әдебиеттермен, баспасөз басылымдарымен толықтыру жөніндегі жұмыстарды қамтамасыз ету бойынша жұмыстарда жәрдем көрсетеді. Ғылыми және ғылыми-әдістемелік кеңестер, семинарлар, конференциялар өткізуді, білім алушылардың ғылыми қоғамдары жұмыстарын ұйымдастырады. Еңбекті қорғау, техникалық қауіпсіздік және өртке қарсы ережелер мен нормаларының талаптарын орындауды қамтамасыз етеді. Ғылыми және оқу-әдістемелік қызмет нәтижелері туралы есеп береді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодекcін , Қазақстан Республикасының Салық Кодекcін , Қазақстан Республикасының "Білім туралы" , "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" , "Ғылым туралы" , "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" , "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын, білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, білім алушылардың білім және тәрбие беру мәселелері бойынша басқа да нормативтік-құқықтық актілерін; педагогика және психология негіздерін, ғылым мен техника жетістіктерін; озық педагогтік тәжірибені меңгеру және шығармашылықта пайдалану; басқарудың инновациялық әдістерін; экономика, құқық негіздерін, еңбек туралы заңнаманы, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білім, оқу орнының бейініне сәйкес ұйымда басшы лауазымда еңбек өтілі 5 жылдан кем болмауы тиіс.

Басшының оқу ісі жөніндегі орынбасары

Лауазымдық міндеттері: Білім беру ұйымының қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, білім беру ұйымының жарғысына және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес басқарады.

Білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыруды, оқу жұмысын ұйымдастыру жөнінде жоспарларды әзірлеуді жүзеге асырады.

Білім беру ұйымдары жұмысының ағымдағы және стратегиялық жоспарлауын ұйымдастырады, оқу жоспарлары мен оқыту, үлгі оқу бағдарламаларын оқытушылардың орындауы бойынша жұмысын үйлестіреді, сондай-ақ оқу процесінің сапасын қамтамасыз ету үшін қажетті оқу-әдістемелік құжаттамаларды әзірлеуді ұйымдастырады, оны ұйымдастыруда жаңа тәсілдерді қамтамасыз етеді.

Оқу процесінің сапасын бақылауды, оқу жоспары мен бағдарламалардың орындалуын жүзеге асырады. Білім алушылардың ағымдағы бақылауын, аралық және қорытынды аттестаттауын өткізу және дайындау бойынша жұмыстарды ұйымдастыруды жүзеге асырады.

Педагогтік кадрларды іріктеу мен орналастыруға қатысады. Педагог кадрларды аттестаттаудан өткізу және дайындау жұмыстарына қатысады.

Оқу кабинеттерін қазіргі жабдықтармен, көрнекі құралдармен және оқытудың жаңа құралдарымен жарақтау жұмыстарын үйлестіреді. Практикаға оқытудың инновациялық технологияларын енгізуді зерделейді және таратады.

Еңбекті қорғау, техникалық қауіпсіздік және өртке қарсы ережелер мен нормаларының талаптарын орындауды қамтамасыз етеді. Оқу жұмысы жөніндегі есептілік құжаттарды уақытылы жасауды, олардың дұрыстығын және тапсырылуын қамтамасыз етеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексін , Қазақстан Республикасының Салық Кодексін , Қазақстан Республикасының "Білім туралы" , "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" , "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" , "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын, білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, білім алушылардың білім және тәрбие беру мәселелері бойынша басқа да нормативтік-құқықтық актілерін; педагогика және психология негіздерін, қазіргі заманғы педагогтік ғылым мен тәжірибе жетістіктерін; оқыту әдістерін және озық технологияларды; басқарудың инновациялық әдістерін; экономика негіздерін, еңбек туралы заңнаманы, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білім, басшы педагог лауазымындағы немесе оқу орнының бейініне сәйкес ұйымдарда еңбек өтілі 5 жылдан кем болмауы тиіс.

Басшының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары

Лауазымдық міндеттері: Білім беру ұйымдарында тәрбие процесін ұйымдастыруды жүзеге асырады.

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру жөнінде жоспарлар мен іс-шаралардың әзірленуін, кәсіби бағдар беру жұмыстарының ағымдағы және стратегиялық жоспарлануын қамтамасыз етеді, олардың орындалуына бақылау жасайды. Сынып жетекшілерінің, тәрбиешілердің, кітапханашылардың, өндірістік оқыту шеберлері мен дене тәрбиесі сауықтыру және көркемдік эстетикалық бағыттағы қосымша білім беру оқытушыларының қызметтерін үйлестіреді.

Тәрбие жұмысына талдау жасайды. Тәрбие жұмысы, мәдени-тәрбиелік іс-шараларды дайындау мен өткізу бойынша әдістемелік құжаттамаларды әзірлеу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады; тәрбие процесінің сапасына, үйірмелер, секциялар жұмыстарына және тәрбие жұмысының басқа да түрлеріне, девианттық мінез-құлықты балалармен жүргізілетін жеке тәрбие жұмысына жүйелі түрде бақылауды жүзеге асырады.

Тәрбие жұмысының мазмұнын, нысанын және әдістерін жетілдіреді. Білім алушыларға салауатты өмір салтын енгізу бойынша дене тәрбие процесін, спорттық-сауықтыру және әскери-патриоттық жұмыстарды дамытуды үйлестіру жөніндегі жұмысты жүзеге асырады.

Білім алушылардың патриоттық, азаматтық, интернационалдық, жоғары моральдық және имандылық

сезімін қалыптастыру, жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмысты жүзеге асырады.

Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалармен, тәрбиеленушілермен жұмысты ұйымдастырады, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғайды.

Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі жұмысты ұйымдастырады. Оқу-материалдық базаны нығайту жөнінде жұмыстарды ұйымдастыруды жүзеге асырады.

Жұртшылық және құқық қорғау органдары өкілдерімен, ата-аналармен және ата-аналар комитеттерімен тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдарының қызметтері мен құрылымдарының, әкімшілік өкілдерінің өзара іс-қимылын үйлестіреді. Білім беру ұйымындағы моральды-психологиялық қолайлы ахуалды қамтамасыз етеді. Еңбекті қорғау, техникалық қауіпсіздік және өртке қарсы ережелер мен нормаларының талаптарын орындауды қамтамасыз етеді. Тәрбие қызметінің нәтижелері туралы есеп береді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексін , Қазақстан Республикасының Салық Кодексін , Қазақстан Республикасының "Білім туралы" , "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" , "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" , "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын, білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, білім алушылардың білім және тәрбие беру мәселелері бойынша басқа да нормативтік-құқықтық актілерін; педагогика және психология негіздерін, қазіргі заманғы педагогтік ғылым мен тәжірибе жетістіктерін; басқарудың инновациялық әдістерін; тәрбиелеу процесінің тұжырымдамалық негізі және технологиясын, экономика, еңбек туралы заңнамалар негіздері, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білім және педагогикалық лауазымдарда немесе мамандығы бойынша еңбек өтілі 5 жылдан кем болмауы тиіс.

Басшының кәсіптік оқыту жөніндегі орынбасары

Лауазымдық міндеттері: Білім беру ұйымының педагогтік ұжымы қызметін кәсіптік оқыту бойынша ұйымдастырылуын және үйлестірілуін жүзеге асырады.

Жұмыстың тиісті бағыттарының кадрларын іріктеу мен орналастыруды жүзеге асырады, басшыға ұсынады, олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады.

Техникалық, қызмет көрсетуші және басқарушы еңбек мамандарының кәсіптік даярлауын, қайта даярлауын және біліктілігін арттыруын ұйымдастырады. Өндірістің қазіргі заманғы техникасы мен технологиясын зерделеуді, жаңа кабинеттерді құру және қолданыстағы оқу кабинеттерін, шеберханаларды, зертханаларды қайта жабдықтауды ұйымдастырады. Әлеуметтік серіктестіктермен жұмысты үйлестіреді.

Әлеуметтік серіктестіктермен жасалған келісім-шарттарды әзірлейді және іске асырылуына жауап береді.

Кадрларды даярлауды жетілдіру бойынша әлеуметтік серіктестіктермен бірлесіп жүргізетін эксперименттік жұмысты ұйымдастырады, бақылайды және талдайды.

Бітіруші курстардың білім алушыларының кәсіптік даярлығын бағалау бойынша біліктілік емтихандарын өткізуді ұйымдастыруды жүзеге асырады.

Кәсіптік оқыту және оқытудың инновациялық-дамытушылық элементтерін тәжірибеге енгізу жөнінде педагогтік тәжірибені айқындайды, жалпылайды және таратады.

Оқу-материалдық базаларды сақтау және толықтыру, есепті қамтамасыз ету бойынша жұмысты, шеберханаларда және кәсіптік зертханаларда санитариялық-гигиена режимдерін, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігін ұйымдастырады. Белгіленген есептілік құжаттарының уақытылы құрастырылуын қамтамасыз етеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексін , Қазақстан Республикасының Салық Кодексін , Қазақстан Республикасының "Білім туралы" , "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" , "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" , "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын, білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, білім алушылардың білім және тәрбие беру мәселелері бойынша басқа да

нормативтік-құқықтық актілерін; педагогика және психология негіздерін, кәсіптік оқыту жөніндегі ғылым мен тәжірибе жетістіктерін; басқарудың инновациялық әдістерін; экономика, еңбек туралы заңнамалар негіздері, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білім, оқу орнының бейініне сәйкес ұйымдарда еңбек өтілі 5 жылдан кем болмауы тиіс.

Басшының ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары

Лауазымдық міндеттері: Білім беру ұйымын ақпараттандыру процесін, оның ресурстық қамтамасыз етілуін, оқыту және басқару қызметінде ақпараттық және коммуникациялық технологиялар құралдарын пайдалануды іске асыруды ұйымдастырады. Оқу процесінде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды енгізеді және пайдаланады. Оқыту және басқару қызметінде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдалану мәселелері бойынша сыртқы ұйымдармен байланысты орнатады.

Жұмыстың тиісті бағыттарының кадрларын іріктеу мен орналастыруды жүзеге асырады, оларды басшыға ұсынады.

Ақпараттық технологияларды пайдалану мәселелері бойынша педагог және басқару кадрларын оқытуды ұйымдастырады. Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар саласында әдістемелік, зерттеу, тәжірибелік-эксперименттік және инновациялық жұмыс жүйесін ұйымдастырады және жоспарлайды.

Оқу-материалдық базаларды сақтауды қамтамасыз ету және толықтыру, қызмет көрсету, жөндеу және оның есебі бойынша жұмысты ұйымдастырады. Санитариялық-гигиена режимдері, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі ережелерінің сақтауды қамтамасыз етеді. Белгіленген есепті құжаттамаларды уақытында жасауды қамтамасыз етеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексін , Қазақстан Республикасының Салық Кодексін , Қазақстан Республикасының "Білім туралы" , "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" , "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" , "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын, білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, білім алушылардың білім және тәрбие беру мәселелері бойынша басқа да нормативтік-құқықтық актілерін; педагогика және психология негіздерін, ақпараттық технологиялар бойынша қазіргі заманғы ғылым және тәжірибе жетістіктерін; басқарудың инновациялық әдістерін; экономика, еңбек туралы заңнамалар негіздерін; еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білім және сәйкес мамандық бойынша еңбек өтілі 5 жылдан кем болмауы тиіс.

Басшының оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары

Ескерту. Кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2011.06.09 N 241 (ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Лауазымдық міндеттері: Оқу-өндірістік жұмысты жоспарлайды және үйлестіреді. Оқу-өндірістік, әдістемелік жұмысты бақылауды және талдауды жүзеге асырады. Сабақ кестесін жасауға арналған материалдарды дайындайды және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

Өндірістік оқыту кадрларын іріктеу мен орналастыруды жүзеге асырады, басшыға ұсынады, біліктілік пен кәсіби шеберлікті арттыруды ұйымдастырады.

Өндірістің қазіргі заманғы техникасы мен технологиясын зерделеуді, жаңа кабинеттерді құру және қолданыстағы оқу кабинеттерін, шеберханаларды, зертханаларды қайта жабдықтауды ұйымдастырады. Кәсіптік-техникалық цикл сабақтары мен пәндері бойынша әдістемелік бірлестіктер

мен әдістемелік комиссияның және оқу полигонының жұмысын үйлестіреді.

Өндірістік оқытудың аға шеберінің, өндірістік оқыту шеберінің, өндірістік, кәсіптік және диплом алдындағы тәжірибе жетекшісінің жұмысын басқарады, арнайы пәндер оқытушыларының жұмысын талдайды.

Білім беру ұйымдары түлектерінің қорытынды біліктілік емтихандарын ұйымдастыруын және өткізуін жүзеге асырады.

Оқытудың инновациялық-дамытушылық элементтерін зерделейді, таратады және тәжірибеге енгізеді. Оқу-материалдық базалардың есебін қамтамасыз ету, сақтау және толықтыру бойынша жұмысты, санитариялық-гигиена режимдері, шеберханаларда және өндірісте еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі ережелерін сақтауды ұйымдастырады. Белгіленген есепті құжаттамаларды уақытылы дайындауды қамтамасыз етеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексін , Қазақстан Республикасының Салық Кодексін , Қазақстан Республикасының "Білім туралы" , "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" , "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" , "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын, білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, білім алушылардың білім және тәрбие беру мәселелері бойынша басқа да нормативтік-құқықтық актілерін; педагогика және психология негіздерін, қазіргі заманғы ғылым және тәжірибе жетістіктерін; экономика, еңбек туралы заңнамалар негіздерін; еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі, білім беру ұйымдарындағы немесе оқу орнының бейініне сәйкес ұйымдардағы басшы қызметтегі еңбек өтілі кемінде 5 жыл болуы тиіс.

Оқу-әдістемелік бірлестігі басшысының орынбасары

Лауазымдық міндеттері: Қызметтің жетекшілік ететін бағыттарына сәйкес әдістемелік жұмысты тікелей басқаруды жүзеге асырады.

Әдістемелік кеңестің техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды, үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларын, оқу-әдістемелік құралдарды, оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен электронды оқулықтарды әзірлеуге қатысуын қамтамасыз етеді.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін жетілдіру бойынша конференциялар, семинарлар өткізуді ұйымдастырады.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің оқу пәндері бойынша оқу-әдістемелік құралдарды, оқытудың қазіргі заманғы технологияларын енгізу жөнінде ұсыныстар мен әдістемелік нұсқаулықтарды әзірлеу бойынша, қазіргі заманғы оқыту технологияларын енгізу бойынша ұсыныстар мен әдістемелік нұсқаулықтарды, білімді бақылау және оқу процесін ақпараттандыруды әзірлеу бойынша жұмыстарды ұйымдастыруды жүзеге асырады. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік жұмыстың қызметін ұйымдастыру тәжірибесін зерделеуді ұйымдастырады.

Білім алушылардың ғылыми-техникалық шығармашылығын ұйымдастыру, үздік курстық және дипломдық жобалар, мамандықтар бойынша кәсіптік шеберлік конкурстарын ұйымдастыру және өткізу тәжірибесін қорытындылайды.

Білім беру ұйымдары оқытушыларының республикада және шет елдерде ұқсас кәсіптер мен мамандықтар бойынша халықаралық, республикалық конференцияларға қатысуы және тағылымдамадан өтуі үшін ұсыныстар енгізеді.

Шеберханаларда және өндірісте санитариялық-гигиена режимдері, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі ережелерін сақтау бойынша жұмысты ұйымдастырады. Белгіленген есепті құжаттамаларды уақытылы дайындауды қамтамасыз етеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексін , Қазақстан Республикасының Салық Кодексін , Қазақстан Республикасының "Білім туралы" , "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" , "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" , "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын, білім беруді дамытудың мемлекеттік

бағдарламаларын, білім алушылардың білім және тәрбие беру мәселелері бойынша басқа да нормативтік-құқықтық актілерін; педагогика және психология негіздерін, басқарудың инновациялық әдістерін, әдістемелік және ақпараттық материалдарды жүйелеу принциптерін, оқу-бағдарламалық құжаттарды әзірлеу принциптері мен тәртіптерін, қазіргі заманғы педагогтік ғылым және тәжірибе жетістіктерін; экономика, еңбек туралы заңнамалар негіздерін; еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білім және білім беру ұйымының бейініне сәйкес ұйымдарындағы еңбек өтілі 5 жылдан кем болмауы тиіс.

Оқу-әдістемелік бірлестігінің әдіскері

Лауазымдық міндеттері: Білім беру ұйымы оқу-әдістемелік бірлестігінің оқу-әдістемелік жұмыстарын жүзеге асырады және талдайды. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды, үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларын, оқу-әдістемелік құралдарды, оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен электронды оқулықтарды әзірлеу бойынша жұмыстарды ұйымдастырады. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін жетілдіру жөнінде конференциялар, семинарлар, оқытушылардың біліктілігін арттыру мен қайта даярлау курстарын өткізеді. Озық педагогикалық тәжірибелерді айқындайды және қорытындылайды, оқытудың инновациялық-дамытушылық элементтерін, үздік жаңашыл педагогтардың жұмыс тәжірибелерін практикаға енгізеді, педагогикалық қызметкерлерге авторлық бағдарламалар, оқулықтар мен оқу-әдістемелік әдебиеттер әзірлеуге жәрдемдеседі.

Жастар мен жұмыспен қамтылмаған халықтың арасында кәсіптік бағдарлау жұмыстарды ұйымдастыру жөнінде нұсқаулықтар әзірлейді. Оқу-әдістемелік әдебиетпен, оқытудың педагогикалық құралдарымен, оқу-зертханалық жабдықтармен, оқытудың қазіргі заманғы құрал-жабдықтармен қамтылуын бағалау жағдайы туралы аналитикалық материалдарды әзірлеуге қатысады. Оқыту бағдарламалар мәліметтерінің ақпараттық банкіні құруын, мамандарды даярлау сапасының мониторингісін ұйымдастырады. Шеберханаларда және өндірісте санитариялық-гигиена режимдері, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі ережелерін сақтау бойынша жұмысты ұйымдастырады. Белгіленген есепті құжаттамаларды уақытылы дайындауды қамтамасыз етеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын, білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, білім алушылардың білім және тәрбие беру мәселелері бойынша басқа да нормативтік-құқықтық актілерін; дидактика принциптерін, педагогика және жастық психология негіздерін, басқарудың инновациялық әдістерін, әдістемелік және ақпараттық материалдарды жүйелеу принциптерін, баспалармен жұмыстың негіздерін, оқу-бағдарламалық құжаттарды әзірлеу принциптері мен тәртіптерін; экономика, еңбек туралы заңнамалар негіздерін; еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білім және техникалық және кәсіптік білім беру ұйымының әдіскері лауазымда еңбек өтілі 3 жылдан кем болмауы тиіс.

Әдіскер

Лауазымдық міндеттері: Білім беру ұйымының оқу-әдістемелік жұмыстарын ұйымдастырады және талдайды. Озық педагогикалық тәжірибелерді анықтау, жалпылау және енгізу бойынша білім беру ұйымының әдістемелік және циклдік комиссиясы, кафедрасының жұмысын үйлестіреді. Оқу-әдістемелік құжаттамаларды дайындау жөніндегі жұмысты бақылайды, оқу-жоспарлау құжаттамаларын жасауға қатысады.

Білім беру ұйымының әдістемелік, пәндік және циклдік комиссиясының, кафедраның жұмысына басшылық жасайды. Озық педагогикалық тәжірибелерді анықтайды және қорытындылайды, оқытудың инновациялық-дамытушылық элементтерін, үздік жаңашыл педагогтардың жұмыс тәжірибелерін практикаға енгізуге, педагогикалық қызметкерлерге авторлық бағдарламалар, оқулықтар мен

оқу-әдістемелік әдебиеттер әзірлеуге жәрдемдеседі. Білім процестері мен әдістемелік жұмыстардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлейді. Семинарлар, конференциялар, оқытушылардың біліктілігін арттыру мен қайта даярлау курстарын өткізу және дайындау жұмыстарына қатысады. Ашық сабақтар өткізуді және оларды талдауды ұйымдастырады. Әдістемелік кабинетті жабдықтармен, көрнекі құралдармен жабдықтауды қамтамасыз етеді. Шеберханаларда және өндірісте санитариялық-гигиена режимдері, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі ережелерін сақтау бойынша жұмысты ұйымдастырады. Белгіленген есепті құжаттамаларды уақытылы дайындауды қамтамасыз етеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының "Білім туралы" , "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" , "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" , "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын, білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, білім алушылардың білім және тәрбие беру мәселелері бойынша басқа да нормативтік-құқықтық актілерін; педагогика және жастық психология негіздерін, басқарудың инновациялық әдістерін, әдістемелік және ақпараттық материалдарды жүйелеу принциптерін, баспалармен жұмыс негіздерін, оқу-бағдарламалық құжаттарды әзірлеудің принциптері мен тәртібін; экономика, еңбек туралы заңнамалар негіздерін; еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білім және білім беру ұйымдағы еңбек өтілі 5 жылдан кем болмауы тиіс.

Бөлімше меңгерушісі

Лауазымдық міндеттері: Бөлімшедегі оқу және тәрбие жұмысын ұйымдастыруды және тікелей басқаруды жүзеге асырады. Оқу жоспарлары мен бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етеді. Сабақ кестесін жасауға арналған материалдарды дайындайды және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады. Оқу пәндерінің оқыту сапасын қамтамасыз етеді және бақылайды. Педагогикалық (әдістемелік) кеңесте қарастыру үшін материалдарды дайындауды қамтамасыз етеді. Кәсіптік бағдарлау жұмыстарын өткізуге қатысады, білім алушылар контингентін сақтау жөнінде шаралар қолданады. Жаңа оқу жылына, семестрдің, емтихан сессиясының басталуына дайындық бойынша жұмысты ұйымдастырады. Оқытушылардың есептілікті уақытында жасауын, қолданыстағы нормаларға сәйкес құжаттамаларды жүргізуді қамтамасыз етеді. Оқу-материалдық базалардың дамуы мен нығайтын, жабдықтар мен мүкәммалдардың сақталуын, санитарлық-гигиеналық талаптардың, еңбекті қорғау ережелерін қамтамасыз етеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының "Білім туралы" , "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" , "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" , "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын, білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, білім алушылардың білім және тәрбие беру мәселелері бойынша басқа да нормативтік-құқықтық актілерін; қазіргі заманғы педагогтік ғылым және тәжірибе жетістіктерін; социология, физиология, гигиена негіздерін; басқарудың инновациялық әдістерін, экономика, еңбек туралы заңнамалар негіздерін; еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білім және педагогикалық лауазымдағы өтілі 5 жылдан кем болмауы тиіс.

Оқу бөлімінің меңгерушісі

Лауазымдық міндеттері: Педагогтік ұжым қызметінің ағымдағы және болашақтағы жоспарлауын ұйымдастырады. Оқытушылардың, тәрбиешілердің, өндірістік оқыту шеберлерінің және басқа да педагог жұмыскерлердің оқу жоспарлары мен бағдарламаларын орындау жөнінде жұмысын, сонымен қатар қажетті әдістемелік құжаттарды әзірлеуді үйлестіреді. Білім алушылардың оқу жүктемесінің орындалуын, білім беру ұйымының сабақ кестесін жасау үшін материалдардың дайындалуын және олардың орындалуының бақылауын жүзеге асырады. Оқыту процесінің сапасын бақылауды және білім алушылардың білім алу даярлығының нәтижесін бағалаудың ақиқаттығын жүзеге асырады. Педагог

жұмыскерлерге инновациялық бағдарламалар мен технологияларды зерделеу және әзірлеуге көмек көрсетеді. Педагогикалық (әдістемелік) кеңесте қарастыру үшін материалдарды дайындауды қамтамасыз етеді. Кәсіптік бағдарлау жұмыстарын өткізуге қатысады, білім алушылар контингентін сақтау жөнінде шаралар қолданады.

Оқу-материалдық базаларды нығайту бойынша, оқу кабинеттерін қазіргі жабдықтармен, көрнекі құралдармен және оқытудың техникалық құралдарымен жарақтау бойынша шаралар қолданады. Шеберханаларда және кәсіптік зертханаларда санитариялық-гигиена режимдерін, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігін ұйымдастырады.

Жабдықтар мен мүкәммалдардың сақталуын, санитарлық-гигиеналық талаптардың, еңбекті қорғау ережелерінің сақталуын қамтамасыз етеді.

Оқытушылардың есептілікті уақытында жасауын, қолданыстағы нормаларға сәйкес құжаттамаларды жүргізуді қамтамасыз етеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын, білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, білім алушылардың білім және тәрбие беру мәселелері бойынша басқа да нормативтік-құқықтық актілерін; қазіргі заманғы педагогтік ғылым және тәжірибе жетістіктерін; социология, физиология, гигиена негіздерін; білім беру жүйесін басқарудың теориясы мен әдістерін, экономика, еңбек туралы заңнамалар негіздерін; еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білім және педагогикалық лауазымдағы өтілі 5 жылдан кем болмауы тиіс.

Жалпы білім беретін пәндердің оқытушысы

Ескерту. Кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2011.06.09 N 241 (ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Лауазымдық міндеттері: Оқу және тәрбие жұмысын ұйымдастырады және өткізеді. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқытылатын пәндерді ескере отырып, оқушыларды тәрбиелеу мен оқытуды жүзеге асырады. Білім алушылардың жеке басының жалпы мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді, жеке қабілеттерінің дамуына жәрдемдеседі және айқындайды. Оқытудың анағұрлым тиімді формаларын, әдістерін және құралдарын, жаңа педагогтік құралдарды қолданады. Білім алушылардың сапалы білім, білік пен дағды алуларын қамтамасыз етеді. Оқу процесінің жоспары мен кестесіне сәйкес оқыту бағдарламаларын әзірлеуге және орындауға қатысады. Оқыту процесі кезінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді. Жабдықтарды пайдалану кезінде техника қауіпсіздігінің талаптарын орындайды.

Бастауыш әскери дайындықтың (БӘД) оқытушы -ұйымдастырушысы үшін қосымша:

Лауазымдық міндеттері: Оқытушылардың әскери-патриоттық тәрбиесін ұйымдастырады. Басшының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарымен, сынып-жетекшілерімен бірлесе отырып, оқу жылына арналған әскери-патриоттық жұмыстардың жоспарын әзірлейді және оның орындалуын қамтамасыз етеді. Білім беру ұйымдарындағы бастауыш әскери дайындықтың материалдық базасын дамыту мен нығайту, жабдықтар мен мүліктердің сақталуы, санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау бойынша шаралар қолданады. Әскери істің негіздерін оқып-үйрену жөніндегі үйірмелерді басқарады, төтенше жағдайлар кезінде әрекет етуге арналған практикалық сабақтар мен жаттығулар өткізеді. Білім беру ұйымдарында азаматтық қорғаныс бойынша сабақтар өткізеді, төтенше жағдайлардағы әрекеттер бойынша іс-шараларды жасайды, қорғаныс ғимараттарының дайындығын төтенше жағдайларда азаматтық қорғаныстың жеке құралдарымен қамтамасыз етеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы"

заңдарын, Қазақстан Республикасы азаматтарының әскери есеп мәселелері бойынша нормативтік-құқықтық актілерін, білім алушыларға білім және тәрбие беру мәселелері бойынша нормативтік-құқықтық актілерін, ғылыми-әдістемелік, ұйымдастыру-басқару мәселелерін шешу үшін қажетті көлемде жалпы теориялық пәндер негіздерін; педагогика, психология жастық физиология, гигиена негіздерін; тәрбие жұмысы мен оқытылатын пәннің әдістемесін, оқу жоспарлары мен бағдарламаларын; оқу кабинетін жарақтау мен жабдықтау талаптарын; оқу құралдары мен олардың дидактикалық мүмкіндігі; педагогтік ғылымның дамуының негізгі бағыттарын.

Біліктілікке қойылатын талаптар: біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі болуы тиіс және жұмыс өтіліне талап қойылмайды;

біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ оқытушыға қойылатын жалпы талаптарға жауап береді, пәнді оқыту әдістемесін өз бетінше әзірлей біледі, белсенді оқыту нысаны мен әдісін қолдана біледі, білім алушылармен диагностикалық жұмысты ұйымдастыра біледі; оқу-тәрбие процесінде тұрақты оң нәтижелерді қамтамасыз етеді, шығармашылық топ, әдістемелік бірлестіктер, білім беру мекемесінің шеңберінде үздік тәжірибесі бар мектептердің жұмысына белсенді қатысады.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі және оқытушылық лауазымындағы еңбек өтілі кемінде 3 жыл;

біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты оқытушыға қойылатын жалпы талаптарға жауап береді, пәнді оқыту әдістемесін өз бетінше әзірлей біледі, шығармашылық семинарларды, шығармашылық топтардың жұмысын басқара біледі, өз жұмысында озық педагогикалық тәжірибені қолдана біледі, жаңа білім беру бағдарламалары, оқулықтар мен оқу-әдістемелерді енгізу жөніндегі жұмыстарға белсене қатысады.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі және оқытушылық лауазымындағы еңбек өтілі кемінде 4 жыл немесе бейіні бойынша ғылым кандидаты ғылыми дәрежесінің болуы тиіс және жұмыс өтіліне талап қойылмайды;

біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты оқытушыға қойылатын жалпы талаптарға жауап береді, жаңа оқу бағдарламаларын, педагогикалық технологияларды, оқыту, тәрбиелеу әдісін әзірлей біледі, оларды сынақтан өткізу жұмыстарын жүргізеді; өз пәні бойынша эксперименттік тапсырмаларды құрай біледі, оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша авторлық әзірлемелері болады, білім саласындағы өзекті проблемаларды әзірлеу жөніндегі шығармашылық топтарды басқара біледі.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі және оқытушы лауазымындағы еңбек өтілі кемінде 5 жыл болуы, немесе ғылым кандидаты ғылыми дәрежесінің болуы және оқытушы лауазымындағы еңбек өтілі кемінде 1 жыл болуы немесе ғылым докторы ғылыми дәрежесінің болуы тиіс және жұмыс өтіліне талап қойылмайды.

Педагог-психолог

Лауазымдық міндеттері: Білім алушылардың психикалық және әлеуметтік амандығын сақтауға бағытталған кәсіптік қызметін жүзеге асырады. Әр түрлі бейінді және бағыттарда психология-педагогикалық диагностика өткізеді. Білім алушылардың жеке тұлғасы мен әлеуметтік мәселелерін шешуге педагогикалық ұжымын бағдарлау мақсатында психология-педагогикалық қорытынды шығарады және оны талдайды. Білім алушылардың жеке және жас ерекшеліктерін есепке ала отырып, білім беру қызметінің дамыту және түзету бағдарламаларын жоспарлауға және әзірлеуге қатысады. Білім алушыларға психологиялық қолдау көрсетуді жүзеге асырады, өмірлік және кәсіптік тағдырын өзі шешу де әртүрлі жағдайларда бағдарлануға олардың дайын болуын дамытуға жәрдем етеді. Әлеуметтік дизадаптацияның пайда болуын алдын алу іс-шараларын жүзеге асырады, психологиялық көмек көрсету жөнінде шаралар қабылдайды (психокоррекциялық, сауықтыру және консультациялық). Психологияны практикалық қолдану мәселелері жөнінде педагогтарға кеңес береді, педагогтардың, ата-аналардың әлеуметтік-психологиялық құзыретін арттыруға жәрдем етеді. Оқыту процесі кезінде

білім алушылардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді. Техника қауіпсіздігі мен өртке қарсы қорғау талаптарын орындайды. Есептілік құжаттамаларды белгіленген нысан бойынша жүргізеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының "Білім туралы" , " Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы ", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Заңдарын, педагогика және психология теориясын, жастық физиологиясын, гигиенасын, белсенді оқытудың әдістерін, қарым-қатынастың әлеуметтік-психологиялық тренингісін, оқу жоспарлары мен бағдарламаларын; педагогтік ғылымның дамуы мен жетістіктерінің негізгі бағыттарын; экономика, еңбек туралы заңнамалар негіздерін; еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар: "Психология" мамандығы бойынша жоғары білімі немесе бейін бойынша медициналық жоғары білімі.

Аға шебері

Лауазымдық міндеттері: Техникалық шығармашылық үйірмелер жетекшілерінің, өндірістік оқыту сабақтарының кәсіби жоғары деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі өндірістік оқыту шеберлерінің әдістемелік жұмыстарын үйлестіреді, нұсқау беру, жеке әдістемелік жұмыстар жүргізеді. Өндірістік оқытудың мазмұнын, нысанын және әдістемесін жетілдіру бойынша жұмысты ұйымдастырады. Оқытудың инновациялық, дамытушылық элементтерін, өндірістік оқытудың үздік шеберлері жұмысының жаңа техникалық жетістіктерін және озық әдістерін практикаға енгізеді және таратады, зерделейді. Өндірістік оқыту шеберлерінің біліктілігін арттыруды ұйымдастырады.

Оқу шеберханаларын жабдықтармен, материалдармен, аспаптармен, техникалық құралдармен, көрнекі құралдармен жарақтау жөніндегі жұмыстарын, станоктарды, машиналарды, жабдықтарды, аспаптарды, қарапайым құралдарды баптау және жөндеуін ұйымдастырады. Білім беру ұйымдарының кәсіптік қызметін ұйымдастырады. Электрлік жабдықтарды уақытында сынақтан өткізуді, электр тартылымы мен жермен қосудың жай-күйін, шеберханалар мен жабдықтардың қауіпсіз жай-күйін, оқу шеберханаларындағы, зертханалардағы, цехтардағы техника қауіпсіздігі, санитарлық-гигиеналық ережелердің талаптарын сақтауды қамтамасыз етеді.

Техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаманың өткізілуіне бақылауды жүзеге асырады. Өндірістік оқыту журналдарының жүргізілуін бақылайды, қажетті есептерді ұсынады. Білім алушылардың өндірістік жұмыстарының орындалу нәтижелерін талдайды. Оқыту процесі кезінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді. Техника қауіпсіздігі мен өртке қарсы қорғау талаптарын орындайды. Есептілік құжаттамаларды белгіленген нысан бойынша жүргізеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының және білім алушыларға білім және тәрбие беру мәселелері бойынша нормативтік-құқықтық актілерін, педагогика, психология, физиология, гигиена негіздерін, жұмыстың технологиялық процестерін, жабдықтарда жұмыс істеудің әдістері мен тәсілдерін, жаңаша техникалық жетістіктерін; экономика, еңбек туралы заңнамалар негіздерін; еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білім немесе техникалық және кәсіптік білім (арнайы орта, кәсіптік орта) орта буын маманы біліктілігімен және ұйымдарында жетекші лауазымдағы білім беру ұйымының бейініне сәйкес ұйымдарда еңбек өтілі 3 жылдан кем болмауы тиіс.

Оқу өндірістік (оқу) шеберхананың меңгерушісі

Лауазымдық міндеттері: Шеберхана қызметін басқарады, өндірістік оқыту бойынша оқу кестесінің сақталуын қамтамасыз етеді. Шеберхананы оқу процесі үшін қажетті жабдықтармен, материалдармен, аспаптармен, оқытудың техникалық құралдарымен, көрнекі құралдармен қамтамасыз етеді, сақтауға мүлктік материалдық құндылықтарды қабылдайды. Белгіленген тәртіппен олардың есебі мен есептілігін жүргізеді; жабдықтарды, аспаптар мен қарапайым құралдарды сабаққа дайындауды ұйымдастырады. Шеберхана мен қолда бар жабдықтарды, оқыту құралдарын дұрыс, әрі

тиімді пайдалануды, арнайы киімдерді қолдану мен пайдалану ережелерін сақтауды қамтамасыз етеді. Станоктарды, машиналарды, жабдықтарды, аспаптарды, қарапайым құралдарды баптау мен жөндеуді ұйымдастырады, өндірістік оқыту сабақтарында техника қауіпсіздігі бойынша нұсқама өткізуді оқу-өндірістік шеберлерімен бірлесіп бақылайды.

Оқыту процесі кезінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді. Техника қауіпсіздігі мен өртке қарсы қорғау талаптарын орындайды.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңын , педагогика негіздерін, кәсіптік оқытудың әдістерін, жұмыстың технологиялық процестерін, жабдықтарда жұмыс істеудің әдістері мен тәсілдерін, жаңаша техникалық жетістіктерін; санитария мен гигиена негіздерін; экономика және қаржы-шаруашылық қызметінің негіздерін, еңбек туралы заңнамалар негіздерін; еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білім еңбек өтіліне қойылатын талаптарды көрсетпей немесе техникалық және кәсіптік білім (арнайы орта, кәсіптік орта) орта буын маманы біліктілігімен білім беру ұйымының бейініне сәйкес ұйымдарда еңбек өтілі 5 жылдан кем болмауы тиіс.

Арнайы пән оқытушысы

Ескерту. Кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2011.06.09 N 241 (ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Лауазымдық міндеттері: Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес оқу жоспарлары мен бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етеді. Білім алушылардың оқуын әдістемелік ғылыми деңгейде өткізеді, олардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастырады және бақылайды.

Оқу жоспарына және оқу процесінің кестесіне сәйкес оқыту бағдарламаларын әзірлеу және орындауға қатысады, білім алушылардың білім сапасына жауап береді. Оқу процесін жетілдіру жөнінде ұсыныс жасайды.

Білім алушылардың жеке қабілеттерін, мүдделерін және бейімділіктерін зерделейді.

Білім алушыларда кәсіптік шеберліктер мен дағдыларды қалыптастырады, алған білімдерді тәжірибелік қызметте қолдануға оларды дайындайды, бітірушілерді даярлаудың сапасын қамтамасыз етеді.

Оқыту процесі кезінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді. Техника қауіпсіздігі мен өртке қарсы қорғау талаптарын орындайды.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының "Білім туралы" , "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" , "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" заңдарын, педагогика және психология негіздерін, пәннің мазмұны және оны тәжірибеде пайдалануды; жұмыстың технологиялық процестерін және мамандық бейіні бойынша жұмыстың тәсілдерін; экономика және өндірісті ұйымдастыру мен басқару негіздерін; еңбек туралы заңнамалар негіздерін; білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеудің нысандары, әдістері және алдыңғы қатарлы технологияларын; еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар: біліктілігі жоғары деңгейдегі маман: бейіні бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі болуы тиіс, жұмыс өтіліне талап қойылмайды; біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ оқытушыға қойылатын талаптарға жауап береді, өз бетінше пәнді оқыту әдістемесін әзірлей біледі, белсенді оқытудың нысандары мен әдістерін пайдаланады, білім алушылармен диагностикалық жұмыстарды ұйымдастыра біледі; оқу-тәрбие жұмыстарындағы тұрақты оң нәтижелерді қамтамасыз етеді, білім беру мекемесі шеңберінде шығармашылық топтардың, әдістемелік бірлестіктердің, озат тәжірибе мектебінің жұмыстарына белсене қатысады.

Біліктілікке қойылатын талаптар: бейіні бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі және оқытушы лауазымындағы еңбек өтілі кемінде 3 жыл болуы немесе бейіні бойынша өндірістік өтілі кемінде 2 жыл болуы тиіс;

біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты оқытушыға қойылатын талаптарға жауап береді, пән бойынша оқу-әдістемелік жұмыстарды талдау әдістемесін меңгереді, оқытудың жеке бағдарламасын құрастырады және іске асырады, шығармашылық семинарларды, шығармашылық топтардың жұмысын басқара біледі, өзінің жұмысында озық педагогикалық тәжірибені пайдаланады, жаңа білім беру бағдарламаларын, оқулықтарды, оқу құралдарын енгізу жұмыстарына қатысады.

Біліктілікке қойылатын талаптар: бейіні бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі және оқытушы лауазымындағы еңбек өтілі кемінде 4 жыл болуы немесе бейіні бойынша өндірістік өтілі кемінде 3 жыл болуы немесе ғылым кандидаты ғылыми дәрежесінің болуы тиіс және жұмыс өтіліне талап қойылмайды;

біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты оқытушыға қойылатын талаптарға жауап береді, жаңа оқу бағдарламаларын, педагогикалық технологияларды, оқыту және тәрбиелеу әдістемелерін әзірлейді; оларды апробациялау жұмыстарын жүргізеді; өзінің пәнінен эксперименттік тапсырмаларды құрастырады, оқыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша авторлық әзірлемелері болады, білім беру саласындағы өзекті мәселелерді әзірлеу жөніндегі шығармашылық топтарға жетекшілік жасай біледі.

Біліктілікке қойылатын талаптар: бейіні бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі және оқытушы лауазымындағы еңбек өтілі немесе бейіні бойынша өндірістік өтілі кемінде 5 жыл болуы; немесе ғылым кандидаты дәрежесінің болуы және оқытушы лауазымындағы еңбек өтілі кемінде 1 жыл болуы немесе ғылым докторы ғылыми дәрежесі болуы тиіс және жұмыс өтіліне талап қойылмайды.

Өндірістік оқыту шебері

Ескерту. Кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2011.06.09 N 241 (ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Лауазымдық міндеттері: Өндірістік оқыту бойынша практикалық сабақтар мен оқу-өндірістік жұмыстарды, кәсіпорындарда кәсіптік тәжірибені ұйымдастырады және білім алушылардың тәрбие жұмысын өткізеді және олардың топтарда орындалуын қамтамасыз етеді. Сабақтарға құрал-саймандар мен тиісті жабдықтарды дайындайды, материалдық базаны жетілдіреді. Білім алушыларды еңбек қауіпсіздігін сақтауды, жұмыстарды орындаудың, жабдықтарды пайдалану мен қызмет көрсетудің, еңбек ұйымдарының озат нысандарын, материалдық және энергетикалық ресурстарды ұқыпты жұмсаудың тиімді тәсілдері мен амалдарына үйретеді.

Оқу (өндірістік) практикасын өткізу жөнінде әлеуметтік серіктестіктермен жұмысқа қатысады. Білім алушыларды білікті жұмыстарды орындауға және біліктілік емтиханын тапсыруға дайындайды. Өндірістік оқытуды және кәсіптік тәжірибені жоспарлау, есепке алу және есеп беру, топта тәрбие жұмысын жоспарлау, есепке алу және есеп беру жөніндегі құжаттамаларды жүргізеді. Оқу шеберханаларын жабдықтармен және аспаптармен, материалдармен, қосалқы бөлшектермен және оқыту құралдарымен уақытында қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолданады. Технологиялық құжаттамаларды, сызбаларды, нобайларды, эталондарды дайындайды.

Оқу процесінде ғылыми-әдістемелік ұсынымдарды, озат педагогикалық және өндірістік тәжірибелерді қолданады.

Білім алушылардың еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, өндірістік санитария талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді. Техника қауіпсіздігі бойынша нұсқамалар өткізеді. Әдістемелік комиссия, бірлестіктердің жұмысына қатысады.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" заңдарын және кәсіптік

оқыту мәселелері бойынша басқа да нормативтік-құқықтық актілерін; өндірістік оқыту бойынша оқу бағдарламаларын; өндіріс технологиясын, жабдықтарын, оларды техникалық пайдалану техникасы мен ережесін; педагогика, психология, білім алушыларды кәсіптік оқыту мен тәрбиелеудің әдістемелерінің негіздерін; экономика, еңбек туралы заңнамалар негіздерін; еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы ережелерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: біліктілігі жоғары деңгейдегі маман: бейіні бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі болуы тиіс, жұмыс өтіліне талап қойылмайды.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ өндірістік оқыту шеберіне қойылатын талаптарға жауап береді, білім алушыларға берілетін кәсіптік біліктіліктің деңгейіне қарағанда едәуір жоғары деңгейдегі біліктілігі бар екенін растайды, оқу-өндірістік процесті кешенді әдістемелік қамтамасыз ету міндеттерін белсенді түрде шеше біледі.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі және аталған лауазымдағы еңбек өтілі кемінде 2 жыл болуы немесе бейіні бойынша өндірістік өтілі кемінде 1 жыл болуы тиіс;

біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты өндірістік оқыту шеберіне қойылатын талаптарға жауап береді, әдістемелік комиссиялардың, секциялардың жұмысына тікелей қатысады.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі және аталған лауазымдағы еңбек өтілі кемінде 3 жыл болуы немесе бейіні бойынша өндірістік өтілі кемінде 2 жыл болуы тиіс;

біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты өндірістік оқыту шеберіне қойылатын талаптарға жауап береді, кәсіптік оқудың жеке әдістемелерін әзірлей біледі, апробациялау жұмыстарын жүргізеді; озық тәжірибені жинақтайды, жаңа оқыту бағдарламалары мен технологияларын енгізуге қатысады.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі және аталған лауазымдағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл болуы немесе бейіні бойынша өндірістік өтілі кемінде 3 жыл болуы тиіс;

біліктілігі орта деңгейдегі маман: техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) білімі;

біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты маман:

біліктілігі орта деңгейдегі санаты жоқ маманға қойылатын талаптарға жауап береді, білім алушыларға берілетін кәсіптік біліктіліктің деңгейіне қарағанда едәуір жоғары деңгейдегі біліктілігі бар екенін растайды, оқу-өндірістік процесті кешенді әдістемелік қамтамасыз ету міндеттерін белсенді түрде шеше біледі.

Біліктілікке қойылатын талаптар: техникалық және кәсіптік білімі (арнаулы орта, кәсіптік орта) орта буын маманы біліктілігімен және аталған лауазымдағы еңбек өтілі кемінде 2 жыл болуы немесе бейіні бойынша өндірістік өтілі кемінде 1 жыл болуы тиіс;

біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты маман:

біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты маманға қойылатын талаптарға жауап береді, әдістемелік комиссиялардың, секциялардың жұмысына тікелей қатысады.

Біліктілікке қойылатын талаптар: техникалық және кәсіптік білімі (арнаулы орта, кәсіптік орта) орта буын маманы біліктілігімен және аталған лауазымдағы еңбек өтілі кемінде 3 жыл болуы немесе бейіні бойынша өндірістік өтілі кемінде 2 жыл болуы тиіс;

біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты маман:

біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты маманға қойылатын талаптарға жауап береді, кәсіптік оқудың жеке әдістемелерін әзірлеуге қатысады, сынақтамадан өткізу жұмыстарын жүргізеді; озық тәжірибені жинақтайды, жаңа оқыту бағдарламалары мен технологияларын енгізуге қатысады.

Біліктілікке қойылатын талаптар: техникалық және кәсіптік (арнаулы орта, кәсіптік орта) білімі орта буын маманы біліктілігімен және аталған лауазымдағы еңбек өтілі кемінде 5 жыл болуы немесе бейіні бойынша өндірістік өтілі кемінде 3 жыл болуы тиіс.

Жатақхана тәрбиешісі

Лауазымдық міндеттері: Сыныптан тыс тәрбие және мәдени-көпшілік жұмыстарын жатақхана өткізеді және ұйымдастырады. Жатақхананың жалпы тәрбиелеу процесінде педагогтік талаптардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

Тәрбие жұмысының мазмұнын, нысанын және әдістерін жетілдіреді. Дене тәрбиесі процесінің, спорттық-сауықтыру және әскери-патриоттық тәрбиесі жұмысының дамуын үйлестіру жөнінде, білім алушыларға салауатты өмір салтының ережелерін енгізу жөнінде жұмысты жүзеге асырады.

Бала құқығын іске асыруға ықпал етеді, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған тәрбиеленушілермен жұмысты ұйымдастырады, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғайды. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі жұмысты ұйымдастырады. Сыныптан тыс жатақханаларға қатысты оқу-материалдық базаларды нығайту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады.

Ата-аналармен немесе қамқоршылармен қарым-қатынасты үзбей жалғастырады. Білім алушылармен жеке жұмыс жүргізеді.

Білім алушылардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді.

Еңбекті қорғау мен техника қауіпсіздігі және өртке қарсы қорғау ережелерінің талаптарын орындайды.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" заңдарын, педагогика және психология негіздері, экономика, еңбек туралы заңнамалар негіздерін; еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы қорғау ережелерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білім немесе техникалық және кәсіптік білім (арнайы орта, кәсіптік орта) орта буын маманы біліктілігімен.

4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру жүйесінің, интернаттық және қосымша білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының біліктілік сипаттамасы

Ескерту. 4-бөлім жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 27.12.2013 № 512 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымының басшысы (меңгерушісі)

Лауазымдық міндеттері: нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мектепке дейінгі оқыту және тәрбие ұйымның (бұдан әрі – МДҰ) қызметін басқарады. Педагогикалық кеңеспен бірге белгіленген тәртіппен оқу жұмыс жоспарларын, негізгі (вариативті, авторлық), қосымша мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларын, ішкі тәртіп ережелерін әзірлеу мен бекітуді ұйымдастырады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламаларының іске асырылуын қамтамасыз етеді, оқу-тәрбие процесі барысында білім беру ұйымдарының тәрбиеленушілері мен қызметкерлерінің денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігіне қажетті жағдайлар жасайды.

Білім беру ұйымын басқару құрылымын анықтайды, қаржылық, шаруашылық, ғылыми, әдістемелік және басқа да мәселелерді шешеді. Тәрбиеленушілердің контингентін қалыптастырады, оларды әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етеді. Қоғамдық педагогикалық ұйымдар мен әдістемелік бірлестіктердің қызметіне ықпал етеді. Тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау мен нығайту,

тамақтандыру және балаларға дәрігерлік қызмет көрсету үшін ұйымды қажетті жағдайлармен қамтамасыз етеді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымының мүлкі мен қаражатына заңнамада белгіленген тәртіппен иелік етеді, жыл сайын құрылтайшылардан түскен қаражат пен оның жұмсалуды туралы есеп береді. Оқу-материалдық базаны сақтау мен нығайтуды, есеп жүргізуді, санитарлық-гигиеналық тәртіптің, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы ережелерінің сақталуын қамтамасыз етеді. Жұртшылықпен, ұйымдармен, ата-аналармен (оларды алмастырушылармен) өзара байланысты жүзеге асырады. Педагог кадрларды және көмекші қызметшілерді іріктеу мен орналастыруды жүзеге асырады, қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын әзірлейді. Кадрлардың кәсіби шеберліктерін арттыруға жағдай жасайды. Белгіленген тәртіппен қызметкерлерді аттестаттаудан өткізеді. Компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық құзыретті меңгерген болуы тиіс.

Педагогикалық кеңестің жұмысын басқарады. Мемлекеттік, қоғамдық және басқа да ұйымдарға мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымын танытады. МДҰ-ның қызметі туралы қажетті есеп дайындауды және ұсынуды қамтамасыз етеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы", Қазақстан Республикасының Кодексін, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы", "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Заңдары және басқа да білім беруді дамытудың бағыттары мен келешегін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді, педагогика мен психология негіздерін; мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, педагогика және психологияны, педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктерін, экономика негіздерін, қаржы-шаруашылық қызметін, еңбек туралы заңнаманы, еңбекті қорғауды, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы қорғанудың ережелері мен нормаларын, санитарлық ережелер мен нормаларды, дәрігерге дейінгі медициналық көмектің негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім және мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық жұмыс өтілі: қалалық жерде 5 жылдан, ауылдық жерде 3 жылдан кем болмауы тиіс.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымының әдіскері

Лауазымдық міндеттері: Білім беру қызметін әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастырады. Оқу, оқу-тақырыптық жоспарларын және пәндер мен оқу курстары бойынша бағдарламаларды құрастырады. Балаларға арналған білім беру бағдарламаларын таңдауға (әзірлеуге) қатысады, білім беру ұйымдарымен, балалар орталықтарымен және басқа да ұйымдармен ынтымақтастықты дамытады. Тәрбие мен оқытудың мазмұнын, нысанын, әдістері мен құралдарын анықтауға көмек көрсетеді. Оқу-әдістемелік құжаттамаларды әзірледі, рецензиялауды және бекітуге дайындауды ұйымдастырады. Зерттеулер мен әзірлемелердің жаңа бағыттарын қалыптастырады және жас топтары бойынша сабақтар ретін құрады. Алдыңғы қатарлы практикалық тәжірибені таратуды және енгізуді қамтамасыз етеді. Білім беру деңгейлерінің үздіксіздігі мен сабақтастығы принциптерін сақтау, ата-аналармен өзара іс-әрекет жасау бойынша іс-шаралар ұйымдастырады. Жабдықтарды ауыстыру және қазіргі заманғы жабдықтарды сатып алу туралы ұсыныс енгізеді, топтарды оқу құралдарымен, ойыншықтармен, ойындармен жинақтауды ұйымдастырады.

Оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстарының жағдайына талдау жасайды. Тәрбиешілер үшін ашық сабақтар, семинарлар, жеке және топ бойынша консультациялар, конкурстар мен көрмелер өткізеді, шығармашылық топтардың жұмысын ұйымдастырады, оқу-педагогикалық және әдістемелік әдебиеттердің деректер банкін жүргізеді, есепке алу және есеп беру құжаттамаларын уақытылы ресімдейді. Тәрбиешілердің, психологтардың, логопедтердің, музыкалық жетекшілердің, басқа да ұйым мамандарының өзара әрекеттесуін үйлестіреді.

Балалардың білімдеріне, іскерліктеріне, дағдыларына талдау жасайды. Тәрбиеші лауазымына және олардың көмекшілеріне кадрларды іріктеу бойынша ұсыныстар енгізеді. Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру және оларды аттестаттау жұмыстарын үйлестіреді. Компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық құзыретті меңгерген болуы тиіс.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы", "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Заңдары және басқа да білім беруді дамытудың бағыттары мен келешегін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, дидактика принциптерін, педагогика мен жас ерекшеліктер психологиясының негіздерін, тәрбие мен оқытудың жалпы және жеке әдістемелерін, оқу-бағдарламалық құжаттамаларды әзірлеу принциптері мен тәртібін, педагогикалық жұмыстың тиімді нысандары мен әдістерін анықтауды, жинақтау және енгізуді, балалардың медициналық-психологиялық-педагогикалық және жас ерекшелік анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері және жүйке-психикалық қызметін, әдістемелік және ақпараттық материалдарды жүйелеу принциптерін, оқытудың аудиовизуалды және интерактивті құралдарына қойылатын негізгі талаптарды, еңбек туралы заңнама негіздерін, еңбекті қорғауды, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы қорғанудың ережелері мен нормаларын, санитарлық ережелер мен нормаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары, техникалық және кәсіптік педагогикалық білім және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

Санаттар бойынша біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ маман: жоғары педагогикалық білім;

біліктілігі орта деңгейдегі санаты жоқ маман: тиісті мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік білім және МДҰ тәрбиешісі лауазымындағы жұмыс өтілі 3 жылдан кем болмауы тиіс.

Тиісті санатты алу үшін міндеттерді анықтау арқылы біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ әдіскерге қойылатын барлық талаптарға жауап беруі тиіс, сонымен қатар: оқу-әдістемелік құжаттамаларды басылымға әзірлеуді және дайындауды ұйымдастыра білуі, педагогтердің әдістемелік бірлестіктерінің жұмысын ұйымдастыруға қатысуы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мамандығы бойынша жоғары педагогикалық білімі және МДҰ әдіскері лауазымындағы жұмыс өтілі 3 жылдан кем болмауы тиіс.

біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты әдіскерге қойылатын барлық талаптарға жауап беруі тиіс, сонымен қатар: оқу-әдістемелік жұмысты талдау әдістемесін меңгеруі, шығармашылық семинарларды, әдістемелік бірлестіктерді басқара білуі, МДҰ-ның оқу-тәрбиелік және тақырыптық жоспарларын өз бетінше әзірлей білуі тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білімі болуы және МДҰ-ның әдіскері лауазымындағы жұмыс өтілі 4 жылдан кем болмауы тиіс.

біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты әдіскерге қойылатын барлық талаптарға жауап беруі тиіс, сонымен қатар: ғылыми-зерттеу және эксперименттік жұмыстың әдістерін меңгеруі, білім беру процесінің өзекті проблемаларын шешу бойынша шығармашылық топтарды басқара білуі тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білімі болуы және МДҰ-ның әдіскері лауазымындағы жұмыс өтілі 5 жылдан кем болмауы тиіс;

біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты маман:

біліктілігі орта деңгейдегі санаты жоқ әдіскерге қойылатын барлық талаптарға жауап беруі тиіс, сонымен қатар: оқу-әдістемелік құжаттамаларды басылымға әзірлеуді және дайындауды ұйымдастыра білуі, педагогтердің әдістемелік бірлестіктерінің жұмысын ұйымдастыруға қатысуы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: тиісті мамандық бойынша техникалық және кәсіптік білімінің болуы және МДҰ-ның әдіскері лауазымындағы жұмыс өтілі 3 жылдан кем болмауы тиіс;

біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты маман:

біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты әдіскерге қойылатын барлық талаптарға жауап беруі тиіс, сонымен қатар: оқу-әдістемелік жұмысты талдау әдістемесін меңгеруі, шығармашылық

семинарларды, әдістемелік бірлестіктерді басқара білуі, МДҰ-ның оқу-тәрбиелік және тақырыптық жоспарларын өз бетінше әзірлей білуі тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: тиісті мамандық бойынша техникалық және кәсіптік білімінің болуы және МДҰ-ның әдіскері лауазымындағы жұмыс өтілі 4 жылдан кем болмауы тиіс; біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты маман:

біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскерге қойылатын барлық талаптарға жауап беруі тиіс, сонымен қатар: эксперименттік жұмыстың әдістерін меңгеруі, білім беру процесінің өзекті проблемаларын шешу бойынша шығармашылық топтарды басқара білуі тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: тиісті мамандық бойынша техникалық және кәсіптік білімінің болуы және МДҰ-ның әдіскері лауазымындағы жұмыс өтілі 5 жылдан кем болмауы тиіс.

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымының музыкалық жетекшісі

Лауазымдық міндеттері: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес музыкалық тәрбиелеу мен эстетикалық дамуды жүзеге асырады. Музыка аспаптарында ойнаудың техникасын шебер меңгерген. Музыка бойынша сабақтарды, балалар мерекелерін және басқа да мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастырады және жүргізеді, музыкаға әуес дарынды балаларды анықтайды, балалармен жеке жұмыстар жүргізеді.

Балалармен ойын әрекеттерін ұйымдастыруға қатысады, түрлі музыкалық-дидактикалық ойындарды өткізеді. Педагогикалық кеңестерді дайындауға, әдістемелік бірлестіктердің жұмысына қатысады. Балалармен жұмыс істеудің озық тәжірибелерін енгізеді. Балаларды музыка бойынша тәрбиелеу мәселелері жөнінде ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңестер береді. Компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық құзыретті меңгерген болуы тиіс.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" заңдары және білім беруді дамытудың бағыттары мен келешегін айқындайтын басқа да нормативтік құқықтық актілерді, мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандартын, мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің педагогикасы мен психологиясын, жас ерекшеліктер физиологиясы мен гигиенасын, балалардың жеке даму ерекшеліктерін, әртүрлі жастағы балалардың музыканы қабылдау мүмкіндіктері және моторикасын, жан дүниесін, балалар репертуарының музыкалық шығармаларын білуі, тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесін, музыкалық аспаптарда шебер ойнауды, дәрігерге дейінгі медициналық көмектің негіздерін, еңбек заңнамаларының негізін, еңбекті қорғаудың, техникалық қауіпсіздіктің, өртке қарсы қорғаныстың нормасы мен ережесін, санитарлық ережелер мен нормаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары, кәсіптік-техникалық, орта білімнен кейінгі (музыкалық, педагогикалық) білім.

Санаттар бойынша біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ маман: жоғары кәсіптік (музыкалық, педагогикалық) білім;

біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты маман: жоғары кәсіптік (музыкалық, педагогикалық) білімінің болуы және мектепке дейінгі ұйымның музыкалық жетекшісі лауазымындағы жұмыс өтілі 3 жылдан кем болмауы тиіс;

біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты музыка жетекшісіне қойылатын барлық талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: мектепке дейінгі жастағы балаларды музыкалық тәрбиелеу мен оқытудың қазіргі заманғы әртүрлі әдістерін, мектепке дейінгі жастағы балалардың музыкалық қабілетін дамыту диагностикасының элементтерін меңгеруі, баланың даму ортасын өзгертуге белсенді араласуы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары кәсіптік (музыкалық, педагогикалық) білімі болуы, музыкалық жетекшісі лауазымындағы жұмыс өтілі 4 жылдан кем болмауы тиіс.

Біліктілігі жоғарғы деңгейдегі жоғарғы санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты музыкалық жетекшіге қойылатын барлық

талаптарға жауап беруге, сонымен қатар: мектеп жасына дейінгі балаларды қазіргі заманға сәйкес музыкалық оқыту мен тәрбиелеудің шығармашылық ізденісін жүзеге асыруы, балаларды музыкалық дамытудың өзіндік ерекше әдісі болуы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық немесе жоғары (музыкалық) білімі, музыкалық жетекшісі лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл;

біліктілігі орта деңгейдегі санаты жоқ маман: техникалық және кәсіптік (арнаулы орта, кәсіптік орта) білім.

Тиісті санатты алу үшін міндеттерді анықтау арқылы біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты маман:

музыкалық жетекшіге қойылатын барлық талаптарға жауап беруге тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: техникалық және кәсіптік (арнаулы орта, кәсіптік орта, музыкалық) білім және МДҰ-ның музыкалық жетекшісі лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.

Біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты маман:

біліктілігі орта деңгейдегі екінші санаттағы музыкалық жетекшіге қойылатын барлық талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: мектепке дейінгі жастағы балаларды музыкалық тәрбиелеу мен оқытудың қазіргі заманғы әртүрлі әдістерін, мектепке дейінгі жастағы балалардың музыкалық қабілетін дамыту диагностикасының элементтерін меңгеруі, баланың даму ортасын өзгертуге белсенді араласуы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: техникалық және кәсіптік білімінің болуы және МДҰ музыкалық жетекшісі лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 4 жыл;

біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты маман:

біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты музыкалық жетекшіге қойылатын барлық талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: мектеп жасына дейінгі балаларды қазіргі заманға сәйкес музыкалық тәрбиелеу мен оқытудың шығармашылық ізденісін жүзеге асыруы, балаларды музыкалық дамытудың өзіндік ерекше әдісі болуы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: техникалық және кәсіптік білімінің болуы және МДҰ музыкалық жетекшісі лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 5 жылдан кем болмауы тиіс.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымының тәрбиешісі

Лауазымдық міндеттері. Балалардың денсаулығын сақтау мен қорғау қызметін қамтамасыз етеді: тәрбиеші қызметінің денсаулық сақтау функциясын атқарады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талабына, жас ерекшелік топтарының үлгілік оқыту жоспары бойынша оқу қызметінің кестесіне сәйкес педагогикалық процесті жүзеге асырады, пәндік-дамытушылық ортаны қалыптастырады, балалардың шығармашылығына (ойындық, танымдық, қозғалыс, көркемөнер, еңбекке баулу және т.б.) жетекшілік етеді.

Балалармен жұмыс істеу кезінде жекелей және бағыттық жағынан қарайды. Дамуында ауытқу байқалатын балалармен түзеу қызметі саласында еңбек ететін мамандармен бірлесе жұмыс жасайды; жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, оқу-әдістемелік әдебиеттерді зерделеу негізінде және топтағы балалардың жеке талаптарын ескере отырып тәрбие-білім беру жұмыстарын жоспарлайды. Тәрбиелеу мен оқыту қызметін қол жеткен жетістіктерді қорытындылай отырып жоспарлайды. Мүмкіндіктері шектеулі балалар мен қалыпты жағдайда дамып келе жатқан балалардың мектеп жасына жеткенде мүмкіндіктерінің тең дәрежеде болуын қамтамасыз ету үшін бірге тәрбиелеу және оқыту арқылы оларды әлеуметтендіруді жүзеге асырады. Мамандардың ұсынымдарын ескере отырып, мүмкіндігі шектеулі әрбір баламен жеке жұмыс жүргізеді.

Тәрбиелеудің инновациялық технологиясын және оқытудың отандық және шетелдік ғылыми-зерттеу жұмыстарының, авторлық шығармалардың негізінде педагогикалық қызметтің жаңа бағыттарын зерделеумен және оны жұмыс барысында қолданумен шұғылданады.

Ата-аналардың мектепке дейінгі бала тәрбиесі мен оқыту барысында туындаған сұрақтарына жауап беріп, көмек көрсетеді. Балалардың құқықтары мен қызығушылықтарын қорғайды. Компьютерлік сауаттылықты және ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілікті жақсы меңгереді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер

туралы», «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарын және басқа да нормативтік құқықтық актілерін, білім беруді дамытудың бағыттары мен келешегін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді, жеке санитария мен гигиенаны, жас ерекшеліктер психологиясы мен педагогика негіздерін, мектепке дейінгі білім беру мәселелері бойынша әдістемелік құжаттарды, алғашқы медициналық көмек көрсетудің ережелерін, еңбекті қорғаудың және қауіпсіздік техникасын, санитариялық ережелерді.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық немесе техникалық және кәсіптік педагогикалық білім.

Тиісті санатты алу үшін міндеттерді анықтау арқылы біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ маман: жоғары педагогикалық білім;

біліктілігі орта деңгейдегі санаты жоқ маман: техникалық және кәсіптік педагогикалық білім;

біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты маман:

мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту ұйымының тәрбиешісіне қойылатын талаптарға жауап беруі, осы лауазымдағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл болуы тиіс;

біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты маманға қойылатын талаптарға жауап беруі, сонымен қатар мектеп жасына дейінгі балалардың дамуындағы диагностикалық құралдарды меңгеруі, пәндік-дамытушылық ортаны құруға қатысуы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі және мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту ұйымындағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл болуы тиіс;

біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейдегі тәрбиешіге қойылатын талаптарға жауап беруі, сонымен қатар мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда қолданылатын қазіргі заманғы әдістерді ізденуі, мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс істеуде жеке өзіндік әдістерді болуы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: біліктілігі бірінші деңгейдегі тәрбиешіге қойылатын талаптарға жауап беруі, жоғары педагогикалық немесе техникалық кәсіптік білімі және жұмыс өтілі кемінде 5 жыл болуы тиіс.

Біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты маман:

мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешісіне қойылатын жалпы талаптарға жауап беру тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: кәсіптік техникалық педагогикалық білім және мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл болуы тиіс.

Біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты маман:

Біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты тәрбиешіге қойылатын жалпы талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың қазіргі заманғы әдістерін, балалардың дамуындағы диагностика элементтерін меңгеруі, пәндік-дамытушылық ортаны құруға қатысуы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: кәсіптік техникалық педагогикалық білім және тәрбиеші лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.

Біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты маман:

Біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты тәрбиешіге қойылатын жалпы талаптарға жауап беру, сонымен қатар: мектеп жасына дейінгі балаларға білім беру мен тәрбиелеуде заманауи әдістерді және инновациялық технологияларды қолдану мақсатындағы ізденістерді жүзеге асыру тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: кәсіптік техникалық педагогикалық білім және тәрбиеші лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 5 жылдан кем болмауы тиіс.

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымы тәрбиешісінің көмекшісі

Лауазымдық міндеттері: Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді, тәрбиеленушілердің тіршілік іс-әрекеттерін ұйымдастыруға қатысады, мектепке дейінгі ұйымға

келген уақыттан бастап оларға күтім жасайды (киінуге, шешінуге, жууынуға, тамақтануға, төсекке жатқызуға көмек көрсетеді, емдік-профилактикалық іс-шараларға бірге барады, тәрбиешінің жетекшілігімен балаларды қыдыртады, өндірістік қажеттілікке байланысты тәрбиеші болмаған аз уақыт кезеңінде кіші бөлімдер бойынша сабақ өткізу уақытында балаларға қарайды). Балалардың денсаулығына және өмірінің қауіпсіздігіне қажетті жағдайлар жасайды.

Педагогикалық, түзету-білім беру, оңалту процестеріне қатысады (егер мүгедек балалардың өз еркімен қимылдауы денсаулығына байланысты шектелген жағдайда олардың сабақ оқуына көмектеседі). Балаларға санитариялық-гигиеналық күтім көрсету бойынша, сонымен қатар мүгедек балаларға орнынан қозғалту және өз-өзіне қызмет ету кезінде шұғыл іс-шаралар кешенін жүзеге асырады; олардың күн тәртібінің сақталуын бақылайды.

Балалардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға, олардың психофизикалық дамуын ынталандыруға бағытталған тәрбиешінің ұсыныстарын орындайды. Санитариялық-гигиеналық ережемен белгіленген бекітілген ғимараттың санитариялық жағдайының сәйкестігін қамтамасыз етеді. Топтағы құрал-жабдықтардың және жиһаздардың сақталуын қамтамасыз етеді.

Педагогикалық және медициналық қызметкерлермен тәрбиелік білім беру және сауықтыру жұмыстармен қамтамасыз ету бойынша өзара қызмет атқарады.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы» Кодексін, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Заңдарын және басқа да білім беруді дамытудың бағыттары мен келешегін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді, санитарияның және гигиенаның негіздерін, жас ерекшелігі психологиясы мен педагогикасын, ғимаратты, құрал-жабдықтарды, жиһаздарды ұстау бойынша санитариялық-гигиеналық нормаларды, алғашқы медициналық көмек көрсетудің ережелерін, мектепке дейінгі білім беру мәселелері бойынша әдістемелік құжаттарды, еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігін, санитариялық ережелер мен нормаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар: техникалық және кәсіптік (арнаулы орта, кәсіптік орта) немесе орта білім.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымының қазақ (орыс, шет тілі) тілінің мұғалімі

Лауазымдық міндеттері: қазақ (орыс, шет тілі) тілі мұғалімі балалардың оқуын Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сай, оқытылатын тіл ерекшелігін ескере отырып жоспарлайды және ұйымдастырады.

Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін өткізіп, олардың мемлекеттік (орыс, шет тілін) тілді меңгеруіне барлық жағдайды жасайды. Мектеп жасына дейінгі балалардың бойында тіл мәдениетін қалыптастырып, тілге деген қызығушылығын оятып, жеке қасиеттерінің дамуына әсер етеді. Оқытудың түрлі тәсілдері мен нысандарын, әдістерін жүйелі түрде қолданады, инновациялық технологияларды пайдалана біледі. Жоспарлау барысында ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қарап, бағдарламалық материалдарды жас ерекшелігіне қарай қолайлы етіп өзгерте біледі. Авторлық және баламалы бағдарламаларды, әдістемелік нұсқаулықтарды өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып өңдей біледі. Компьютерді жақсы біледі және ақпараттық коммуникацияны меңгерген.

Балалардың ұйымда білім алуына және түрлі іс-шараларда белсенділігін танытады, өзінің кәсіби құзыретін жүйелі түрде жоғарылатады. Тәрбиеленушілердің ата-аналарымен қарым-қатынаста болады. Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында балалардың денсаулығы мен өміріне жауапкершілік танытады.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы", "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы", Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы» Кодексін, "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Заңдарын және Қазақстан Республикасының

білім берудің дамуы мен бағыттарын айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді, мектеп жасына дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік білім берудің стандартын, педагогика және психология негіздерін, балаларды қорғау және денсаулығын сақтаудың нұсқаулық талаптарын, өртке қарсы қорғанудың ережелері мен нормалары және қауіпсіздік техникасын, санитариялық ережелер, дәрігерге дейінгі медициналық көмек берудің негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық, техникалық және кәсіптік «Қазақ (орыс, шет тілі) тілі және әдебиеті» мамандығы бойынша білімі.

Тиісті санатты алу үшін міндеттерді анықтау арқылы біліктілікке қойылатын талаптар:

Біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ маман: «Қазақ (орыс, шет тілі)» мамандығы бойынша жоғары педагогикалық білім;

Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты маман:

мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту ұйымының қазақ (орыс, шет тілі) тілі мұғаліміне қойылатын талаптарға жауап беруі, қазақ (орыс, шет тілі) тілі және әдебиеті пәні мұғалімі лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл болуы тиіс.

Біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты маманға қойылатын талаптарға жауап беруі, жоғары педагогикалық білімі, «Қазақ (орыс, шет тілі) тілі және әдебиеті» мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік білімі және жұмыс өтілі кемінде 3 жыл болуы тиіс.

біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты маманға қойылатын талаптарға жауап беруі, жоғары педагогикалық білімі, «Қазақ (орыс, шет тілі) тілі және әдебиеті» мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік білімі және жұмыс өтілі кемінде 5 жыл болуы тиіс.

біліктілігі орта деңгейдегі санаты жоқ маман: «Қазақ (орыс, шет тілі) тілі» мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік педагогикалық білім;

біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты маман:

«Қазақ (орыс, шет тілі) тілі және әдебиеті» мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік білімі және мектепке дейінгі білім беру ұйымында қазақ (орыс, шет тілі) тілі мұғалімі лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл болуы тиіс.

Біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты маман:

«Қазақ (орыс, шет тілі) тілі және әдебиеті» мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік білімі және мектепке дейінгі білім беру ұйымында қазақ (орыс, шет тілі) тілі мұғалімі лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл болуы тиіс.

Біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты маман қазақ (орыс, шет тілі) тілі мұғаліміне қойылатын талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: мектеп жасына дейінгі балаларға тілді оқытудың инновациялық әдістерін қолдана білуі тиіс сонымен қатар мектепке дейінгі білім беру ұйымында қазақ (орыс, шет тілі) тілі мұғалімі лауазымындағы жұмыс өтілі 5 жылдан кем емес.

Дене шынықтыру (жүзу бойынша) нұсқаушы

Лауазымдық міндеттері: балалардың денсаулығын сақтау мен қорғауды қамтамасыз етеді. Денсаулық сақтау функциясы қызметін атқарады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талабына сай, Үлгілік оқу жоспары мен медициналық персоналдың ұсынымдарын ескере отырып, дене шынықтыру бойынша оқу қызметін жоспарлайды және жүзеге асырады.

Дене тәрбиесінен инновациялық технологиялық және оқытудың отандық және шетелдік ғылыми-зерттеу жұмыстарының, авторлық шығармалардың негізінде педагогикалық қызметтің жаңа бағыттарын оқып білумен және оны жұмыс барысында қолданумен шұғылданады.

Ата-аналардың мектепке дейінгі бала тәрбиесі мен оқыту барысында туындаған сұрақтарына жауап беріп, көмек көрсетеді. Балалардың құқықтары мен қызығушылықтарын қорғайды. Компьютерді жақсы біледі және ақпараттық коммуникацияны меңгерген.

Дене шынықтыру-салауатты ортаны дамытуға қатысады, мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық ұжымымен бірге, сондай-ақ, ата-аналар мен қоғамдық ұйымдардың көмегімен түрлі спорттық және сауықтыру іс-шараларын жүзеге асырады. Іс-шараларды ұйымдастыру кезінде санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуын қадағалайды. Арнайы медициналық топқа жатқызылған балалармен қосымша

сабақтар өткізеді.

Оқу, дене шынықтыру-сауықтыру жұмысының есептілігі бойынша белгіленген құжаттарды жүргізеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, ҚР Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «ҚР бала құқықтары», «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдары және басқа да білім беруді дамытудың бағыттары мен келешегін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді, дефектология негіздерін және тиісті әдістемелерді (кемтар балалармен жұмыс істеу барысында), санитария және гигиена негіздерін, жас ерекшеліктер психологиясы мен педагогикасын, алғашқы медициналық көмек көрсетудің ережелерін, еңбекті қорғау және қауіпсіздік ережелерін, санитариялық ережелерді.

Тиісті санатты алу үшін міндеттерді анықтау арқылы біліктілікке қойылатын талаптар: біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ маман:

«Дене тәрбиесі» мамандығы бойынша жоғары немесе кәсіптік білім; біліктілігі орта деңгейдегі санаты жоқ маман: «Дене тәрбиесі» мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік білім.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты маман: мектепке дейінгі ұйымының дене тәрбиесі нұсқаушысына қойылатын талаптарға жауап беруі, сонымен қатар дене тәрбиесіне оқытудың қазіргі заманғы әдістерімен оқыту.

Біліктілікке қойылатын талаптар: Дене тәрбиесі» мамандығы жоғары педагогикалық немесе кәсіптік білімінің болуы және дене тәрбиесі нұсқаушысы қызметінде кем дегенде 2 жылдан астам жұмыс өтілі болуы тиіс.

Біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты маман:

Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты дене тәрбиесі бойынша нұсқаушыға қойылатын талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: мектеп жасына дейінгі балалардың физикалық қабілеттерін дамыту диагностикасының элементтерін білуі және салауатты ортаны қалыптастыруға қатысуы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары біліктілік деңгейінің талаптарына сай болуы, «Дене тәрбиесі» мамандығы бойынша жоғары педагогикалық немесе кәсіптік білімі және жұмыс өтілі кемінде 3 жыл болуы тиіс.

Біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты маман:

Біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты маманға қойылатын талаптарға жауап беруі керек, сонымен қатар: өзінің шығармашылық іс тәжірибесі, ізденістері мен мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі бойынша өзіндік ерекше әдістері болуы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары біліктілік деңгейінің талаптарына сай болуы керек, «Дене тәрбиесі» мамандығы бойынша жоғары педагогикалық немесе кәсіптік білімі және жұмыс өтілі кемінде 5 жыл болуы тиіс.

Біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты маман: мектеп жасына дейінгі ұйымның дене тәрбиесі нұсқаушысына қойылатын талаптарға жауап беруі тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: «Дене тәрбиесі» мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік педагогикалық білімі және мектепке дейінгі ұйымның дене тәрбиесі нұсқаушыға лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл болуы тиіс.

Біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты маман: біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты дене тәрбиесі бойынша нұсқаушыға қойылатын талаптарға жауап беруі, сонымен қатар мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту қазіргі заманғы әдістерін, сонымен қатар: мектеп жасына дейінгі балалардың физикалық қабілеттерін дамыту диагностикасының элементтерін білуі және салауатты ортаны қалыптастыруға қатысуы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: «Дене тәрбиесі» мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік педагогикалық білімі және дене тәрбиесі нұсқаушысы лауазымындағы жұмыс өтілінің 3 жыл болуы тиіс;

біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты маман: біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты дене тәрбиесі маманына қойылатын талаптарға сай болуы, сонымен қатар өзінің шығармашылық іс тәжірибесі, ізденістері мен мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі бойынша өзіндік ерекше әдістері болуы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: «Дене тәрбиесі» мамандығы бойынша техникалық және

кәсіптік педагогикалық білімі және дене тәрбиесі нұсқаушысы лауазымындағы жұмыс өтілінің 5 жыл болуы тиіс.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымының дефектолог мұғалімі, логопед мұғалімі

Лауазымдық міндеттері: Мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмыс істейді. Тәрбиеленушілерге психикалық, физикалық және физиологиялық бұзылуларын анықтау үшін зерттеу жүргізеді және олардың құрылымы мен байқалу деңгейін анықтайды. Тәрбиешілермен және басқа да мамандармен тығыз қарым-қатынаста бола отырып, тәрбиеленушілермен топта және жеке жұмыс істеп, бұзылған функцияларын қалпына келтіріп, баланың әлеуметтік ортаға қалыптасуына көмек береді.

Мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмыс істейтін педагог мамандарға, ата-аналарға немесе олардың орнына қараушы адамдарға арнайы әдістерді қолдануда кеңес беріп, көмек берудің жолдарын қарастырады.

Мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сай алуан түрлі әдістерді, формаларды пайдалана отырып тұлғаның жалпы мәдениетінің дамуына әсер етеді. Арнайы оқыту бағдарламаларын ұйымдастырады.

Жүйелі түрде өзінің біліктілігін арттырады. Әртүрлі әдістемелік шараларға қатысады. Қажетті құжаттарды жүргізеді. Компьютерді, ақпараттық коммуникациялық құзыреттілікті меңгеруі тиіс.

Мүмкіндігі шектеулі балаларға қоғамның дұрыс толерантты қарым-қатынасын насихаттау бойынша ағарту қызметін жүргізеді.

Техникалық қауіпсіздік, өртке қарсы қорғану және еңбекті қорғау нормалары мен ережелерін орындайды. Білім беру процесінде балалардың өмірі мен денсаулығын, құқығын қорғауды қамтамасыз етеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, ҚР Еңбек кодексін, «Білім туралы» ҚР заңы, «Бала құқықтары туралы конвенция», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы», «Қазақстан Республикасы Жемқорлыққа қарсы күрес», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңдарын және білім берудің болашағы мен бағыттарын айқындайтын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, балалар үшін өмірінің қиын жағдайларында арнайы әлеуметтік қызмет көрсетудің мемлекеттік стандарттарын, жас ерекшеліктерін және арнайы педагогика мен психологияны, дефектологияның анатомиялық-физиологиялық және емдік негіздерін, кәсіби және тәжірибелік қызметтер мәселелері бойынша құжаттамалық-әдістемелік әдебиеттерді, дамуында кемшілігі бар тәрбиеленушілермен жұмыс бойынша бағдарламалық-әдістемелік әдебиеттерді, дефектологиялық ғылымның жаңа жетістіктерін, еңбекті қорғау, техникалық қауіпсіздік және өртке қарсы қорғану нормаларын мен ережелері және санитариялық қағидаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар: «Дефектолог» мамандығы, «Логопед» мамандануы бойынша жоғары педагогикалық білім немесе «Дефектология», «Логопедия» мамандығы бойынша қосымша білімі бар жоғары педагогикалық білім.

Тиісті санатты алу үшін міндеттерді анықтау арқылы біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ маман: «Дефектология», мамандығы бойынша жоғары педагогикалық білім немесе «Дефектология», мамандығы бойынша қосымша білімі бар жоғары педагогикалық білім, жұмыс өтіліне талап қойылмайды.

біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты маман: біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ дефектолог мұғалімге, логопед мұғалімге қойылатын жалпы талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: оқытудың жаңа әдістерін сынақтан өткізу бойынша жұмыс жүргізуді, озат тәжірибені білу, оны тәжірибеде пайдалану, тәрбиеленушілердің жалпы тұлғалық мәдениетін қалыптастыруда мониторинг және талдау жасаудың дағдыларын, олардың әлеуметтілігін білу, білім беру ұйымының әдістемелік бірлестігінің жұмысына қатысу.

Біліктілікке қойылатын талаптар: «Дефектология» мамандығы «Логопедия» мамандануы бойынша жоғары педагогикалық білім немесе «Дефектология» мамандығы «Логопедия» мамандануы бойынша қосымша білімі бар жоғары педагогикалық білім, дефектолог мұғалім (логопед мұғалім)

лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.

біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты маман: біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты дефектолог мұғалімге, логопед мұғалімге қойылатын жалпы талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: тәрбиеленушілерді оқыту барысында дамуында ауытқуы бар балаларды барынша түзетуге бағытталған әдістерді талдай білуі, шығармашылық семинарларды басқара білуі, озат педагогикалық тәжірибені енгізуді, дефектологияның қазіргі заманғы әдістерін меңгеруі, оларды қолдану құқығын беретін сертификатының болуы, білім беру ұйымының әдістемелік бірлестігінің жұмысына қатысу, өзінің кәсіби құзыреттілігі аясында теориялық және тәжірибелік білімді меңгеруі.

Біліктілікке қойылатын талаптар: «Дефектология» мамандығы бойынша жоғары педагогикалық білім немесе «Дефектология» мамандығы бойынша қосымша білімі бар жоғары педагогикалық білім және дефектолог мұғалім (логопед мұғалім) лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 4 жыл.

біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты маман: біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты дефектолог мұғалімге, логопед мұғалімге қойылатын жалпы талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: ғылыми-зерттеу, эксперименттік жұмыстардың әдістерін меңгеруі, жаңа бағдарламаларды әзірлеуі және оны сынақтан өткізу жұмыстарын жүргізуі, арнайы педагогиканың өзекті мәселелерін әзірлеу бойынша шығармашылық топқа жетекшілік ету, өзінің кәсіби құзыреттілігі аясында теориялық және тәжірибелік білімді меңгеруі.

Біліктілікке қойылатын талаптар: «Дефектология» мамандығы «Логопедия» мамандануы бойынша жоғары педагогикалық білім немесе «Дефектология» мамандығы «Логопедия» мамандануы бойынша қосымша білімі бар жоғары педагогикалық білім және дефектолог мұғалім (логопед мұғалім) лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл, ғылыми немесе академиялық дәрежесі болған жағдайда дефектолог мұғалім (логопед мұғалім) лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымының педагог-психологы

Лауазымдық міндеттері. Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық және әлеуметтік жағдайын сақтауға және түзетуге бағытталған қызметті жүзеге асырады. Бала құқықтарын қорғау Конвенциясына сәйкес тұлғаның құқықтарын қорғауына көмектеседі. Білім беруді ұйымдастырудың әлеуметтік саласының үйлесімділігіне себін тигізеді және әлеуметтік бейімделе алмаушылық туындауы профилактикасы бойынша алдын алу шараларын жүзеге асырады.

Мектеп жасына дейінгі балалар тұлғасының дамуына кедергі келтіретін факторларын айқындайды және әртүрлі психологиялық көмек (психикалық түзету, сауықтыру және кеңес беру) көрсету бойынша шараларды қабылдайды. Мектеп жасына дейінгі балаларға, ата-аналарға немесе оларды алмастыратын тұлғаларға, педагогикалық ұжымға психологиялық бағыттағы проблемаларды шешуде көмек көрсетеді. Әртүрлі бейіндегі және мақсаттағы психологиялық диагностиканы жүргізеді.

Педагогикалық ұжымның, сонымен қатар ата-аналар немесе оларды алмастыратын тұлғаларды бағдарлау мақсатында зерттеу жұмыстарының материалдары бойынша, мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалық және әлеуметтік даму мәселелеріне психологиялық-педагогикалық қорытындылар жасайды. Белгіленген нысанда құжаттарды жүргізеді және оны мақсаты бойынша қолданады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жеке және жыныс-жас ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру қызметінің дамытушы және түзету бағдарламаларын жоспарлауға және дайындауға қатысады, балалардың өмірдегі әртүрлі жағдайларда бағдарлануға дайындығын дамытуға көмектеседі. Мектеп жасына дейінгі шығармашылық жағынан дарынды балаларға психологиялық қолдау көрсетеді, олардың дамуына көмектеседі.

Педагогикалық, әдістемелік кеңестер жұмыстарына, ата-аналар жиналысы, сауықтыру, тәрбиелеу және білім беру ұйымының жұмыс жоспарында қарастырылған басқа да шараларға қатысады. Компьютерлік сауаттылық, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігі бар. Өзінің кәсіби деңгейін арттырады. Тәрбие-білім беру процесінде балалардың өмірін, денсаулығы мен құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді. Еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын, техника қауіпсіздігі мен өртке қарсы қорғаныс техникасын сақтайды.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, ҚР Еңбек кодексін, ҚР «Білім туралы», "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы", «Қазақстан Республикасы тіл туралы», "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы"

«Қазақстан Республикасы жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы» Заңдарын және білім беру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді, жалпы психологияны, педагогикалық психология және жалпы педагогиканы, тұлғалық психология мен дифференциалдық психологияны, балалар мен жас ерекшеліктер психологиясын, әлеуметтік психология, медициналық психология, балалар нейропсихологиясы, патопсихология, психосоматиканы, дефектология, психотерапия, психодиагностика, психологиялық кеңес және психопрофилактика негіздерін, қарым-қатынас жасау әдістерін, әлеуметтік-психологиялық тренингтердің әдістерін, белсенді оқыту әдістерін, жеке және топтық кәсіби консультация берудің қазіргі заманғы әдістерін, баланың қалыпты және аномальді дамуын диагностикалау және түзетуді, еңбекті қорғау, техникалық қауіпсіздік және өртке қарсы қорғану нормалары мен ережелерін және санитариялық қағидаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар: тиісті бейіні бойынша жоғары педагогикалық білім.

Тиісті санатты алу үшін міндеттерді анықтау арқылы біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ маман: тиісті бейіні бойынша жоғары педагогикалық білім.

біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ педагог-психологке қойылатын жалпы талаптарға жауап беруі, сонымен қатар, қазіргі заманғы психологиялық әдістерді меңгеруі, мектепке дейінгі жастағы балалармен нақты психологиялық жұмыс жасаудағы басымдықтарды айқындай алуы, мектеп жасына дейінгі балалармен психологиялық-педагогикалық жұмыстың жаңа технологияларын дайындауға қатысуы, білім беру ұйымдарында озық психологиялық-педагогикалық тәжірибені меңгеру бойынша әдістемелік семинар жұмысына қатысуы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: тиісті бейіні бойынша жоғары педагогикалық білім, педагог-психолог лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл.

біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты маман:

біліктілігі екінші санаттағы жоғары деңгейлі педагог-психологқа қойылатын талаптарға сай болуы тиіс, сонымен қатар: мектеп жасына дейінгі балалармен әртүрлі психологиялық жұмыстарды атқаруы, үнемі өзінің біліктілігін арттыруы, озық тәжірибені игеру бойынша семинарларға жетекшілік етуі тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: тиісті бейіні бойынша жоғары педагогикалық білім және педагог-психолог лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл болуы тиіс;

біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты маман:

біліктілігі бірінші санаттағы жоғары деңгейлі педагог-психологқа қойылатын талаптарға сай болуы тиіс, сонымен қатар: мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жасау бойынша жаңа психологиялық-педагогикалық бағдарламаларды дербес әзірлеуі тиіс және педагог-психолог лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл болуы тиіс.

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру

Білім беру ұйымының директоры (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта)

Лауазымдық міндеттері: Білім беру ұйымының қызметін оның жарғысына және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес басқарады. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын педагогикалық және әдістемелік кеңеспен бірлесе отырып іске асыруды ұйымдастырады. Жұмыс жоспарын, бағдарламалар мен жұмыс жоспарларын бекітеді. Бекітілген учаскедегі балаларды жалпыға міндетті оқытумен қамтамасыз ету заңына сәйкес жалпыға міндетті оқытумен қамтамасыз етеді. Оқу-тәрбие процесінің ғылыми-әдістемелік және материалдық-техникалық базасын ұйымдастырады және жетілдіреді. Оқу-тәрбие процесін әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастырады және жетілдіреді. Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың дамуын қамтамасыз етеді.

Педагогикалық ұйымдар, әдістемелік бірлестіктер, балалар ұйымдары қызметіне ықпал етеді. Білім беру құқығына берілген лицензиясына сәйкес оқушылар, тәрбиеленушілер контингентін қалыптастырады, оқушылар мен тәрбиеленушілерді әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етеді. Жетім

балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың арасынан шыққан тәрбиеленушілердің заңды құқығы мен мүдделерін (жеке, мүліктік, тұрғын үй, еңбек және басқа да) қорғайды, олардың туысқандық байланысын қолдай үшін оларға жағдай жасау бойынша шаралар қабылдайды. Оқу-тәрбие процесі кезінде білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) және білім беру ұйымы қызметкерлерінің өмір қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтауға қажетті жағдай жасайды. Белгіленген заңнама шегінде білім беру ұйымының мүлкі мен құралдарына иелік етеді, жыл сайын құрылтайшылардың қаржылық және материалдық қаражаттың түсуі және жұмсалуды туралы есебін береді.

Нормативтік талаптарға сәйкес есеп жүргізіп, оқу-материалдық базаның сақталуын және толықтырылуын қамтамасыз етеді, ішкі еңбек тәртібі ережесін, санитариялық-гигиеналық режимді, еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігін сақтау үшін жауап береді.

Педагог кадрларды және қосымша қызметшілерді іріктеуді және жұмысқа тартуды жүзеге асырады, басқару құрылымын, қызметкерлердің штаттық кестесін, лауазымдық нұсқаулығын бекітеді, олардың кәсіби шеберлігін арттыру үшін жағдай жасайды. Педагогикалық кеңесті басқарады. Белгіленген тәртіп бойынша қызметкерлерді аттестаттауға дайындауға қатысады. Қызмет барысында айрықша көзге түскен оқытушылар мен білім беру ұйымдарының қызметкерлерін өзінің құзыретіне қарай марапаттауға және көтермелеуге ұсынады және өз құзыретінің шегінде жаза қолданады.

Жұртшылықпен, ата-аналармен (немесе оларды алмастырушы адамдармен) байланысты жүзеге асырады. Мемлекеттік және басқа да ұйымдарда білім беру ұйымының атынан өкілдік етеді, қажетті есеп құжаттарын дайындау мен ұсынуды қамтамасыз етеді. Компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық құзіреттілікті меңгерген.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, «Неке және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы», "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" , «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы», «Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтар мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңдарын және басқа да білім беруді дамытудың бағыттары мен келешегін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді, педагогика мен психология негіздерін, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын, педагогика, педагогикалық психология, педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктерін, менеджмент негіздерін, қаржы-шаруашылық қызмет туралы заңнамаларды, еңбек туралы, еңбекті қорғаудың, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы қорғанудың ережелері мен нормаларын, санитариялық ережелер мен нормаларды.

Республикалық әскери мектеп-интернат, облыстық кадет мектеп-интернаттың бастығы (директорына) қосымша білуге міндетті:

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңын.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім және білім беру ұйымдарындағы педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл, оның ішінде басқарушылық қызметте кемінде 1 жыл болуы тиіс.

Ескерту: Республикалық әскери мектеп-интернат, облыстық кадет мектеп-интернаттың бастығына (директорына) қойылатын талаптар: жоғарыда көрсетілген талаптарға сай болуы, сондай-ақ жоғары педагогикалық немесе бейіні бойынша білімі болуы тиіс.

Білім беру ұйымы директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта)

Лауазымдық міндеттері: Білім беру ұйымының қызметін перспективалық болжауды және ағымдағы жоспарлауды ұйымдастырады. Оқу-тәрбие процесінің, ғылыми-әдістемелік және әлеуметтік психологиялық қамтамасыз етілу жағдайын талдайды. Педагогтердің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен жоспарларының орындалуын, сондай-ақ, қажетті оқу, оқу-тәрбие, оқу-әдістемелік құжаттамаларды әзірлеу жұмыстарын

үйлестіреді. Білім беру процесінің сапасына және жалпы білім беру стандарттарының шеңберінде білімді меңгеру нәтижесінің объективтілігіне бақылау жасайды.

Оқу-тәрбие процесінің ұйымдастырылуын, оқу процесіне қазіргі заманғы жаңа технологияның енгізілуін қамтамасыз етеді. Білім алушыларға ағымдағы және қорытынды аттестаттау, мемлекеттік аралық бақылау және тестілеу өткізуді ұйымдастыру жұмыстарын жүргізеді. Білім алушылардың оқу жүктемесіне бақылау жасап, сабақтардың кестесін және басқа да оқу қызметінің түрлерін құрастырады.

Білім беру ұйымдарының оқу процесін жетілдіру мақсатында пәндік әдістемелік бірлестіктер мен эксперименттік жұмыстарды үйлестіруді жүзеге асырады, оқу-тәрбие процесін ғылыми-әдістемелік және әлеуметтік-психологиялық қамтамасыз етуді ұйымдастырады.

Эксперименттік жұмыстардың нәтижелерін қорытындылайды және талдау жасайды. Педагогтердің анағұрлым нәтижелі тәжірибелерін тарату бойынша шаралар қабылдайды. Педагог кадрларды іріктеуге және орналастыруға қатысады. Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру және аттестаттаудан өткізу бойынша жұмыстарды ұйымдастырады.

Оқу зертханалары мен кабинеттерін қазіргі заманғы жабдықтармен, көрнекі құралдармен және техникалық оқыту құралдарымен жарақтандыру, әдістемелік кабинеттер мен кітапханаларды оқу-әдістемелік және көркем әдебиеттермен толтыру жұмыстарын жоспарлайды. Оқу-тәрбие процесінде пайдаланылатын жабдықтардың, приборлардың, техникалық және көрнекі құралдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Білім алушыларға медициналық қызмет көрсету жағдайына бақылау жасайды. Компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілікті меңгерген.

Белгіленген есеп құжаттамасының сапалы және уақытылы жасалуын қамтамасыз етеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасы тілдер туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы», «Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтар мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңдарын және басқа да білім беруді дамытудың бағыттары мен келешегін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді, педагогика мен психология негіздерін, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын, педагогика, педагогикалық психология, педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктерін, менеджмент негіздерін, қаржы-шаруашылық қызмет туралы заңнамаларды, еңбек туралы, еңбекті қорғаудың, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы қорғанудың ережелері мен нормаларын, санитариялық ережелер мен нормаларды.

Білім беру ұйымы директорының бейіндік оқыту бойынша орынбасары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта)

Лауазымдық міндеттері: Оқушыларды бейінді оқыту жүйесін іске асыру жоспарын әзірлейді. Бейінді оқытуды қолданбалы және элективті курстардың бағдарламаларын әдістемелік-бағдарламалық қолдауды қамтамасыз етеді. Жоғары (бейінді) сыныптарды жинақтау үшін объективті негіз ретінде негізгі мектепті бітірушінің қорытынды білім беру рейтингін жасайды. Бейінді оқыту, әртүрлі деңгейлі бағдарламаларды енгізу бойынша білім беру ұйымдарының қызметін перспективалық болжауды және ағымдағы жоспарлауды ұйымдастырады. Педагог қызметкерлердің кәсіби шеберлігін және біліктілігін арттыру мақсатында педагогикалық ұжымның қызметін алдыңғы қатарлы педагогикалық озық іс-тәжірибені тарату бойынша, оқушыларды диагностикалау жүйесін, бейінді оқыту шеңберінде оқушылар мен ата-аналарға кеңес беру мазмұнын әзірлеуде, мұғалімдердің әдістемелік бірлестігінің жұмысын ұйымдастыруға инновациялық технологияларды ұйымдастыру және сынау бойынша үйлестіреді.

Түрлі деңгейдегі білім беру бағдарламаларын таңдау мүмкіндігін, «мектеп-жоо», «мектеп-колледж-жоо» үздіксіз білім беру жүйесіндегі оқу жоспарлары бойынша оқытуды, ғылымды

зерделеуге кәсіби қабілеттілікті ашуды, әрі қарай білім алу бейінін таңдау мақсатында пәндерді терең меңгеру үшін түрлі циклдерді өзіндік таңдауды қамтамасыз етеді. Жоғары, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарымен бірігіп, кәсіби бағдарлау жұмысын жүргізеді.

Компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілікті меңгерген.

Есептік құжаттамалардың белгіленген тәртіпте сапалы және уақытылы жасалуын, оның дұрыстығын және берілуін қамтамасыз етеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдары және басқа да білім беруді дамытудың бағыттары мен келешегін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді, педагогика мен психология негіздерін, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын, педагогиканы, педагогикалық психологияны, педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктерін, экономика негіздерін, қаржы-шаруашылық қызмет туралы заңнамаларды, еңбек туралы, еңбекті қорғаудың, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы қорғанудың ережелері мен нормаларын, санитариялық ережелер мен нормаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім және педагогикалық жұмыс өтілінің кемінде 5 жыл болуы тиіс.

Білім беру ұйымы директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім)

Лауазымдық міндеттері: Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды, оқушыларды тәрбиелеу бағдарламаларын жасауды, оларды іске асыру бойынша жаңа тәсілдерді қамтамасыз етеді. Тәрбиелеу процесінің проблемаларына, тәрбие жұмысының нәтижелеріне, тәрбие жұмыстары саласындағы жағдайлар мен перспективалық мүмкіндіктерге талдау жасайды. Тәрбие жұмысының ағымдағы және перспективалық жоспарлауын ұйымдастырады. Аға жетекшілер, ұзартылған күн тобының тәрбиешілері (ҰКТ), сынып жетекшілері, педагог психологтар, әлеуметтік педагогтер және дене тәрбиесі-сауықтыру және көркемдік-эстетикалық циклдің қосымша білім беру педагогтері қызметін жоспарлауды және бақылауды жүзеге асырады.

Тәрбие жұмысы жөніндегі, мәдени-тәрбие шараларды дайындау және өткізу жөніндегі қажетті әдістемелік құжаттамаларды әзірлеу жұмыстарын үйлестіреді; педагогикалық қызметкерлер жүргізетін тәрбие процесінің мазмұны мен өткізу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады. Девиантты мінез-құлықты балалармен жеке тәрбие жұмысына бақылауды жүзеге асырады. Педагогикалық кадрларды іріктеу мен орналастыруға қатысады, тәрбие жұмыстарымен айналысатын педагог қызметкерлердің біліктілігін және кәсіби шеберлігін арттыруды ұйымдастырады. Жұртшылық және құқық қорғау органдары, ата-аналар, білім беру ұйымының ата-аналар комитеті өкілдерімен тәрбиелеу процесін қамтамасыз ететін оқу орнының әкімшілігі, қызметтері мен бөлімшелері өкілдерінің өзара іс-қимылын үйлестіреді. Оқушыларға медициналық қызмет көрсету жағдайына бақылауды жүзеге асырады. Тәрбиелеу процесінде қолданылатын приборлардың, техникалық және көрнекі құралдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілікті меңгерген.

Белгіленген тәртіпте есептік құжаттамалардың сапалы және уақытылы жасалуын, анықтығы мен тапсырылуын қамтамасыз етеді.

Білуге тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасы тілдер туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Арнайы әлеуметтік қызметтер туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтар мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» заңдарын және білім берудің даму бағыттары мен перспективаларын айқындайтын басқа да нормативтік құқықтық актілерді, педагогика, психология негіздерін, жалпыға міндетті білім беру стандартын, педагогика, педагогикалық психологияны, педагогикалық ғылымның және практиканың жетістіктерін, экономика негіздерін, қаржы-шаруашылық

қызметтерді, еңбек туралы заңнамаларды, еңбекті қорғау, техникалық қауіпсіздік және өртке қарсы қорғаныс нормалары мен ережелерін, санитариялық нормалар мен қағидаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық немесе бейіні бойынша білім және педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл болуы тиіс.

Білім беру ұйымдарындағы барлық мамандық мұғалімдері

Лауазымдық міндеттері. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес оқытатын пәннің ерекшелігін ескере отырып, оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асырады. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке қабілеттерін ашуға және дамытуға, тұлғаның әлеметтенуі мен жалпы мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. Оқытудың әртүрлі нысандарын, тәсілдерін, әдістерін қолданады. Пәннің күнделікті сабақ жоспарларын құрады. Оқыту процесіне инновациялық, ақпараттық технологияларды енгізуді қамтамасыз етеді. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді мемлекеттік білім беру стандартында қарастырылған білім, білік және дағдылармен қамтамасыз етеді. Білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және орындауға қатысады, олардың оқу жоспары мен оқу процесі кестесіне сәйкес іске асырылуын қамтамасыз етеді.

Әдістемелік бірлестіктердің қызметіне және басқа да әдістемелік іс-шараларға қатысады. Кәсіби біліктілігін жүйелі арттыруды жүзеге асырады. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке қабілеттерін, мүдделері мен икемділіктерін, олардың отбасылық, тұрмыстық жағдайларын зерделейді. Әлеуметтік (түзету) білім беретін мекемелерде оқытылатын пәннің ерекшелігін ескере отырып, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің дамуындағы ауытқуларды барынша түзетуге бағытталған оқыту мен тәрбиелеу бойынша жұмысты жүзеге асырады.

Компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілікті меңгерген.

Білім беру процесі кезеңінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығының сақталуын қамтамасыз етеді.

Ата-аналармен немесе оларды алмастырушы адамдармен байланыс жасайды. Оқу тәртібін, сабаққа қатысу режимін сақтайды. Құрал-жабдықтарды пайдалануда қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтайды. Оқыту процесінде балалардың денсаулығы мен өмірін қорғау үшін қажетті жағдай жасайды.

Қызметі туралы есеп дайындауды және тапсыруды қамтамасыз етеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасы Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқығы туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», "Кәметке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» заңдары және басқа да білім беруді дамытудың бағыттары мен келешегін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді, пәнді оқытудың, тәрбие жұмыстарының әдістемесін, пән кабинеттері мен қосалқы орынжайларды құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету талаптарын, оқыту тәсілдері мен оның дидактикалық мүмкіндіктерін, педагогика ғылымы мен білім берудің негізгі даму бағыттары мен перспективасын айқындайтын басқа да құқықтық нормативтік актілерді, еңбекті ғылыми ұйымдастыру мен құқық негіздерін, педагогика мен психология негіздерін, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын, педагогика, психология, педагогика ғылымы мен практика жетістіктерін, еңбек туралы заңнама, қаржылық-шаруашылық қызмет негіздерін, еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғаныс, қауіпсіздік техникасы нормалары мен ережелерін, санитариялық нормалар мен қағидаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ маманның, оның ішінде, информатика, өзін-өзі тану, музыка, бейнелеу өнері, БӘД оқытушы-ұйымдастырушы, технология, дене шынықтыру, сызу, мамандандырылған білім беру ұйымдарының арнайы пәндер, жұмыс жоспарының вариативтік бөлігі курстары мұғалімдерінің тиісті мамандық бойынша жоғары педагогикалық білімі болуы тиіс, жұмыс өтіліне талап қойылмайды.

орта деңгейдегі санаты жоқ маманның, оның ішінде, информатика, өзін-өзі тану, музыка, бейнелеу өнері, БӘД оқытушы-ұйымдастырушы, технология, дене шынықтыру, сызу, мамандандырылған білім беру ұйымдарының арнайы пәндер, жұмыс жоспарының вариативтік бөлігінің курстары мұғалімдерінің техникалық және кәсіптік педагогикалық білім болуы тиіс, жұмыс өтіліне талап қойылмайды.

Тиісті біліктілік санатын алу үшін міндеттерді анықтай отырып, біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ мұғалімге қойылатын талаптарға жауап берумен қатар пәнді оқыту әдістемесін өз бетінше әзірлей білуі, белсенді оқытудың тәсілдері мен әдістерін қолдана білуі, білім алушыларды диагностикалау жұмыстарын ұйымдастыра алуы, оқу-тәрбие процесінде тұрақты оң нәтижелермен қамтамасыз етуі, мектептің шығармашылық топтардың, әдістемелік бірлестіктердің, білім беру ұйымының шеңберінде озық тәжірибе мектептерінің жұмысына белсенді қатысуы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: тиісті бейіні бойынша жоғары педагогикалық білім және мұғалім лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл немесе жұмыс өтілінсіз академиялық магистр дәрежесінің болуы;

біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты мұғалімге қойылатын талаптарға жауап берумен қатар пән бойынша оқу-әдістемелік талдау әдістерін білуі, оқытудың өзіндік жеке бағдарламаларын құра және іске асыра білуі, шығармашылық семинарларға, шығармашылық топтар жұмысына жетекшілік жасай алуы, өз жұмысында озық педагогикалық тәжірибелерді қолдана білуі тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім және мұғалімдік лауазымда еңбек өтілі кемінде 4 жыл, немесе ғылыми немесе академиялық дәрежесінің болуы және мұғалімдік қызметте еңбек өтілі кемінде 2 жыл;

біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейлі бірінші санатты мұғалімге қойылатын талаптарға жауап берумен қатар жаңа оқу бағдарламаларын, жаңа педагогикалық технологияларды, оқыту мен тәрбиелеудің әдістерін жасай білуі, оларды сынақтан өткізе алуы, өз пәні бойынша жаңа тәжірибелік тапсырмалар құрастыруы, білім берудегі өзекті мәселелерді шешуде шығармашылық топқа жетекшілік ете білуі қажет.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім және мұғалімдік қызметтегі еңбек өтілі кемінде 5 жыл немесе ғылыми немесе академиялық дәрежесінің болуы және мұғалімдік қызметте еңбек өтілі кемінде 3 жыл;

біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты маман:

біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ мұғалімге қойылатын талаптарға жауап берумен қатар белсенді оқытудың тәсілдері мен әдістерін қолдана білуі, білім алушылармен диагностикалау жұмыстарын ұйымдастыра алуы, оқу-тәрбие үрдісінде тұрақты оң нәтижелермен қамтамасыз етуі, шығармашылық топ, әдістемелік бірлестік жұмысына, білім беру ұйымының іс-тәжірибесінің таратылуына белсенді араласа білуі қажет.

Біліктілікке қойылатын талаптар: техникалық және кәсіптік педагогикалық білім, мұғалімдік қызметтегі еңбек өтілі кемінде 3 жыл;

біліктілігі орта деңгейлі бірінші санатты маман:

екінші санатты біліктілігі орта деңгейлі мұғалімге қойылатын талаптарға жауап берумен қатар өздігінен пәнді оқыту әдістемесін әзірлей білуі, білім алушылармен диагностикалау жұмыстарын ұйымдастыра алуы; шығармашылық топ, әдістемелік бірлестік жұмысын, озат тәжірибелер мектебін басқара алуы, білім беру мәселесі бойынша педагогикалық басылымдарда жарияланымдары болуы керек.

Біліктілікке қойылатын талаптар: техникалық және кәсіптік педагогикалық білім, мұғалімдік қызметтегі еңбек өтілі кемінде 4 жыл;

біліктілігі орта деңгейлі жоғары санатты маман:

бірінші санатты біліктілігі орта деңгейлі мұғалімге қойылатын талаптарға жауап берумен қатар пәнді оқытудың авторлық бағдарламасын құра білуі, жаңа педагогикалық технологиялар мен оқыту бағдарламаларын жасай білуі, оларды сынақтан өткізу бойынша жұмыс жүргізу, өз пәні бойынша

тәжірибелік тапсырмалар құрастыру, білім беру саласындағы өзекті мәселелерді шешу жөніндегі шығармашылық топтарды басқара білуі керек.

Біліктілікке қойылатын талаптар: техникалық және кәсіптік педагогикалық білім, мұғалімдік қызметтегі еңбек өтілі кемінде 5 жыл;

Бастауыш әскери дайындықтың (БӘД) оқытушы-ұйымдастырушысы үшін қосымша: оқушылардың әскери-патриоттық тәрбиесін ұйымдастырады. Директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасарымен, сынып жетекшілермен бірлесіп, оқу жылына арналған әскери-патриоттық жұмыстардың жоспарын әзірлейді, оның орындалуын қамтамасыз етеді. Білім беру ұйымында бастауыш әскери дайындықтың материалдық базасын күшейтуге және дамытуға, жабдықтар мен керек-жарақтардың сақталуына, санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуы үшін шара қолданады. Жасөспірімдерді әскери оқу орындарына іріктеуге қатысады. Білім алушыларды алғашқы әскери есепке алу жұмыстарын ұйымдастырады және өткізеді. Сабақта және сабақтан тыс уақытта бастауыш әскери дайындық сабағын өткізеді, әскери істердің негіздерін оқып-үйрену бойынша үйірмеге жетекшілік жасайды, төтенше жағдайлардағы әрекеттер бойынша тәжірибелік сабақтар мен жаттығулар өткізеді. БӘД кабинетіне және арнайы мүліктерге арналған бөлмеге жауапты болады, азаматтық қорғаныс (АҚ) жоспарын жасайды, АҚ бойынша сабақтар дайындайды және өткізеді, шұғыл жағдайларға байланысты іс-шаралар дайындайды, қорғаныс жағдайларының дайындығын, АҚ бойынша шұғыл жағдайларда жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етеді.

Білуге міндетті: «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңын, Қазақстан Республикасы азаматын әскери есепке алудың мәселелері жөніндегі құқықтық нормативтік актілер.

БӘД оқытушы-ұйымдастырушы: жоғары педагогикалық немесе жоғары кәсіптік (әскери, запастағы офицер), тиісті бейіні бойынша техникалық және кәсіптік білімі болуы қажет.

Шағын жинақталған білім беру ұйымдарындағы мұғалімдерге қойылатын қосымша біліктілік талаптары: жоғары педагогикалық білім немесе техникалық және кәсіптік педагогикалық білім пән бойынша тиісті біліктілік курстарынан өту туралы сертификат болған жағдайда.

Ескерту: жұмыс оқу жоспарының бөлігінен вариативтік курс жүргізген кезде негізгі пән бойынша біліктілік санаты сақталады;

педагогикалық білімі жоқ тиісті бейін бойынша маман жұмыс оқу жоспарының вариативтік бөлігін оқытқан кезде біліктілігі орта деңгейдегі мамандықтарға теңестіріледі;

жоғары әскери (запастағы офицер) білімі бар БӘД оқытушы-ұйымдастырушысының біліктілік санаты жоғары педагогикалық білімі бар БӘД оқытушы-ұйымдастырушының біліктілік санатына теңестіріледі.

1995 жылға дейін орта мектептің XI педагогикалық сыныбын бітірген тұлғалар біліктілігі орта деңгейлі маман болып есептеледі.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарының педагог-психологы

Лауазымдық міндеттері. Оқушылардың психологиялық және әлеуметтік жағдайын сақтауға және түзетуге бағытталған қызметті жүзеге асырады. Бала құқықтарын қорғау конвенциясына сәйкес тұлғаның құқықтарын қорғауына көмектеседі. Балалардың тұлғасын дамуына кедергі келтіретін факторларын айқындайды және әртүрлі психологиялық көмек (психикалық түзету, сауықтыру және кеңес беру) көрсету бойынша шараларды қабылдайды. Мектеп жасына дейінгі балаларға, ата-аналарға немесе оларды алмастыратын тұлғаларға, педагогикалық ұжымға психологиялық бағыттағы проблемаларды шешуде көмек көрсетеді. Әртүрлі бейіндегі және мақсаттағы психологиялық диагностикасын жүргізеді.

Педагогикалық ұжымның, сонымен қатар ата-аналар немесе оларды алмастыратын тұлғаларының бағдары мақсатында зерттеу жұмыстарының материалдары бойынша, мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалық және әлеуметтік даму мәселелеріне психологиялық-педагогикалық қорытындылар жасайды. Белгіленген нысанда құжаттарды жүргізеді және оны мақсаты бойынша қолданады.

Оқушылардың жеке және жыныс-жас ерекшеліктерін ескерумен білім беру қызметінің дамытушы және түзету бағдарламаларын жоспарлауға және дайындауға қатысады, өмірдегі әртүрлі жағдайларда

бағдарлануына балалардың дайындығын дамытуына көмектеседі. Мектеп жасына дейінгі шығармашылық дарынды балаларға психологиялық қолдау көрсетеді, олардың дамуына көмектеседі.

Оқушылардың даму дәрежесін анықтайды балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік даму бұзушылықтарын диагностикалауға, оларға педагогикалық-психологиялық түзету жұмыстарын жүргізеді. Оқушылардың, тәрбиеленушілердің, педагог қызметкерлердің әлеуметтік-психологиялық біліктілігін арттыруға бағытталған психологияны практикалық қолдану мәселелері бойынша білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне консультация береді. Педагогикалық, әдістемелік кеңес жұмыстарына, ата-аналар жиналысы, сауықтыру, тәрбиелеу және білім беру ұйымының жұмыс жоспарында қарастырылған басқа да шараларға қатысады. Компьютерлік сауаттылық, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігі бар. Өзінің кәсіби деңгейін арттырады. Тәрбие-білім беру үдерісінде балалардың өмірін, денсаулығы мен құқықтарын қорғауын қамтамасыз етеді. Еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын, техника қауіпсіздігі мен өртке қарсы қорғаныс техникасын сақтайды.

Білуге міндетті. Қазақстан Республикасының Конституциясы, ҚР Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», "Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы", «Қазақстан Республикасы тіл туралы», "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", «Қазақстан Республикасы жемқорлыққа қарсы күрес», «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы» Заңдарын және білім беру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, жалпы психология, педагогикалық психология және жалпы педагогиканы, тұлғалық психология мен дифференсалдық психология, балалар мен жас ерекшелік психологиясын, әлеуметтік психология, медициналық психология, балалар нейропсихологиясы, патопсихология, психосоматиканы, дефектология, психотерапия, психодиагностика, психологиялық кеңес және психопрофилактика негіздерін, қарым-қатынастың әлеуметтік-психологиялық тренингтер, белсенді оқыту әдістерін, жеке және топтық кәсіби кеңес берудің қазіргі заманғы әдістерін, балалардың дамуында ақауы бар балаларды диагностикалау және түзетуді, еңбекті қорғау, техникалық қауіпсіздік және өртке қарсы қорғану нормалары мен ережелерін және санитарлық қағидалар мен нормаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман: еңбек өтіліне қойылатын талаптарсыз тиісті бейіні бойынша жоғары кәсіптік білім.

Тиісті санатты алу үшін міндеттерді анықтау арқылы біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғарғы деңгейдегі екінші санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ педагог-психологке қойылатын барлық талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: қазіргі заманғы психологиялық әдістерді меңгеруі, мектепке дейінгі жастағы балалармен нақты психологиялық жұмыс жасаудағы басымдықтарды айқындай алуы, мектеп жасына дейінгі балалармен психологиялық-педагогикалық жұмыстың жаңа технологияларын дайындауға қатысуы, білім беру мекемелеріндегі жетекші психологиялық-педагогикалық тәжірибені игеру бойынша әдістемелік семинар жұмысына қатысуы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: тиісті бейіні бойынша жоғары кәсіптік білім және педагог-психолог қызметіндегі еңбек өтілі кемінде 2 жыл.

Біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санаттағы маман:

біліктілігі екінші санаттағы жоғары деңгейлі педагог-психологқа қойылатын талаптарға сай болуы тиіс, сонымен қатар: мектеп жасына дейінгі балалармен әртүрлі психологиялық жұмыстарды атқаруы тиіс, үнемі өзінің біліктілігін арттыруы керек, жетекші тәжірибені игеру бойынша семинарларға жетекшілік етуі тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: тиісті бейіні бойынша жоғары кәсіптік білім және педагог-психолог лауазымындағы еңбек өтілі кемінде 3 жыл.

Біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санаттағы маман:

біліктілігі бірінші санаттағы жоғары деңгейлі педагог-психологқа қойылатын талаптарға сай болуы тиіс, сонымен қатар: мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жасау бойынша жаңа психологиялық-педагогикалық бағдарламаларды дербес дайындауы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: тиісті бейіні бойынша жоғары кәсіптік білім және педагог-психолог лауазымындағы еңбек өтілі кемінде 5 жыл.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарының дефектолог-мұғалімі, логопеді

Лауазымдық міндеттері. Мүмкіндігі шектеулі балалармен және жасөспірімдермен түзету жұмыстарын жүзеге асырады. Тәрбиеленушілердің психикалық, физиологиялық бұзылыстарын тексеру жүргізеді, олардың құрылымы және көрініс дәрежесін анықтайды. Тәрбиешілер және басқа да мамандармен бірлесіп түзету, бұзылған қызметтерін қалпына келтіру және мүмкіндігі шектеулі тәрбиеленушілердің әлеуметтенуіне арналған топтық және жеке жұмыстарды жүзеге асырады.

Педагог қызметкерлерге, оқушылардың ана-аналарына немесе оларды алмастыратын тұлғаларға дамуында ауытқуы бар балаларға көмек көрсетуде пайдаланатын әдіс-тәсілдерді қолдану туралы кеңес береді.

Тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандартының талаптарына сәйкес оқытудың түрлі әдіс, тәсілдерін қолданады. Арнайы білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады.

Компьютерлік сауаттылығы, ақпаратты-коммуникациялық құзырлығы бар. Өзінің кәсіби біліктілігін жүйелі түрде арттырады. Әдістемелік бірлестік және әдістемелік жұмыстардың басқа да түрлеріне қатысады. Қажетті құжаттарды жүргізеді. Қоғамда мүмкіндігі шектеулі тұлғалармен толерантты қатынас орнатуға арналған ағарту жұмыстарын жүргізеді. Еңбекті қорғау нормалары мен тәртіптерін, қауіпсіздік техникасын және өрттен қорғауды орындайды. Оқу үрдісінде балалардың өмірлерін, денсаулықтарын және балалардың еркіндігін сақтауды қамтамасыз етеді.

Білуге міндетті. Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Балалар құқықтары конвенциясы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзете қолдау», «Қазақстан Республикасында балалар құқығы», «Арнайы әлеуметтік стандарттар туралы» Заңдарын және Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту болашағын және бағыттарын анықтайтын нормативті құқықтық актілерді, өмірде қиын жағдайға тап болған балаларға арналған арнайы әлеуметтік қызметтің мемлекеттік стандартын, жас ерекшелік және арнайы педагогика мен психологияны, дефектологияның анатомиялық-физиологиялық және клиникалық негіздерін, тәрбиеленушілердің дамуындағы ауытқуларды түзетіп және алдын-алу әдіс-тәсілдерін, кәсіби және іс жүзіндегі әрекеттері мәселесі бойынша нормативті және әдістемелік құжаттарды, дамуында ауытқулары бар оқушылар мен тәрбиеленушілермен жұмыс жүргізуге арналған бағдарламалы-әдістемелік әдебиеттерді, дефектология ғылымының жаңа жетістіктерін, еңбек туралы заңнамаларды, еңбекті қорғау тәртібі мен нормаларын, қауіпсіздік техникасын және өртке қарсы қорғау, санитарлық қағиданы.

Лауазымға қойылатын талаптар: «Дефектология», «Логопедия» мамандығы бойынша жоғары педагогикалық білім.

Тиісті санатты алу үшін міндеттерді анықтаумен қоса біліктілікке қойылатын талаптар: санаты жоқ біліктілігі жоғары деңгейлі маман: «Дефектология» «Логопедия» мамандығы бойынша жоғары педагогикалық білім, еңбек өтіліне талап қойылмайды.

екінші санатты жоғары деңгейлі маман:

санаты жоқ жоғары деңгейлі дефектолог-мұғалімге, логопедке қойылатын жалпы талаптарға сәйкес болуы, сонымен қатар: оқытудың жаңа әдістерін тексеруден өткізуі, озық тәжірибелерді игеруі, оларды қолданып, тәрбиеленуші тұлғалардың жалпы мәдениетін, әлеуметтенуін қалыптастыруды сараптау икемінің болуы, білім беру ұйымының әдістемелік бірлестіктерінің жұмысына қатысуы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: «Дефектология» «Логопедия» мамандығы бойынша жоғары педагогикалық білім, дефектолог-мұғалім (логопед) лауазымында жұмыс стажы кемінде 2 жыл.

бірінші санатты жоғары деңгейлі маман: біліктілік деңгейі жоғары екінші санатты дефектолог-мұғалімге, логопед-мұғалімге, екінші санатты жоғары деңгейлі логопедке қойылатын жалпы талаптарға сәйкес болуы, сонымен қатар оқытуда тәрбиеленушілердің ауытқуларын барынша түзеуге бағытталған сараптау әдістерін меңгерген, шығармашылық семинарларды басқара білу, педагогикалық озық тәжірибені ендіру, дефектологияның заманауи әдістерін меңгерген, қолдануға құқылы сертификаттары бар, білім беру ұйымының әдістемелік бірлестіктерінің жұмысына қатысу, өз кәсіби құзырлығы саласына қажетті теориялық және практикалық білімінің болуы керек.

лауазымға қойылатын талаптар: «Дефектология» «Логопедия» мамандығы бойынша жоғары

педагогикалық білімі немесе мамандыққа сәйкес жоғары білімі, логопед-мұғалім қызметінде еңбек өтілі кемінде 3 жыл.

жоғарғы санатты жоғары деңгейлі маман:

бірінші санатты жоғары деңгейлі дефектолог-мұғалімге, логопед-мұғалімге, қойылатын жалпы талаптарға жауап беруі, сонымен қатар ғылыми-зерттеу, тәжірибелік жұмыстардың әдістерін білуі, жаңа бағдарламаларды құрастырып, оларды енгізуге жұмыстар атқару керек, арнайы педагогика саласындағы өзекті мәселелерді қарастырудағы шығармашылық топтың жұмысын басқару, өз кәсіби құзырлығы саласына қажетті теориялық және практикалық білімінің болуы қажет.

лауазымға қойылатын талаптар: «Дефектология» «Логопедия» мамандығы бойынша жоғары педагогикалық білімі немесе мамандыққа сәйкес жоғары білімі, логопед-мұғалім қызметінде еңбек өтілі кемінде 5 жыл.

Әлеуметтік педагог

Лауазымдық міндеттері: Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке психологиялық-медициналық-педагогикалық ерекшеліктерін және олардың микроорталығын, өмір сүру жағдайын зерделейді мен мүдделілігі мен қажеттілігін, даудамалық жағдайларды, тәртібіндегі ауытқуларды анықтайды, уақытында әлеуметтік көмек және қолдау көрсетеді.

Әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың әдістерін, түрлерін, міндеттерін анықтайды, баланың әлеуметтік және жеке проблемаларын шешу тәсілдерін, балалардың, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке құқықтары мен еркіндіктерін іске асыруда әлеуметтік көмек және әлеуметтік қорғау бойынша шаралар қабылдайды. Білім алушылар, тәрбиешілер, балалар мен әкімшілік органдар, ведомстволар, әртүрлі әлеуметтік қызметтің мамандары, қоғам, жанұя, білім беру ұйымдары арасында байланыс орнатады. Әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың міндеттерін, әдістерін, баланың әлеуметтік және жеке проблемаларын шешу жолдарын, анықтайды. Тұлғаның қоғамдағы өмірге бейімделуін қамтамасыз ету үшін білім беру ұйымдары мен тұрғылықты мекен жайы бойынша білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) білім алуы, тәрбиеленуі, дамуы және әлеуметтік қорғалуы бойынша іс-шаралар кешенін жүзеге асырады. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, мүмкіндігі шектеулі балаларды, мүгедек балаларды, бала кезінен мүгедек балаларды мүліктік және мүліктік емес құқықтары бойынша патронат бойынша тұрғын үймен, жәрдем ақымен, зейнет ақымен қамтамасыз ету жұмыстарын үйлестіреді. Балалар мен мемлекет, қоғамдық ұйымдар мен әлеуметтік қызметтер арасында байланыс орнатады. Мұғалімдермен, ата-аналармен басқа заңды өкілдермен өзара қарым-қатынас жасайды. Білім беру ұйымындағы оқу бағдарламаларын әзірлеуге, бекітуге және іске асыруға қатысады. Компьютерлік сауатты, ақпараттық-коммуникациялық біліктілікке ие.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы», «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы», «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың және балалардың қараусыз қалуының алдын алу туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқығы туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңдарын және басқа білім беру мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді, әлеуметтік саясат негіздерін, жалпы және әлеуметтік педагогиканы, педагогикалық, әлеуметтік, жас ерекшелік және баланың психологиясын, валеология және әлеуметтік гигиена негіздерін, әлеуметтік-педагогикалық және диагностикалық әдістерді, тәрбие жұмысы әдістері, педагогикалық ғылымның негізгі бағыттарын, әлеуметтік-педагогикалық жұмысты жоспарлау және талдауды, еңбек туралы заңнамалар негізін, еңбекті қорғау ережелері мен нормалары, қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі техникасын, санитарлық ережелер мен нормаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ маман: жоғары педагогикалық білім.

Тиісті санатты алуы үшін міндеттерді анықтай отырып, біліктілікке қойылатын талаптар: біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты маман:

Жоғары деңгейлі санаты жоқ әлеуметтік педагогке қойылатын барлық талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: озық іс-тәжірибелерді зерттеп оны практикада қолдана білуі, оқу-тәрбие жұмысына талдау жасау дағдыларын, білім беру ұйымдарындағы әдістемелік бірлестіктердің жұмысына қатысуы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім, әлеуметтік педагог лауазымындағы еңбек өтілі кемінде 3 жыл;

біліктілігі жоғары деңгейлі бірінші санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейлі екінші санатты әлеуметтік педагогке қойылатын барлық талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: тәрбие жұмысына талдау жасау әдістемесін, шығармашылық семинарларды басқара білуі, озық тәжірибелерді енгізуі тиіс.

біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім және әлеуметтік педагог лауазымындағы еңбек өтілі кемінде 4 жыл;

біліктілігі жоғарғы деңгейдегі жоғары санатты маман:

бірінші санатты әлеуметтік педагогқа қойылатын барлық талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: ғылыми-әдістемелік, эксперименттік жұмыстарды білуі; әлеуметтік-педагогикалық бағдарламалардың, педагогикалық технологиялардың құрастыра білуі және олардың жұмысы бойынша апробация жүргізуі, әлеуметтік педагогиканың өзекті мәселелерімен айналысатын шығармашылық топтың жұмысын басқаруы тиіс.

біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім және әлеуметтік педагог лауазымындағы еңбек өтілі кемінде 5 жыл.

Тәлімгер, аға тәлімгер

Лауазымдық міндеттері: Балалар қоғамдық ұйымдарының, бірлестіктерінің дамуына ықпал етеді. Балалар мен жасөспірімдер бірлестіктерінің, ұйымдарының қызметін жоспарлауда оларға көмектеседі, олардың қызметінің мазмұны мен нысандарын жаңартуға ықпал етеді. Ұжымдық-шығармашылық қызметті ұйымдастырады. Қолданыстағы ұйымдар мен бірлестіктер туралы балалар мен жасөспірімдерді кеңінен ақпараттандыру үшін жағдайлармен қамтамасыз етеді. Балалар мен жасөспірімдерге азаматтық және рухани ұстанымын танытуға, өзінің мүдделері мен қажеттіліктерін іске асыруға, бос уақыттарын пайдалы өткізуге мүмкіндік беретін қолайлы жағдайлар жасайды. Білім беру ұйымдарында мәдени-бұқаралық патриоттық жұмыстарды жүргізеді. Оған сеніп тапсырылған білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігі туралы қамқорлық танытады. Каникул кезінде олардың демалысын ұйымдастырады. Балалармен және жасөспірімдермен озық жұмыс тәжірибелерін зерделейді және қолданады.

Балалар ұйымдары мен бірлестіктерінің алғашқы ұжымдары басшыларын іріктеу және дайындау жұмыстарын жүргізеді.

Тәрбиеленушілердің (білім алушылардың) отбасылық жай-күйін зерделейді және баспаналық-тұрмыстық жағдайын, жеке қабілеттілігін, балалардың қызығушылығы мен баланың жеке тұлға болып қалыптасуын психологтардың нұсқаулары бойынша (топтық және жекелей) дамыту-түзету жұмыстарын жоспарлайды және ұйымдастырады. Әлеуметтік-психологиялық оңалту, әлеуметтік және еңбекке бейімделу жағдайларын жасау үшін күнделікті жұмыстар жасайды.

Өзін-өзі басқару органдарымен және білім беру ұйымдарының педагог ұжымдарымен, қоғамдық ұйымдармен, оқушылар ата-аналарымен немесе оларды алмастырушылармен тығыз байланыста жұмыс жасайды. Компьютерлік сауатты, ақпараттық-коммуникациялық біліктілікке ие.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Неке және отбасы туралы» Заңдары және басқа білім беру мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, педагогика, психология, жас ерекшелік физиологиясы мен гигиенасының негіздерін, тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесін, еңбек туралы заңнамалар негізін, еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын, қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі техникасын, санитарлық қағидалар мен нормаларды.

біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ маман: жоғары педагогикалық білім;
біліктілігі орта деңгейдегі санаты жоқ маман: техникалық және кәсіптік педагогикалық білім.

Тиісті санатты алу үшін міндеттерді айқындаумен қатар біліктілікке қойылатын талаптар: біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты маман: біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ тәлімгерге қойылатын барлық талаптарға жауап беруі, сонымен қатар балалармен жеке және топпен жұмыс жасауды дербес ұйымдастыра білуі тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім және тәлімгер лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл;

біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты тәлімгерге қойылатын барлық талаптарға жауап беруі, сонымен қатар балалармен диагностикалық жұмыс жасаудың ұйымдастыру нысандарын білуі, балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеудің проблемалары бойынша зерттеу жұмыстарының дағдыларының болуы, өткізілетін тәрбие іс-шараларын талдау әдістерін білуі, өз жұмысында озық педагогикалық тәжірибені қолдана білуі тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білімі және аға тәлімгер лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 4 жыл;

біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты маман: біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты тәлімгерге қойылатын барлық талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: ұйымдастыру-әдістемелік қызметті талдау технологияларын білуі қажет.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім және тәлімгер лауазымы бойынша жұмыс өтілі кемінде 5 жыл;

біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты маман:

біліктілігі орта деңгейдегі санаты жоқ тәлімгерге қойылатын барлық талаптарға жауап беруі, сонымен қатар балалармен жеке жұмысты ұйымдастыру бойынша ұсынымдарды дербес әзірлей білуі тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі педагогикалық білім және тәлімгер лауазымы бойынша жұмыс өтілі кемінде 3 жыл;

біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты маман:

біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты тәлімгерге қойылатын барлық талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: тәрбие жұмысына талдау жасаудың әдістерін меңгеруі, диагностикалық жұмыстың ұйымдастырылған нысандарын меңгеруі; өз жұмысында педагогикалық озық тәжірибелерді пайдалана білуі тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: тиісті педагогикалық мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік білім және тәлімгер лауазымы бойынша жұмыс өтілі кемінде 4 жыл;

біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты маман:

біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты тәрбиешіге қойылатын барлық талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: ғылыми-зерттеу және эксперименттік жұмыстар әдістерін меңгеруі, өз жұмысында педагогикалық озық тәжірибелерді пайдалана білуі тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: тиісті педагогикалық мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік білім және тәрбиеші лауазымы бойынша жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

Білім беру ұйымының зертханашысы (физика, химия, биология, информатика кабинеттері)

Лауазымдық міндеттері: Мұғалімдерге сабақтардың, сыныптан тыс сабақтарды жүргізуге көмектеседі. Күн сайын сабақтың басталу уақытына дейін оқушылардың жұмыс орнын, газдың және судың, электр жүйелері мен электр құрал-жабдықтарының жай-күйін тексереді, анықталған кемшіліктер немесе жөнделмеген ақаулар туралы мұғалімге баяндайды. Зертхананың жұмыс істеуін, мүлкінің сақталуын, оқу және зертхана кабинеттерінің тазалығы мен тәртібін, жанатын, улы заттарды, зертханалық жабдықтарды оқу процесінде пайдалану және сақтау кезінде қауіпсіздік техникасы ережелерінің сақталуын қамтамасыз етеді. Кабинетте зертханалық жабдықтардың барлық түрлерін пайдалану дағдыларын меңгереді, жарақаттанушыға дәрігерге дейінгі көмекті көрсетеді, өртке қарсы жұмыс жүргізеді, өртке қарсы пайдаланылатын құралдар мен мүліктердің жай-күйіне және

сақталуына, желдетпе жүйесінің, газбен жабдықталудың жай-күйіне бақылауды жүзеге асырады. Зертханалық және практикалық жұмыс жүргізудің қауіпсіздік техникасының сақталуын қамтамасыз етеді. Эксперименттерді орындау барысында дайындық және көмекші операцияларды, бақылауды, өлшемдер нәтижелерін, жұмыс журналдарын толтыруды, талдаулар, зерттеулерді әдістемелік құжаттарына сәйкес жүйелейді және ресімдейді.

Информатика кабинетінің зертханашысы: сынып жұмысы басталғанға дейін сабақ өткізу үшін компьютерлік жабдықтарды дайындайды, оны бірінші тексеруді және пайдалануды жүзеге асырады, аяқталған соң жүйе жұмысының дұрыс аяқталуын және компьютерді өшіруді жүргізеді. Компьютер залдарында жұмыс тәртібінің орындалуына бақылау жасайды. Оқу кезінде, сондай-ақ өзіндік жұмыс жасау кезінде компьютерлік вирустарды тасымалдағыштарды сканерлеуді жүргізеді, тасымалдағыштар мен локальді желілер арасындағы ақпарат алмасу жұмыстарын орындайды.

Компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық құзіреттілікті меңгерген.

Жоспарлы, күнделікті, апталық, жартыжылдық профилактикалық жұмыстарға қатысады. Компьютерлік жабдықтардың дұрыстығын бақылайды, оны тазартуды жүзеге асырады. Регламентке сәйкес жұмыс журналдарын жүргізеді. Пайдаланушыларға жүйеге ену кілт сөзі, оқытушылар берген оқу материалдарын орналастыру, бар инструментарияларды пайдалану бойынша кеңестер береді. Жүйедегі жұмыс дұрыс жүргізілмеген жағдайда компьютерлердің істен шығуын тіркейді және басшылыққа хабарлайды. Оқу процесін ұйымдастыруға байланысты әртүрлі есепті және графикалық жұмыстарды орындайды. Информатика мұғалімінің жеке қызметтік тапсырмаларын орындайды.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы», «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары және басқа білім беру мәселесі жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді, тестілеу сынақтарын тексеру әдістерін, педагогика мен психология негіздерін, пән бойынша негізгі оқу-бағдарламалық құжаттарды, зертханалық және практикалық жұмыстарды жүргізудің техникасын, дәрігерге дейінгі көмек көрсетуді, еңбек туралы заңнамаларды, қауіпсіздік техникасын, еңбекті қорғау және өртке қарсы ережелерді, санитарлық ережелер мен нормаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім.

Білім беру ұйымы жанындағы интернат меңгерушісі (басшысы)

Лауазымдық міндеттері. Интернаттың жұмыстарына басшылық етеді, тәрбиешілердің және басқа да қызметкерлердің жұмысын бірыңғай оқу-тәрбие процесі шегінде бақылауды жүзеге асырады, оқу-әдістемелік құжаттарды жасау жұмысын үйлестіреді. Сапалы білім мен тәрбие беру ісін бақылауға алады. Тәрбиешілерге әдістемелік көмек береді, педагогикалық тәжірибені таратуға, тәрбиешілердің біліктілігін арттыруға, жұмыскерлердің және оқушылардың шығармашылық бастамаларын дамытуға ықпал етеді. Тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын сақтау үшін қажетті жағдай тудырады.

Оқу-тәрбие (әдістемелік, мәдени, сыныптан тыс) жұмыстарын ұйымдастырады. Интернатта тұратын балаларға медициналық қызмет көрсету жағдайын, ішкі тәртіп ережелерін, еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын, техника қауіпсіздігін, санитарлық және өртке қарсы ереженің сақталуын бақылайды, қажетті үй-тұрмыстық жағдаймен қамтамасыз етеді, балалардың дұрыс тамақтануын ұйымдастырады. Интернат, мектеп және ата-аналармен байланыста жұмыс жасауға бағыттайды. Интернат қызметі туралы қажетті есеп құжаттарын дайындауды және ұсынуды қамтамасыз етеді. Компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық құзіреттілікті меңгерген.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың және балалардың қараусыз қалуының алдын алу туралы» заңдарын, педагогиканың және психологияның және басқа да қосымша білім берудің даму перспективаларын және бағыттарын анықтайтын нормативтік құқықтық актілерді, педагогиканы, педагогикалық психология, педагогикалық

ғылым және тәжірибе, экономика жетістіктерін, қаржы-шаруашылық қызметті, еңбек туралы заңнаманың негіздерін, еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын, техникалық қауіпсіздік пен өртке қарсы қорғану, санитарлық ережелер мен нормаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім және педагог қызметінде еңбек өтілі кемінде 5 жыл.

Білім беру ұйымының оқу өндірістік (оқу) шеберханасының меңгерушісі

Лауазымдық міндеттері: Шеберхана қызметін басқарады, өндірістік оқыту бойынша оқу кестесінің сақталуын қамтамасыз етеді. Шеберхананы оқу процесі үшін қажетті жабдықтармен, материалдармен, аспаптармен, оқытудың техникалық құралдарымен, көрнекі құралдармен қамтамасыз етеді, сақтауға мүлктік материалдық құндылықтарды қабылдайды. Белгіленген тәртіппен олардың есебі мен есептілігін жүргізеді, жабдықтарды, аспаптар мен қарапайым құралдарды сабаққа дайындауды ұйымдастырады. Шеберхана мен қолда бар жабдықтарды, оқыту құралдарын дұрыс, әрі тиімді пайдалануды, арнайы киімдерді қолдану мен пайдалану ережелерін сақтауды қамтамасыз етеді. Станоктарды, машиналарды, жабдықтарды, аспаптарды, қарапайым құралдарды баптау мен жөндеуді ұйымдастырады, өндірістік оқыту сабақтарында техника қауіпсіздігі бойынша нұсқама өткізуді оқу-өндірістік шеберлерімен бірлесіп бақылайды. Оқыту процесі кезінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді. Техника қауіпсіздігі мен өртке қарсы қорғау талаптарын орындайды. Компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық біліктілікті меңгереді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, педагогика негіздерін, кәсіптік оқытудың әдістері, жұмыстың технологиялық процестерін, жабдықтарда жұмыс істеудің әдістері мен тәсілдерін, жаңаша техникалық жетістіктерін, санитария мен гигиена негіздерін, экономика және қаржы-шаруашылық қызметінің негіздерін, еңбек туралы заңнамалар негіздерін, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы ережелері мен нормаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білім, тиісті бейіндегі ұйымдарда басшы лауазымында еңбек өтілі кемінде 3 жыл.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымының директоры

Лауазымдық міндеттері: Білім беру ұйымының қызметін оның жарғысына және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес басқарады. Білім беру ұйымының оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік, әкімшілік-шаруашылық және қаржылық-экономикалық қызметті ұйымдастырады. Білім беру ұйымының педагогикалық кеңесімен бірлестікте жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларын, оқу процесінің күнтізбелік кестесін, ішкі тәртіп ережелерін және басқа да нормативтік актілерді әзірлеуді және бекітуді ұйымдастырады. Ұйым қызметінің ағымды және келешегін жоспарлауды ұйымдастырады. Кәсіптік – еңбек, оқыту – танымдық, және шынықтыру – сауықтару бағыттарындағы компоненттерден тұратын кәметке толмағандарды әлеуметтік бейімдеудің жекелеген бағдарламаларды әзірлеу және оның іске асырылуын қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік көмек пен қолдауды қажет ететін балаларға жататын орын бере отырып өмір сүру, оқыту және тәрбиелеу үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету арқылы білім беру бағдарламаларын игеруге, тұлғаның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік және салауатты өмір сүру салтының берік негіздерін қалыптастыру, дара тұлғаны дамыту үшін жағдайларды жасау арқылы зияткерлікті байыту, азаматтық пен елжандылыққа, өз еліне - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеуге, Қазақстан Республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыруда, әлемдік және отандық мәдениеттің

жетістіктеріне баурау, қазақ халқы мен басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрып дәстүрлерін зерделеу, мемлекеттік, орыс, шетел тілдерін білуге қолайлы жағдай жасайды. Тәрбиеленушілерді әлеуметтік қорғауды, медициналық психологиялық педагогикалық оқалтуды және әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ету.

Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды белсенді пайдаланады және дамытады.

Оқу-тәрбие процесін ғылыми-әдістемелік және материалдық-техникалық базасын ұйымдастырады және жетілдіреді. Оқу-тәрбие процесін әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастырады және жетілдіреді. Педагогикалық ұйымдар, әдістемелік бірлестіктер, балалар ұйымдары қызметіне ықпал етеді.

Орталықтағы кәмелетке толмағандарды бұдан әрі орналастыру бойынша қамқоршылық және қорғаншылық органдарымен өзара әрекеттеседі. Кәмелетке толмағандарды отбасыларына қайтаруға қолғабыс етеді. Кәмелетке толмағандардың әлеуметтік мәртебесін қалыпқа келтіру үшін шара қолданады.

Оқу-тәрбие процесі кезінде білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) және білім беру ұйымы қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігіне қажетті жағдайлар жасайды. Өмірде қиын жағдайға тап болған кәмелетке толмағандарға және олардың ата – аналарына немесе басқа заңды өкілдеріне осы жағдайдан шығу үшін әлеуметтік және психологиялық көмек көрсетеді.

Білім беру ұйым тәрбиеленушілердің заңды өкілі болады. Тәрбиеленушілердің заңды құқықтары мен мүдделерін (жеке, мүліктік, тұрғын үй, еңбек және т.б.) қорғайды, туыстық байланыстарды қолдау үшін жағдайлар жасау шараларын қабылдайды.

Тәрбиеленушілердің қорғау және олардың денсаулығын нығайту мақсатында тамақтану және медициналық қызмет көрсету жұмысын ұйымдастырады және оған бақылау жүргізеді. Белгіленген заңнама шегінде білім беру ұйымының мүлкі мен құралдарына басшылық етеді, жыл сайын құрылтайшылардың қаржылық және материалдық қаражаттың түсуі және жұмсалуды туралы есебін береді.

Нормативтік талаптарға сәйкес есеп жүргізіп, оқу-материалдық базаның сақталуын және толықтырылуын қамтамасыз етеді, ішкі еңбек тәртібі ережесін, санитарлық-гигиеналық режимді, еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігін сақтау үшін жауап береді.

Педагог кадрларды және қосымша қызметшілерді іріктеуді және жұмысқа тартуды жүзеге асырады, басқару құрылымын, қызметкерлердің штаттық кестесін, лауазымдық нұсқаулығын бекітеді, олардың кәсіби шеберлігін арттыру үшін жағдай жасайды. Педагогикалық кеңесті басқарады. Белгіленген тәртіп бойынша қызметкерлерді аттестаттауды жүргізеді. Қызмет барысында айрықша көзге түскен оқытушылар мен білім беру ұйымдарының қызметкерлерін өзінің құзыретіне қарай марапаттауға және көтермелеуге ұсынады және өз құзыретінің аясында жаза қолданады. Қоғаммен байланысты жүзеге асырады.

Білім беру ұйымын мемлекеттік және басқа ұйымдарға таныстырады, қажетті есептілік құжаттамаларды дайындауды және ұсынуды қамтамасыз етеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-айыптылық) және отбасы туралы» Кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы», «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», "Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы», «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы» Заңдары және білім беруді дамытудың бағыттары мен болашағын айқындайтын басқа да нормативтік құқықтық актілерді, педагогика және психология негіздерін, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын педагогиканы, педагогикалық психологияны, педагогика ғылымы мен практиканың жетістіктерін, экономика негіздерін, қаржылық-шаруашылық қызметті, еңбек туралы заңнамаларды, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігін, өндірістік санитарлық және өртке қарсы күрес нормалары мен ережелерді.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім және білім беру ұйымдарындағы педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарының директорлары үшін: педагогикалық немесе заңгерлік бойынша жоғары білім және тиісті салада еңбек өтілі кемінде 5 жыл.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымы директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары

Лауазымдық міндеттері: Білім беру ұйымының қызметін перспективалық болжауды және ағымдағы жоспарлауды ұйымдастырады. Оқу-тәрбие процесінің, ғылыми-әдістемелік және әлеуметтік психологиялық қамтамасыз етілу жағдайын талдайды. Педагогтердің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен жоспарларының орындалуын, сондай-ақ қажетті оқу, оқу-тәрбие, оқу-әдістемелік құжаттамаларды әзірлеу жұмыстарын үйлестіреді.

Білім беру процесінің сапасына және білімді меңгеру нәтижесінің шынайы бақылау жасайды. Білім алушылардың оқу жүктемесіне бақылау жасап, сабақтардың кестесін және басқа да оқу қызметінің түрлерін құрады. Білім беру процесін жетілдіруге ұсыныс енгізеді. Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастырады, үйлестіреді және оған талдау жасайды. Оқу жоспарларын әзірлеу, оқу процесін ұйымдастыруын қамтамасыз етеді. Емтиханға дайындық және өткізу жұмыстарын ұйымдастырады. Мемлекеттік аралық бақылау және ұлттық бірыңғай тестілеу жұмысын дайындауға және өткізуге қатысады. Тәжірибелі мұғалімдердің нәтижелі жұмыстарын таратуды қорытындылайды және шараларды қабылдайды.

Инновациялық технологияларды оқу процесіне енгізеді. Білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жекелеген жас, жыныс ерекшелігін ескере отырып, білім беру қызметін дамыту және түзету бағдарламаларын әзірлеуді жоспарлайды. Педагог кадрларды іріктеуге және орналастыруға қатысады. Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру және аттестаттауды өткізу бойынша жұмыстарды ұйымдастырады. Оқу зертханалары мен кабинеттерін қазіргі заманғы жабдықтармен, көрнекі құралдармен және техникалық оқыту құралдарымен жарақтандыру, әдістемелік кабинеттер мен кітапханаларды оқу-әдістемелік және көркем әдебиеттермен толтыру жұмыстарын жоспарлайды.

Оқу-тәрбиелеу процесінде қолданылатын құралдар, техникалық және көрнекілік құралдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Оқушыларға медициналық қызмет көрсету жағдайына бақылауды жүзеге асырады. Белгіленген тәртіпте есеп құжаттамаларының сапалы және уақтылы жасалуын, анықтығы мен тапсырылуын қамтамасыз етеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-айыптылық) және отбасы туралы» Кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы», «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар мен балалардың қараусыз қалуының алдын алу туралы», «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы» Заңдарын, педагогика және психология негіздерін, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын және арнайы (түзеу) білімі, әлеуметтік педагогиканың, әлеуметтік психологияның даму бағыттары мен болашағын анықтайтын басқа да нормативтік құқықтық актілерді, педагогика ғылымы мен практиканың жетістіктерін, экономика негіздерін, еңбек туралы заңнамаларды, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігін, өндірістік санитарлық және өртке қарсы күрес нормалары мен ережелерін, санитарлық ережелер мен нормаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім және педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.

Тәрбиеші ана

Лауазымдық міндеттері. Баланың өмірі мен денсаулығының сақталуын қамтамасыз ететін жағдайлар және отбасылық жағдайларға жақындастырылған тұрмыстық жағдайлар жасайды, тәрбиеленушілердің күн тәртібінің сақталуын қамтамасыз етеді. Білім беру ұйымдарымен тығыз байланыста болып, балаларды тәрбиелеу мәселелерінде сынып жетекшілерімен, олардың даму ерекшеліктерін айқындау, диагноз қою және оқытудың, тәрбиелеудің, жұмысқа орналастырудың бара-бар жағдайларын айқындау мәселелерінде консультативтік көмек алу үшін психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңеспен өзара іс-қимыл жасайды.

Балалардың адамгершілік-рухани, интеллектуалдық қабілеттерінің дамуын, дене денсаулығын қамтамасыз етеді. Бес-алты жастағы балалардың мектепалды даярлығын қамтамасыз етеді. Тәрбиеленушілерді жалпы білім беретін мектепке анықтайды. Тәрбиеленушілердің уақытылы жалпы орта білім алуына ықпал етеді. Оқу орнына балалардың баруын, тәрбиеленушілердің күн тәртібін, үй тапсырмасын орындауын, қоғамдық пайдалы еңбекке қатысуын, қосымша білім алуын, бос уақытын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

Тәрбиеленушілердің өзіне-өзі қызмет етуін, жеке бас тазалығын сақтауын ұйымдастырады. Талдау жасайды, қажеттілікті анықтайды және арнайы әлеуметтік қызмет көрсетеді. Санитарлық ережелер мен нормалардың, еңбек қауіпсіздігі мен өртке қарсы қауіпсіздік ережелері мен нормаларының сақталуын қамтамасыз етеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасы Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-айыптылық) және отбасы туралы» Кодексі, Бала құқықтары туралы конвенция, «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы», «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Кәметке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар мен балалардың қадағалаусыз және қараусыз қалуының алдын алу туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары және басқа да білім берудің дамытудың бағыттары мен болашағын анықтайтын басқа да нормативтік құқықтық актілерді, педагогика және психология негіздерін, арнайы әлеуметтік қызметтердің мемлекеттік стандарттарын, экономика негіздерін, еңбек туралы заңнамалардың негіздерін, еңбек қорғау ережелері мен нормаларды, қауіпсіздік және өртке қарсы қауіпсіздік техникасын, санитарлық ережелер мен нормаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ маман: жоғары педагогикалық білім және балалармен жұмыс істеу тәжірибесі кемінде 1 жыл.

біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты маман: біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ тәрбиеші анаға қойылатын жалпы талаптарға жауап беруге, сонымен қатар: оқыту мен тәрбиелеудің жеке тұлғаға бағытталған технологияларын білуге, әдістемелік бірлестіктердің, озық тәжірибелі мектептердің жұмысына қатысуға, педагогикалық озық тәжірибелерді өз жұмысында пайдалануға тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім тәрбиеші ана қызметіндегі жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.

біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты маман: біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты тәрбиеші анаға қойылатын талаптарға жауап беруге, сонымен қатар тәрбиеленушілердің жас ерекшелігін және жеке тұрғыдан келуді ескере отырып, тәрбие беру әдістемесін өз бетінше әзірлей білуге, тәрбие жұмысына талдау жасау әдісін меңгеруге, шығармашылық семинарларды басқара алуға және диагностикалық жұмыстарды ұйымдастыру түрлерін білуге тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім және тәрбиеші ана қызметіндегі жұмыс өтілі кемінде 4 жыл.

біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты маман: біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты тәрбиеші анаға қойылатын барлық талаптарға жауап беруге, сонымен қатар: тәрбие жұмысын талдау әдістерін білуге, тәрбиеленушілердің жас ерекшелігін және жеке тұрғыдан келуді ескере отырып, тәрбие беру әдістемесін өз бетінше әзірлей білуге, шығармашылық семинарларды басқара алуға, диагностикалық жұмыстарды ұйымдастыру түрлерін білуге, өз жұмысында озық педагогикалық тәжірибелерді пайдалануға тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім және тәрбиеші ана қызметіндегі жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

біліктілігі орта деңгейдегі санаты жоқ маман: біліктілігі орта деңгейдегі санаты жоқ тәрбиеші анаға қойылатын талаптарға жауап беруге, тәрбие процесінде тұрақты оң нәтижелерді қамтамасыз етуі тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: техникалық және кәсіптік (арнаулы орта, кәсіптік орта) білім және балалармен жұмыс істеу өтілі кемінде 1 жыл.

орта деңгейдегі екінші санатты маман: біліктілігі орта деңгейдегі санаты жоқ тәрбиеші анаға қойылатын талаптарға жауап беруге, сонымен қатар оқыту мен тәрбиелеудің жеке тұлғаға бағытталған технологияларын білуге, тәрбие беру процесінде тұрақты оң нәтижелерді қамтамасыз етуге, білім беру ұйымдарындағы әдістемелік бірлестіктердің, озат тәжірибе мектептерінің жұмыстарына қатысуға, озық педагогикалық тәжірибелерді өз жұмысында пайдалануға тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: бейіні бойынша техникалық және кәсіптік (арнаулы орта, кәсіптік орта) білім, тәрбиеші ана қызметіндегі жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.

біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты маман: біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты тәрбиеші анаға қойылатын барлық талаптарға жауап беруге, сонымен қатар: тәрбиеленушілердің жас ерекшелігін және жеке тұрғыдан келуді ескере отырып, тәрбие беру әдістемесін өз бетінше әзірлей білуге, тәрбие жұмысын талдау әдістемелерін білуге, шығармашылық семинарларды басқара алуға, диагностикалық жұмыстарды ұйымдастыру түрлерін білуге тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: бейіні бойынша техникалық және кәсіптік (арнаулы орта, кәсіптік орта) білім, тәрбиеші ана қызметіндегі жұмыс өтілі кемінде 4 жыл.

біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты маман: біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты тәрбиешіге қойылатын жалпы талаптарға жауап беруге, сонымен қатар ғылыми-зерттеу және эксперименттік жұмыстар әдістерін білуге, жаңа педагогикалық технологиялар әзірлеуге тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: бейіні бойынша техникалық және кәсіптік (арнаулы орта, кәсіптік орта) білім, тәрбиеші ана қызметіндегі жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

Патронаттық тәрбиеші

Лауазымдық міндеттері. Патронаттық тәрбиеге қабылданған баланың (балалардың) тұруына, тәрбие алуына және оқуына, сонымен қатар дене бітімінің, психикасы мен адамгершілік-рухани дамуына қажетті тұрмыстық жағдайлар жасайды, баланың (балалардың) өмірі мен денсаулығының сақталуын қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес баланы (балаларды) тәрбиелейді, оның (олардың) денсаулығына, психикалық, адамгершілік-рухани дамуына және интеллектуалдық қабілеттілігінің дамуына қамқоршылық жасайды, баламен (балалармен) бірге тұруына, баланың (балалардың) тиісті білім алуын; патронаттық тәрбиешіге табыс етілген балаға (балаларға) берілген құжаттардың, балаға (балаларға) тиесілі ақшалай қаражаттардың және басқа да мүліктердің сақталуын, оның ішінде соттарда кез келген тұлғамен қарым-қатынаста, арнайы өкілеттісіз өздерінің қамқорлығындағылардың құқықтары мен мүдделерінің қорғалуын; санитарлық ережелер мен нормалардың, еңбек қауіпсіздігі мен өртке қарсы қауіпсіздік ережелері мен нормаларының сақталуын қамтамасыз етеді;

Баланы (балаларды) күтіп-бағуға, тәрбие және білім беруге қолайсыз жағдайлардың туындағандығы туралы қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларын жүзеге асыратын органға хабарлайды.

Балаға (балаларға) арнайы әлеуметтік қызмет көрсету қажеттілігінің анықтау жөнінде жұмыс жасайды.

Баланы (балаларды) тәрбиелеу мәселелерінде білім беру ұйымдарымен, олардың даму ерекшеліктерін айқындау, диагноз қою және оқытудың, тәрбиелеудің, жұмысқа орналастырудың бара-бар жағдайларын айқындау мәселелерінде кеңестік көмек алу үшін медициналық және басқа да ұйымдармен, психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңеспен тығыз байланыста болады.

Білуге міндетті: еңбек қауіпсіздігі мен өртке қарсы қауіпсіздік ережелері мен нормаларды; санитарлық ережелер мен нормаларды,

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білім немесе техникалық және кәсіптік білім, немесе орта білімнен кейінгі білімі.

Арнайы білім беру ұйымының директоры

Лауазымдық міндеттері: Қолданыстағы заңнама мен білім беру ұйымдарының жарғысына сәйкес оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік, әкімшілік-шаруашылық, қаржы-экономикалық қызметтерін басқарады. Педагогикалық кеңеспен бірлесіп, жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларын, оқу процесінің күнтізбелік кестесін, ішкі тәртіп ережесін әзірлеуді және бекітуді ұйымдастырады. Білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензияға сәйкес психикалық-медициналық-педагогикалық консультациялар қорытындылары бойынша білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) санын қалыптастырады, білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етеді. Оқу-тәрбие процесін әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастырады және жетілдіреді.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар арасынан шыққан тәрбиеленушілердің мүдделерін (жеке, мүліктік, тұрғын үй, еңбек) қорғайды, арнайы әлеуметтік қызмет көрсетулерді бағалауды және олардың қажеттілігін анықтауды қамтамасыз етеді, ата-аналармен (олардың орнын басатындармен) жүргізілетін жұмыстарды үйлестіреді. Белгіленген нормаларға сәйкес білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жағдайларын қамтамасыз етеді.

Нормативтік талаптарға сәйкес оқу-материалдық базаның есебін, сақталуын және толықтырылуын, ішкі тәртіп ережелерінің, санитарлық-гигиеналық режимнің, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасының сақталуын қамтамасыз етеді. Белгіленген заңнама шегінде ұйымның мүліктері мен құралдарына иелік етеді. Педагог кадрлар мен көмекші қызметкерлерді іріктеуді және орналастыруды жүзеге асырады. Олардың кәсіби шеберліктерін арттыру үшін жағдайлар жасайды. Педагогикалық кеңесті басқарады. Жұртшылықпен байланысты жүзеге асырады. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау үшін қажетті жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді. Қызмет туралы қажетті есептілікті дауындауды және ұсынуды қамтамасыз етеді. Компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілікті меңгерген.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Неке және отбасы туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы», «Арнайы әлеуметтік қызметтер туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар мен балалардың қараусыз қалуының алдын алу туралы» Заңдарын және әлеуметтік психологияның даму бағыттары мен болашағын анықтайтын басқа да нормативтік құқықтық актілерді, педагогика және психология негіздерін, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, әлеуметтік педагогиканың, педагогика ғылымы мен практиканың жетістіктерін, экономика негіздерін, еңбек туралы заңнамаларды, қаржылық-шаруашылық қызмет, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігін, өндірістік санитарлық және өртке қарсы күрес нормалары мен ережелері, санитарлық ережелер мен нормаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар: «Дефектология» мамандығы бойынша жоғары білім немесе арнайы (түзеу) білім беру ұйымдары қызметінің бейіні бойынша «Әлеуметтік педагогика» мамандығы бойынша қосымша білімімен бірге жоғары педагогикалық білім. Арнайы білім беру ұйымдарындағы педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

Арнайы білім беру ұйымы басшысының орынбасары

Лауазымдық міндеттері: Педагогикалық ұжымның ағымдағы және алдағы қызметін жоспарлауды ұйымдастырады. Педагогтардың оқу жоспарлары мен бағдарламаларын орындау және қажетті оқу, оқу-тәрбие, оқу-әдістемелік, ғылыми және бейінді құжаттамаларды әзірлеу жұмыстарын үйлестіреді.

Білім беру процесінің сапасына және білім алушылардың білім дайындығы нәтижелерінің объективтілігіне, факультативтерге, үйірме және секция жұмыстарына бақылау жасайды. Білім алушылардың оқу жүктемесіне бақылау жасауды жүзеге асырады. Оқу сабақтарының және басқа да оқу қызмет түрлерінің кестесін жасайды. Оқу процесін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді. Әдістемелік жұмысты ұйымдастырады, әдістемелік бірлестіктердің жұмысын үйлестіреді. Оқу-әдістемелік жұмыстың жай-күйіне талдау жасайды. Эксперименттік жұмыс нәтижелеріне талдау жасайды, оқытушылардың анағұрлым нәтижелі тәжірибесін тарату бойынша шаралар қабылдайды.

Педагог қызметкерлерді аттестаттаудан өткізуге даярлауды және өткізуді қамтамасыз етеді. Оқу зертханалары мен кабинеттерін қазіргі заманғы жабдықтармен, оқытудың көрнекі және техникалық құралдарымен жарақтау, әдістемелік кабинеттерді, кітапханаларды оқу-әдістемелік және көркем әдебиеттермен толықтыру жұмыстарын үйлестіреді. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге медициналық қызмет көрсету жағдайын бақылауға алады. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді тәрбиелеудің арнайы бағдарламаларын құруды қамтамасыз етеді. Мәдени-тәрбиелеу іс-шараларын дайындау және өткізу жұмыстарын, арнайы әлеуметтік қызмет көрсетулердегі қажеттіліктерді бағалау және анықтау жүргізу жұмыстарын үйлестіреді. Педагог кадрларды іріктеу және орналастыру жұмыстарына қатысады. Жергілікті және денсаулық сақтау органдары өкілдерімен, ата-аналармен (және оларды алмастырушы тұлғалармен) тәрбие процесін қамтамасыз етуші әкімшілік және бөлімшелер өкілдерімен өзара іс-қимылды үйлестіреді. Пайдаланылатын жабдықтардың, аспаптардың, техникалық және көрнекі құралдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Белгіленген есеп құжаттамаларын сапалы және уақытылы жасауды және беруді қамтамасыз етеді. Педагог кадрларды іріктеуге және орналастыруға қатысады. Компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілікті меңгерген.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы», «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтар мен балалардың қараусыз қалуының алдын алу туралы» Заңдары және басқа да білім берудің даму бағыттары мен болашағын айқындайтын басқа да нормативтік құқықтық актілерді, педагогика және психология негіздерін, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, әлеуметтік педагогиканың, педагогика ғылымы мен практиканың жетістіктерін, экономика негіздерін, еңбек туралы заңнамалар, қаржылық-шаруашылық қызмет, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігін, өндірістік санитарлық және өртке қарсы күрес нормалары мен ережелерді, санитарлық ережелер мен нормаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар: «Дефектология» мамандығы бойынша жоғары педагогикалық білім. Арнайы білім беру ұйымдарындағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.

Арнайы (түзету) интернат ұйымының тәрбиешісі (аға тәрбиеші)

Лауазымдық міндеттері: баланың жеке тұлғасының даму мақсатында баланың жеке қабілеттерін, бейімділігі мен қызығушылығын зерделейді, оның негізінде психологтардың кеңесімен түзете-дамытушылық жұмысты (топпен және жеке) жоспарлайды және жүргізеді. Әлеуметтік және еңбекке бейімдеу, әлеуметтік-психологиялық оңалту үшін жағдайлармен қамтамасыз ету, күнделікті жұмыс жүргізеді. Пайдалы қоғамдық еңбекке қатысу, үй жұмыстарын, күн тәртібін ұйымдастырады. Білім алуға көмектеседі, бос уақыттарын ұйымдастыру мен қосымша білім алуды ұйымдастырады. Сабақтан тыс уақыттарда тәрбиеленушілермен тәрбиелік жұмыс жүргізеді. Тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін ескере отырып өз-өзіне қызмет жасауға, жеке гигиеналық тазалықты сақтауды ұйымдастырады. Тәрбиеленушілердің денсаулықтарын нығайту және сақтау бойынша медициналық қызметкерлермен қамтамасыз етеді, психикалық және дене дамуына септігін тигізетін іс-шаралар жүргізеді, баланың мекемеде болу мерзіміне дейін денсаулықтарына жауап береді. Дәрігерлік тексеріс алдындағы алғашқы дәрігерлік көмек көрсетеді. Топқа бекітілген арнайы құралдарға, оқу-әдістемелерге, оқулықтарға, ойыншықтарға, арнайы әлеуметтік қызметке қажеттіліктерін

анықтайды және бағалау жүргізеді, оған қажетті жағдайлар құрады, баланың арнайы әлеуметтік қызметке қажеттіліктерін анықтауға талдау жасайды. Ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілікті, компьютерлік коммуникативтік құзыреттілікті меңгерген.

Интернаттың ұйымның аға тәрбиешісінің міндетін атқару кезінде тәрбиешінің жұмыстарын басқаруды ұйымдастырады. Тәрбиешілерге әдістемелік көмек көрсетеді, бастапқы педагогикалық тәжірибені жалпылауға септігін тигізеді, тәрбиешілердің біліктіліктерін көтеруге қолдау көрсетеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы», «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар мен балалардың қараусыз қалуының алдын алу туралы» Заңдарын және білім беруді дамытудың бағыттары мен болашағын анықтайтын басқа да нормативтік құқықтық актілерді, педагогика мен психология негіздерін, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, педагогика ғылымы мен практиканың жетістіктерін, экономика негіздерін, еңбек туралы заңнамаларды, қаржылық-шаруашылық қызмет, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігін, өндірістік санитарлық және өртке қарсы күрес нормалары мен ережелерді, санитарлық ережелер мен нормаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

«Арнаулы педагогика» қосымша білімімен қоса жоғары педагогикалық білім.

«Арнаулы педагогика» қосымша білімімен қоса техникалық және кәсіптік білім.

Тиісті санатты алу үшін міндеттерді анықтай отырып біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі екінші санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ тәрбиешіге қойылатын талаптарға жауап беруге, сонымен қатар: оқыту мен тәрбиелеудің жеке бағдарлаушылық технологиясын меңгеруі, білім беру ұйымдарының әдістемелік бірлестіктерінің жұмысына қатысуы, оны практикада қолдана білуі қажет.

Біліктілікке қойылатын талаптар: «Арнаулы педагогика» мамандығы бойынша жоғары педагогикалық білім және педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 3 жыл;

біліктілігі жоғары деңгейлі бірінші санатты маман: біліктілігі жоғары деңгейлі екінші санатты тәрбиешіге қойылатын талаптарға жауап беруі, оған қоса тәрбиеленушінің жас ерекшеліктерін ескере отырып тәрбиелеудің әдістерін өз бетінше құрастыруы, тәрбиелеу жұмыстарын талдаудың әдістерін меңгеруі, шығармашылық семинарларына басшылық жасауы, диагностикалық жұмысты ұйымдастырудың формаларын меңгеруі қажет.

Біліктілікке қойылатын талаптар: «Арнаулы педагогика» мамандығы бойынша жоғары педагогикалық білім немесе педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 4 жыл.

біліктілігі жоғары деңгейлі жоғары санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейлі бірінші санатты тәрбиешіге қойылатын талаптарға жауап беруі, оған қоса ғылыми-зерттеу әдістерін игеруі, оқыту мен тәрбиелеудің әдістерін, жаңа бағдарламаларды және дидактикалық материалдарды, педагогикалық технологияларды, әзірлей білуі, оларды сынақтан өткізу жұмыстарын жүргізе білуі, арнайы білім беру саласындағы өзекті мәселелер бойынша мақалалардың болуы, өзінің өткізетін пәні бойынша шығармашылық топтарға жетекшілік жасауы қажет.

Біліктілікке қойылатын талаптар: «Арнаулы педагогика» мамандығы бойынша жоғары педагогикалық білім немесе педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

біліктілігі жоғары деңгейлі екінші санатты маман:

тәрбиешіге қойылатын жалпы талаптарға жауап беруге, сонымен қатар оқыту мен тәрбиелеудің жеке бағдарлаушылық технологиясын меңгеруі, білім беру ұйымдарының әдістемелік бірлестіктерінің жұмысына қатысуы, оны практикада қолдана білуі, тәрбиелеу жұмыстарын талдаудың әдістерін меңгеруі қажет.

Біліктілікке қойылатын талаптар: «Арнаулы педагогика» қосымша біліммен қоса техникалық және кәсіптік білім педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.

біліктілігі жоғары деңгейлі бірінші санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейлі екінші санатты тәрбиешіге қойылатын талаптарға жауап беруі, оған қоса тәрбиеленушінің жас ерекшеліктерін ескере отырып тәрбиелеудің әдістерін өз бетінше құрастыруы, тәрбиелеу жұмыстарын талдаудың әдістерін меңгеруі, шығармашылық семинарларына басшылық жасауы, диагностикалық жұмысты ұйымдастырудың формаларын меңгеруі қажет.

Біліктілікке қойылатын талаптар: «Арнаулы педагогика» қосымша біліммен қоса техникалық және кәсіптік білім педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 4 жыл.

біліктілігі жоғары деңгейлі жоғары санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейлі бірінші санатты тәрбиешіге қойылатын талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: оған қоса ғылыми-зерттеу әдістерін игеруі, оқыту мен тәрбиелеудің әдістерін, жаңа бағдарламаларды және дидактикалық материалдарды, педагогикалық технологияларды, әзірлей білуі, оларды сынақтан өткізу жұмыстарын жүргізе білуі, арнайы білім беру саласындағы өзекті мәселелер бойынша мақалалардың болуы, өзінің өткізетін пәні бойынша шығармашылық топтарға жетекшілік жасауы қажет.

Біліктілікке қойылатын талаптар: «Арнаулы педагогика» қосымша біліммен қоса техникалық және кәсіптік білім педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

Арнайы білім беру ұйымдарының басшысы

Лауазымдық міндеттері: Қолданыстағы заңнамаға сәйкес психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация (бұдан әрі – ПМПК) және психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері (бұдан әрі - ППТК) жұмыстарын жоспарлайды және ұйымдастырады. Арнайы мекеменің түрін, оқыту мен тәрбиелеу нысанын талқылау және анықтау кезінде консультация берудің алқалық жұмысын ұйымдастырады, әдістемелік жұмысты басқарады, құжаттаманың дұрыс жүргізілуіне, ПМПК, ППТК-ны арнайы оқу және медициналық жабдықтармен, компьютерлік техникамен және әдістемелік материалмен жарақтандыруға жауап береді. Бұқаралық ақпарат құралдарының көмегі арқылы тұрғындар арасында семинарлардағы, педагогтарды даярлау және біліктіліктерін арттыру курстарындағы педагог қызметкерлердің, медициналық және басқа да қызметкерлердің арасында дефектологиялық білімді тарату жұмыстарын; білім беру және денсаулық сақтау ұйымдарымен бірлесіп, балалардың ауытқушылық дамуының алдын алу мәселелері бойынша сақтандыру жұмыстарын ұйымдастырады. Балаларды тексеруден өткізудің жоғары деңгейін, ПМПК және ППТК мамандарының сапалы жұмысын қамтамасыз етеді. Ұйымдарды білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіби білімдерін дамыту, өмірлері мен денсаулықтары үшін қауіпсіздік жағдайларын жасау, ұжымда қолайлы психологиялық орта қалыптастыру шараларын қабылдайды. Өзіне бағынысты құрылымдық бөлімшелердің қызметін үйлестіреді. ПМПК, ППТК-ның мүдделерін барлық органдарда қорғайды. Компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгереді. Қажетті есепті дайындауды және ұсынуды қамтамасыз етеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы», «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Кәметке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар мен балалардың қараусыз қалуының алдын алу туралы» Заңдарын және білім беруді дамытудың бағыттары мен болашағын анықтайтын басқа да нормативтік құқықтық актілерді, педагогика мен психология негіздерін, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, педагогика ғылымы мен практиканың жетістіктерін, экономика негіздерін, еңбек туралы заңнамалары, қаржылық-шаруашылық қызметін, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі, өндірістік санитарлық және өртке қарсы күрес нормалары мен ережелерді, санитарлық ережелер мен нормаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар: «Дефектология», «Психология» мамандығы бойынша жоғары

педагогикалық білім «Арнаулы педагогика» немесе қосымша мамандандырумен «Арнаулы психология» мамандықтары бойынша қосымша білімімен қоса медициналық білім және арнайы білім немесе денсаулық сақтау ұйымдарында жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.

Дефектолог-мұғалім (сурдопедагог, олигофренопедагог, тифлопедагог)

Лауазымдық міндеттері: Мүмкіндігі шектеулі балалармен оқу-түзету жұмысын жүзеге асырады. Оқушыларды тексереді, ауытқушылықтың құрылымы мен деңгейін анықтайды балалардың психологиялық және дене қалпын есепке ала отырып, сабақ жүргізуге топ жинақтайды.

Бала бойында зақымдалған функцияны қайта қалпына келтіру бойынша жеке және топтық түзету-дамыту сабақтары жүргізіледі. Оқушылардың әлеуметтенуіне және білім беру бағдарламасын меңгеруге септігін тигізеді. Оқытудың әртүрлі құралдары мен амалдарын, әдістерін, түрлерін қолданады. Арнайы білім беру мекемелерінде пәннің ерекшеліктерін есепке ала отырып оқушылардың бойындағы ауытқушылықты түзетуге бағытталған оқыту мен тәрбиелеу бойынша жұмыс жүргізіледі. Жүйелі түрде өздерінің кәсіби біліктіліктерін көтереді. Әдістемелік бірлестіктер қызметтеріне және басқа да әдістемелік жұмыстарға қатысады. Ата-аналармен (оларды алмастырушылармен) байланыс жасайды, балаларға арнайы көмек көрсетудің арнайы әдістері мен тәсілдерін қолдану жөнінде кеңес береді. Компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгереді. Еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын орындайды. Оқыту процесі кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Бала құқықтары туралы конвенция», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Қазақстан Республикасындағы мүгедек балаларды қорғау» Заңдарын және білім беру мәселелері бойынша басқа да нормативтік құқықтық актілерді, арнайы педагогика, арнайы психология, жас ерекшелік физиологиясын, мектеп гигиенасын, пәнді оқыту мен тәрбиелік жұмыс әдістемесін, бағдарламалар мен оқулықтарды, оқытудың құралдары және олардың дидактикалық мүмкіндігін, педагогика ғылымы мен білім берудің даму перспективасы мен негізгі бағыттарын, еңбек туралы заңнама негіздерін, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі мен өртке қарсы күрес ережелері мен нормаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар: біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман: жұмыс өтілінсіз «Дефектология» мамандығы бойынша жоғары педагогикалық білімі.

Тиісті санатты алу үшін міндеттерін анықтай отырып қойылатын біліктілік талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі екінші санатты маман:

Біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ мұғалім-дефектологқа қойылатын талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: озық тәжірибелерді зерделеуі, оны практикада қолдана білуі, балалар кемістігінің көрсетілген дәрежесін талдау, дағдыларының болуы, даму ауытқуларын түзеу, бұзылған функцияларды қалыптастыру бойынша топтық және жеке сабақтар жүргізуі, білім беру ұйымдарының әдістемелік бірлестіктерінің жұмысына қатысуы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: «Дефектология» мамандығы бойынша жоғары педагогикалық білімі және мұғалім дефектолог лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.

біліктілігі жоғары деңгейлі бірінші санатты маман: дефектолог мұғалімге, біліктілігі жоғары деңгейлі екінші санатты мұғалімге қойылатын талаптарға жауап беруі, сонымен қатар даму мүмкіндігі шектеулі балалармен оқу-түзету жұмыстарын талдау әдістерін меңгеруі, шығармашылық семинарларға жетекшілік жасай білуі, озық тәжірибелерді енгізуі, дефектологияның қазіргі әдістерін игеруі, оларды пайдалану құқығына сертификаттарының болуы, білім беру ұйымдарының әдістемелік бірлестіктерінің жұмысына қатысуы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

«Дефектология» мамандығы бойынша жоғары педагогикалық білімі және мұғалім-дефектолог лауазымында жұмыс өтілі кемінде 4 жыл.

біліктілігі жоғары деңгейлі жоғары санатты маман:

Біліктілігі жоғары деңгейлі бірінші санатты мұғалім дефектологқа қойылатын талаптарға жауап беруі, сонымен қатар ғылыми-зерттеу, эксперименттік жұмыстардың әдістерін игеруі, жаңа оқу-әдістемелік және дидактикалық материалдарды, педагогикалық технологияларды, оқыту және тәрбиелеу әдістерін, әзірлей білуі, оларды сынақтан өткізу жұмыстарын жүргізе білуі, өз пәні бойынша эксперименттік тапсырма құру, арнайы білім беру саласындағы өзекті мәселелер бойынша шығармашылық топтарға жетекшілік етуі, арнайы білім беру проблемалары бойынша педагогикалық басылымдарда жарияланымдардың болуы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: «Дефектология» мамандығы бойынша жоғары педагогикалық білімі және мұғалім-дефектолог лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

Логопед-мұғалім

Лауазымдық міндеттері: Оқушыларды тексереді, сөйлеу кемшіліктерінің құрылымы мен деңгейін, оларды түзетудің әдістерін анықтайды, балалардың психикалық дене даму және сөйлеу жағдайын есепке ала отырып, сабақ жүргізуге топ жинақтайды. Дамудағы сөйлеу кемшілігін, сөйлеу қызметінің бұзылуын қалпына келтіру үшін топтық және жеке сабақтар өткізеді. Оқушылардың жеке тұлғалық мәдениетін қалыптастыруға және олардың әлеуметтенуіне ықпал етеді. Оқытудың әртүрлі нысандарын, әдістерін және құралдарын пайдаланады. Арнайы ұйымдарда дамудағы ауытқушылықты барынша түзетуге бағытталған оқушыларды (тәрбиеленушілерді) оқыту және тәрбиелеу бойынша жұмыстарды жүзеге асырады. Жүйелі түрде өзінің кәсіби біліктіліктерін көтереді. Компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгереді. Әдістемелік бірлестіктер қызметтеріне және әдістемелік жұмыстардың басқа да нысандарына қатысады. Ата-аналармен (оларды алмастырушы тұлғалармен) байланыс жасайды, балаларға арнайы көмек көрсетудің арнайы әдістері мен тәсілдерін қолдану жөнінде кеңес береді. Оқыту процесі кезінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығына жауапты болады.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Бала құқықтары туралы конвенция», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» Заңдарын мен білім беру мәселелерін, педагогикалық және ұйымдастырушылық міндеттерді шешу үшін қажетті көлемде жалпы теориялық пән негіздерін, педагогика, психология, жас ерекшелік физиологиясы, мектеп гигиенасын, арнайы педагогика және арнайы психология, бағдарламалар мен оқулықтарды, логопед кабинетін жарақтандыру және жабдықтауға қойылатын талаптарды, оқыту құралдары және олардың дидактикалық мүмкіндіктерін, еңбек туралы заңнама негіздерін, еңбекті қорғау қағидалары мен нормаларын, санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы күрес негіздері бойынша басқа да нормативтік құқықтық актілерді.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман: «Дефектология», «Логопедия» мамандығы бойынша жоғары педагогикалық білімі.

Тиісті санаттарды алу үшін міндеттерді анықтай отырып біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі екінші санатты маман: біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ мұғалім логопедке қойылатын жалпы талаптарға жауап беруі, сонымен қатар тәжірибелік-эксперименттік жұмыс дағдыларының болуы, жаңа оқыту әдістемесін сынақтан өткізу жөніндегі жұмысты жүргізе білуі, озық тәжірибелерді зерделеуі, оны практикада қолдана білуі, оқушылардың тұлғалық жеке мәдениетін, олардың әлеуметтенуін қалыптастыруды талдау дағдыларының болуы, білім беру ұйымдарының әдістемелік бірлестіктерінің жұмысына қатысуы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

«Дефектология», «Логопедия» мамандығы бойынша жоғары педагогикалық білімі, логопед-мұғалім лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.

біліктілігі жоғары деңгейлі бірінші санатты маман:

Біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ логопед-мұғалімге қойылатын талаптарға жауап беруі,

сонымен қатар Дамудағы ауытқушылықты барынша түзетуге бағытталған тәрбиеленушілерді оқытуды талдау әдістерін меңгеруі, шығармашылық семинарларға жетекшілік етуі, озық тәжірибені енгізуі, дефектологияның заманауи әдістерін меңгеруі, оларды пайдалану құқығына сертификатының болуы, білім беру ұйымдарының әдістемелік бірлестіктерінің жұмысына қатысуы, өзінің кәсіби құзыреті саласындағы тиісті теориялық және практикалық білімін меңгеруі тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

«Дефектология», «Логопедия» мамандығы бойынша жоғары педагогикалық білімі және логопед-мұғалім лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

біліктілігі жоғары деңгейлі жоғары санатты маман:

Біліктілігі жоғары деңгейлі бірінші санатты логопед-мұғалімге қойылатын талаптарға жауап беруі, сонымен қатар ғылыми-зерттеу, эксперименттік жұмыстар әдістерін меңгеруі, жаңа бағдарламаларды әзірлей білуі, оларды сынақтан өткізу жұмыстарын жүргізе білуі, сурдопедагогиканың өзекті проблемаларын әзірлеу жөніндегі шығармашылық топқа жетекшілік ете білуі, өзінің кәсіби құзіреттілігінің саласында тиісті теоретикалық және практикалық білімдерді игеруі тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: «Дефектология», «Логопедия» мамандығы бойынша жоғары педагогикалық білімі және мұғалім логопед лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

Логопед

Лауазымдық міндеттері: Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларды тексереді, сөйлеу кемшіліктерінің құрылымы мен деңгейін, оларды түзетудің әдістерін анықтайды, балалардың психикалық дене даму және сөйлеу жағдайын есепке ала отырып, сабақ жүргізуге топ жинақтайды. Дамудағы ауытқушылықты түзету, сөйлеу қызметінің бұзылуын қалпына келтіру үшін топтық және жеке сабақтар өткізеді. Оқушылардың жеке тұлғалық мәдениетін қалыптастыруға және олардың әлеуметтенуіне ықпал етеді. Оқытудың әртүрлі нысандарын, әдістерін және құралдарын пайдаланады. Арнайы ұйымдарда дамудағы ауытқушылықты барынша түзетуге бағытталған оқушыларды (тәрбиеленушілерді) оқыту және тәрбиелеу бойынша жұмыстарды жүзеге асырады. Жүйелі түрде өзінің кәсіби біліктіліктерін көтереді. Компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгереді. Әдістемелік бірлестіктер қызметтеріне және әдістемелік жұмыстардың басқа да нысандарына қатысады. Ата-аналармен (оларды алмастырушы тұлғалармен) байланыс жасайды, балаларға арнайы көмек көрсетудің арнайы әдістері мен тәсілдерін қолдану жөнінде кеңес береді. Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын орындайды. Оқыту процесі кезінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығына жауапты болады.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Бала құқықтары туралы конвенция», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» Заңдарын санитарлық-эпидемиологиялық нормалар мен білім беру мәселелері бойынша басқа да нормативтік құқықтық актілерді, педагогикалық және ұйымдастыру-басқару міндеттерін шешу үшін қажетті көлемдегі жалпы теориялық пән негіздерін, педагогика, психология, жас ерекшелік физиологиясын, мектеп гигиенасын, арнайы педагогика және арнайы психология негіздерін, бағдарламалар мен оқулықтарды, логопед кабинеттерін жарақтандыру мен жабдықтауға қойылатын талаптарды, оқу құралдары мен оның дидактикалық мүмкіндіктерді, еңбек туралы заңнама негіздерін, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігін, өртке қарсы күрес нормалары мен ережелерді.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман: «Дефектология» «Логопедия» мамандығы бойынша жоғары педагогикалық білімі.

Тиісті санатты алу үшін міндеттерді анықтай отырып қойылатын біліктілік талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі екінші санатты маман:

Біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ логопедке қойылатын талаптарға жауап беруі, сонымен қатар эксперименттік жұмыс дағдыларының болуы, жаңа оқыту әдістемесін сынақтан өткізу жөніндегі

жұмысты жүргізе білуі, озық тәжірибелерді зерделеуі, оны практикада қолдана білуі, оқушылардың тұлғалық жеке мәдениетін, олардың әлеуметтенуін қалыптастыруды талдау дағдыларының болуы, білім беру ұйымдарының әдістемелік бірлестіктерінің жұмысына қатысуы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: «Дефектология», «Логопедия» мамандығы бойынша жоғары педагогикалық білімі және логопед лауазымындағы жұмыс өтілі 3 жыл.

біліктілігі жоғары деңгейлі бірінші санатты маман:

Біліктілігі жоғары деңгейлі екінші санатты мұғалімге қойылатын талаптарға жауап беруі, сонымен қатар дамудағы ауытқушылықтарды барынша түзетуге бағытталған тәрбиеленушілерді оқытудың талдау әдістерін меңгеруі, шығармашылық семинарларға жетекшілік жасай білуі, озық педагогикалық тәжірибелерді енгізуі, дефектологияның қазіргі таңдағы әдістерін игеруі, оларды пайдалану құқығына сертификаттарының болуы, білім беру ұйымдарының әдістемелік бірлестіктерінің жұмысына қатысуы, өзінің кәсіби құзыреттілігінің саласында тиісті теоретикалық және практикалық білімдерді игеруі тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: «Дефектология», «Логопедия» мамандығы бойынша жоғары педагогикалық білімі және логопед лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 4 жыл.

біліктілігі жоғары деңгейлі жоғары санатты маман:

Біліктілігі жоғары деңгейлі бірінші санатты логопедке қойылатын талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: тәжірибелік-эксперименттік жұмыс әдістерін игеруі, жаңа бағдарламаларды әзірлей білуі, оларды сынақтан өткізу жұмыстарын жүргізе білуі, шығармашылық топтарға жетекшілік ете білуі, өзінің кәсіби құзыреттілігінің саласында тиісті теориялық және практикалық білімдерді игеруі тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: «Дефектология», «Логопедия» мамандығы бойынша жоғары педагогикалық білімі және логопед лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

Арнайы білім беру ұйымдарының мұғалімдері, жалпы білім беретін мектептердегі арнайы сыныптардың мұғалімдері

Лауазымдық міндеттері: Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқушы контингенті мен оқытылатын пән ерекшеліктерін есепке ала отырып оқытуды және тәрбиелеуді жүзеге асырады. Оқушылардың жеке тұлғалық мәдениетін қалыптастыруға және олардың әлеуметтенуіне ықпал етеді. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке қабілеттерін дамытуды анықтайды және ықпал етеді. Оқу процесінде түзету жұмыстарын жүзеге асырады. Оқытудың әртүрлі әдістері мен құралдарын, нысандарын, түрлерін қолданады. Оқытылатын пән бойынша қажетті жоспарды жасайды. Заманауи білім беру, оның ішінде ақпараттық технологияларын меңгереді. Білім алушылардың және тәрбиеленушілердің тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында қарастырылған деңгейден төмен емес білімді, білікті және дағдыларды алуын қамтамасыз етеді. Білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және орындауға қатысады, оларды оқу процесінің оқу жоспары мен кестесіне сәйкес толық көлемде іске асыруға жауап береді. Жүйелі түрде өзінің кәсіби біліктілігін көтереді. Компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгереді. Ата-аналармен немесе оларды алмастырушы тұлғалармен байланысты жүзеге асырады. Оқу пәнін, сабаққа қатысу режимін қолдайды. Жабдықтарды пайдалану кезінде техника қауіпсіздігі талаптарын орындайды. Оқыту процесінде балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау үшін жауап береді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясы және Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы», «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар мен балалардың

қараусыз қалуының алдын алу туралы» Заңдары және басқа да нормативтік құқықтық актілерді, педагогика мен психология негіздерін, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты және арнайы педагогика, арнайы психология, педагогикалық ғылым мен практика жетістіктерін, еңбек туралы заңнама негіздерін, қаржы-шаруашылық қызметі, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігін, өртке қарсы күрес нормалары мен ережелерді, санитарлық ережелер мен нормаларды.

Арнайы білім беру ұйымының мұғаліміне қойылатын талаптар: «Дефектология» мамандығы бойынша жоғары педагогикалық білімі бар. Арнайы білім беру ұйымының еңбек, музыка, түзету ырғағы, бейімдік дене шынықтыру мұғалімінің оқыту пәні бойынша жоғары немесе техникалық және кәсіптік білімі болуы тиіс.

Тиісті санатты алу үшін міндеттерді анықтай отырып қойылатын біліктілік талаптары: біліктілігі жоғары деңгейлі екінші санатты маман:

Біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ мұғалімге қойылатын талаптарға жауап беруі, сабақ берудің әдістерін құрастыруы, оқу процесінде түзету жұмыстарын жүзеге асыруы, белсенді оқытудың әдістері мен нысандарын пайдалануы, білім алушылармен диагностикалық жұмысты ұйымдастыра білуі, оқу-тәрбиелеу, түзету-дамыту процестерінде тұрақты оң нәтижелерді қамтамасыз етуі, шығармашылық топтардың, әдістемелік бірлестіктердің, білім беру мекемелері шеңберіндегі озық тәжірибелі мектептің жұмысына белсенді қатысуы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: «Дефектология» мамандығы бойынша жоғары білімі және мұғалім лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.

біліктілігі жоғары деңгейлі бірінші санатты маман:

Біліктілігі жоғары деңгейлі екінші санатты мұғалімге қойылатын талаптарға жауап беруі, сонымен қатар пән бойынша оқу-әдістемелік, түзету-дамыту жұмыстарын талдау әдістерін меңгере білуі, оқытудың жеке бағдарламасын жасауы және іске асыруы, шығармашылық семинарлар, шығармашылық топ жұмыстарына жетекшілік ете білуі, өз жұмысында озық педагогикалық тәжірибелерді пайдалануы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: «Дефектология» мамандығы бойынша жоғары білімі және мұғалім лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 4 жыл.

біліктілігі жоғары деңгейлі жоғары санатты маман:

Біліктілігі жоғары деңгейлі бірінші санатты мұғалімге қойылатын талаптарға жауап беруі, сонымен қатар жаңа оқу-әдістемелік және дидактикалық материалдарды, педагогикалық технологияларды, оқу және тәрбие әдістемесін әзірлей білуі, оларды сынақтан өткізу жұмыстарын жүргізе білуі; өз пәні бойынша эксперименттік тапсырманы құруы, арнайы білім беру саласындағы өзекті проблемаларды әзірлеу жөніндегі шығармашылық топтарға жетекшілік жасауы, арнайы білім беру саласындағы проблемалар бойынша педагогикалық басылымдарда жарияланымдардың болуы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: «Дефектология» мамандығы бойынша жоғары педагогикалық білімі және мұғалім лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

Қосымша білім беру

Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымының директоры

Лауазымдық міндеттері: Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарын ұйымның Жарғысына және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес басқарады. Мәдени-демалыс қызметі, дене шынықтыру және спортты дамыту саласындағы әлеуметтік, қосымша білім беретін, коммуникативті қызметтерді көрсету бойынша құрылымдық бөлімшелердің жұмысы мен өзара әрекетін ұйымдастырады.

Басқарудың заманауи әдістері негізінде жұмысты болжайды және жоспарлайды. Шағын аудандарды дамытудың әлеуметтік-педагогикалық бағдарламаларын әзірлеуді және бекітуді ұйымдастырады. Білім беру сапасын бақылауды жүзеге асырады, білім беру процесі кезінде ұйымның білім алушыларының және қызметкерлерінің өмір қауіпсіздігі мен денсаулығына қажетті жағдай жасайды. Педагогикалық кеңестің жұмысын басқарады.

Білім беру және тәрбиелеу мәселелері бойынша алыс және жақын шетелдер балаларына арналған қосымша білім беру ұйымымен өзара тиімді ынтымақтастықты кеңейту бойынша шараларды жүзеге асырады, заманауи ақпараттық технологияларды белсенді пайдаланады және дамытады. Басқару

құрылымын анықтайды, балаларға арналған қосымша білім беру ұйымының қаржы-шаруашылық қызметін басқаруды жүзеге асырады. Білім алушылар контингентін қалыптастырады. Педагогикалық қызметкерлер мен әдістемелік бірлестіктер жұмысын үйлестіреді, қамқоршылық кеңес пен қоғамдық ұйымдар, оның ішінде балалар ұйымдары қызметіне ықпал етеді.

Есепті, оқу-материалдық базаларды сақтауды және толықтыруды, санитарлық-гигиеналық режим, еңбекті сақтау және техника қауіпсіздігі қағидаларын сақтауды қамтамасыз етеді. Педагогикалық кадрлар мен қосалқы персоналдарды іріктеу және орналастыруды жүзеге асырады, олардың кәсіби шеберлігін арттыру үшін жағдай жасайды.

Жұртшылықпен байланысты жүзеге асырады, білім алушылардың ата-аналарымен (оларды алмастырушы тұлғалармен) жұмысты үйлестіреді. Есептілікті дайындау және қажетті ұсынысты қамтамасыз етеді. Барлық органдарда ұйымның мүддесін қорғайды және Қазақстан Республикасы заңнамаларында тыйым салынбаған өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясы және Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының кодексі, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар мен балалардың қараусыз қалуының алдын алу туралы» Заңдарын және білім беруді дамытудың бағыттары мен келешегін анықтайтын басқа да нормативтік құқықтық актілерді, балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары жұмысының бейіні және оның ерекшеліктерін, жасөспірім және жеткіншек жастағы психологияның жас ерекшеліктерін, әртүрлі әлеуметтік ортадағы психология, әлеуметтану және жұмыс ерекшелігін, жалпы және отбасы педагогикасының негіздерін, экстремальді жағдайларды анықтау әдістерін, жасөспірімдер мен жастар үшін консультациялар жүргізу әдістерін, қиын жасөспірімдермен және жастармен жұмысты ұйымдастыру, педагогика, педагогикалық психологияны, педагогикалық ғылым мен практика жетістіктерін, экономика, қаржы-шаруашылық қызметі, еңбек туралы заңнамаларын, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі, өртке қарсы күрес нормалары мен ережелерін, санитарлық ережелер мен нормаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білімі немесе тиісті бейін бойынша жоғары білімі, білім беру ұйымдарындағы педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл немесе басшылық лауазымдағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.

Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымы директорының орынбасары

Лауазымдық міндеттері: Педагогикалық ұжым қызметінің ағымдық және перспективті жоспарларын ұйымдастырады. Педагогикалық қызметкерлердің білім беретін оқу жоспарлар мен бағдарламаларды орындау, сондай-ақ қажетті оқу-әдістемелік құжаттамаларды әзірлеу бойынша жұмыстарын үйлестіреді. Ұйымдардағы білім беру және тәрбиелеу процестерінің сапасына және білім алушылардың білім дайындығы нәтижелерін бағалау объективтілігіне, үйірме, секция, студия, клуб және факультатив жұмыстарына бақылауды жүзеге асырады. Педагогикалық қызметкерлердің инновациялық бағдарламалар мен технологияларды игеру және әзірлеу жұмыстарына көмек көрсетеді.

Емтихандарды, конкурстарды, жарыстарды дайындау және өткізу бойынша жұмыстарды ұйымдастырады.

Білім алушылар мен қызметкерлерге қажетті жағдайды қамтамасыз етеді, білім алушылар контингентін сақтау бойынша шаралар қабылдайды. Ата-аналар арасында ағарту жұмыстарын ұйымдастырады. Оқу сабақтарының кестесін құрады. Белгіленген есеп құжаттамаларын уақытылы жасауды қамтамасыз етеді. Педагогикалық кадрларды іріктеуге және орналастыруға қатысады, олардың біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыруды ұйымдастырады.

Білім беру процесін жетілдіру бойынша ұсынысты енгізеді. Оқу кабинеттерін заманауи жабдықтар комнатымен, көрнекі құралдар мен оқытудың техникалық құралдарымен жарақтандыру, оқу-әдістемелік және көркем әдебиеттермен, мерзімдік басылымдармен кітапханаларды толықтыру бойынша шаралар қабылдайды.

Білім алушыларды медициналық қамтамасыз ету үшін бақылауды жүзеге асырады.

Санитарлық-гигиеналық талаптарды, еңбекті сақтау ережесін сақтауды қамтамасыз етеді. Қажетті есептерді дайындау және ұсынуды қамтамасыз етеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясы және Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының кодексі, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», "Қазақстан Республикасының тілдер туралы", "Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" «Кәметке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар мен балалардың қараусыз қалуының алдын алу туралы» Заңдарын және балаларға арналған қосымша білім беруді дамытудың бағыттары мен келешегін анықтайтын басқа да нормативтік құқықтық актілерді, педагогика, педагогикалық психология негіздерін, физиология және гигиена негіздерін, педагогикалық ғылым және практика жетістіктерін, экономика негіздерін, қаржылық-шаруашылық қызметі, еңбек туралы заңнамаларды, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігін, өртке қарсы күрес нормалары мен ережелерді, санитарлық ережелер мен нормаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білімі немесе тиісті бейін бойынша жоғары білімі, білім беру ұйымдарындағы педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл немесе басшылық лауазымдағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.

Қосымша білім беру педагогы

Лауазымдық міндеттері: Қосымша білім беру саласында білім алушылардың әртүрлі шығармашылық қызметін ұйымдастырады және қамтамасыз етеді. Үйірме, секция, студия, клуб және басқа да балалар бірлестіктерінің білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің құрамын жинақтайды, оларды оқу мерзімінде сақтау шараларын қолданады. Балаларға арналған қосымша білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысады, сабақтың жоспары мен бағдарламаларын жасайды, олардың орындалуын қамтамасыз етеді. Белгіленген құжаттаманы жүргізеді.

Психофизиологиялық тұрғыдан алғанда жұмыстың нысандарын, құралдарын және әдістерінің педагогикалық негізделген таңдауын қамтамасыз етеді. Балалардың шығармашылық қабілеттерін анықтап, тұлғаның адамгершілік рухани дамуына, білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) тұрақты кәсіби қызығушылығын қалыптастыруға ықпал етеді. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке қызметін, зерттеушілік жұмысын ұйымдастырады, білім беру процесіне инновациялық технологияларды қосады, оқу практикасына байланысты жүзеге асырады. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жетістіктерін қамтамасыз етеді және талдайды. Іскерлікті меңгеруді, шығармашылық қызметтің тәжірибесін, компьютерлік технологияларды қолдана отырып, танымдық қызығушылықты дамытуды ескере отырып, оқытудың тиімділігін бағалайды. Қалыпты кәсіби қызығушылығы мен бейімін қалыптастыруға ықпал етеді, дарынды және талантты білім алушыларды (тәрбиеленушілерді), оның ішінде мүмкіншіліктері шектеулі балаларды дамытуды қолдайды. Балалардың жаппай білім беру іс-шараларына қатысуын (конкурстар, көрмелер, слеттер, конференциялар, олимпиадалар және т.б.) ұйымдастырады. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің демалыс уақытын ұйымдастыруға қатысады. Оқу сабақтарын жүргізуде еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын сақтауды қамтамасыз етеді, балалардың өмірі мен денсаулығына жауап береді. Ата аналары мен олардың орнын басатын тұлғаларға және педагогтарға кеңес беріп, көмектеседі. Әдістемелік бірлестіктер мен басқа да әдістемелік жұмыс нысандарына қатысады. Өзінің кәсіби біліктілігін жүйелі арттырады.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын мен Еңбек кодексін, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», "Қазақстан Республикасының тілдер туралы", "Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" «Кәметке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар мен балалардың қараусыз қалуының алдын алу туралы» Заңдары және білім беру қызметін регламенттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерді, Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудағы басым бағыттарын, дидактиканың қағидаттарын, педагогика және жас ерекшеліктері психологиясының негіздерін, білім беру процесін әдістемелік қамтамасыз ету қағидаттарын, тәрбие жұмысын, тиімді, сараланған, дамытуды оқытудың, құзыреттілік тәсілдерін іске асырудың сенімділік, өз ұстанымын дәлелдеудің, әртүрлі жастағы білім

алушылармен, тәрбиеленушілермен, олардың ата-аналарымен, оларды ауыстыратын тұлғалармен, жұмыстағы әріптестермен байланыс жасау әдістемесін, жанжал жағдайларының себептерін сараптау технологияларын, педагогикалық технологиялар диагностикасын, дербес компьютермен, электронды пошта және браузерлермен, мультимедиалық жабдықтармен жұмыс істеу негіздерін, білім беру ұйымдарының ішкі тәртіп ережелерін, еңбек және өрт қауіпсіздігін сақтау ережелерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман: үйірме, секция, студия және өзге де балалар бірлестігінің бейініне сәйкес жоғары педагогикалық білімі, жұмыс өтіліне талап қойылмайды;

біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман: педагогикалық бейіннің немесе үйірме, секция, студия және өзге де балалар бірлестігінің бейініне сәйкес техникалық және кәсіптік білім, жұмыс өтіліне талап қойылмайды;

Тиісті санатты алу үшін міндеттерді анықтай отырып қойылатын біліктілік талаптары:

біліктілігі жоғары деңгейлі екінші санатты маман: біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ педагогқа қойылатын жалпы талаптарға жауап беруі, зерттеу, эксперименттік жұмыстары дағдаларын меңгеруі, жаңа әдістемелерді сынау бойынша жұмыстарды жүргізе білуі, өңірлік (қалалық) көрмелердің, олимпиадалардың, жарыстардың жеңімпаз балалары ұжымын басқаруы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: үйірме, секция, студия және өзге де балалар бірлестігінің бейініне сәйкес жоғары педагогикалық білімі немесе тиісті бейіні бойынша жоғары білімі және педагог лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл;

біліктілігі жоғары деңгейлі бірінші санатты маман: біліктілігі жоғары деңгейлі екінші санатты педагогқа қойылатын талаптарға сай болуы, сонымен қатар зерттеу, эксперименттік жұмыстар әдістерін меңгеруі, облыстық, республикалық конкурстардың, көрмелердің, олимпиадалардың, жарыстардың балалар ұжымдық жеңімпаздарын басқаруы, педагогикалық басылымдарда әдістемелік жарияланымдардың болуы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: тиісті бейіні мен балалар бірлестігі бойынша жоғары педагогикалық білімі және педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 4 жыл.

біліктілігі жоғары деңгейлі жоғары санатты маман: біліктілігі жоғары деңгейлі бірінші санатты қосымша білім беру педагогына қойылатын талаптарға сай болуы, сонымен қатар: халықаралық, республикалық конкурстардың, көрмелердің, олимпиадалардың, жарыстардың балалар ұжымдық жеңімпаздарын басқаруы, авторлық әдістемелік әзірлемелер болуы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білімі және педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл немесе балалар бірлестігінің тиісті бейіні бойынша жоғары білімі және педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл;

біліктілігі орта деңгейлі екінші санатты маман: біліктілігі орта деңгейлі санатсыз педагогке қойылатын талаптарға сай болуы, зерттеу, эксперименттік жұмыс дағдаларын меңгеруі, жаңа әдістемелерді сынау бойынша жұмысты жүргізе білуі, өңірлік (қалалық) көрмелердің, олимпиадалардың, жарыстардың балалар ұжымдық жеңімпаздарын басқаруы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: педагогикалық бейіннің техникалық және кәсіптік білімі және педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 3 жыл немесе бейіні бойынша техникалық және кәсіптік білімі және педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 4 жыл;

біліктілігі орта деңгейлі бірінші санатты маман: біліктілігі орта деңгейлі екінші санатты педагогқа қойылатын жалпы талаптарға сай болуы, зерттеу, эксперименттік жұмыс әдістерін меңгеруі, облыстық көрмелердің, олимпиадалардың, жарыстардың ұжымдық жеңімпаздарын басқаруы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: педагогикалық бейіні бойынша техникалық және кәсіптік білімі және педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 4 жыл немесе тиісті бейіні бойынша техникалық және кәсіптік білімі және педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл;

біліктілігі орта деңгейлі жоғары санатты маман: біліктілігі орта деңгейлі бірінші санатты педагогқа қойылатын жалпы талаптарға сай болуы, сонымен қатар халықаралық, республикалық конкурстардың, көрмелердің, олимпиадалардың, жарыстардың ұжымдық жеңімпаздарын басқаруы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: педагогикалық бейіні бойынша техникалық және кәсіптік білімі және педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл немесе техникалық және кәсіптік білімі және педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 6 жыл.

Ұйымдастырушы педагог

Лауазымдық міндеттері: Білім беру ұйымы білім алушыларының жас ерекшелігі мен психологиялық ерекшелігін, мүдделерін және қажеттілігін зерделейді және тұрғылықты жері бойынша оларды іске асыру үшін жағдай жасайды. Жеке тұлғаның талантын, ойлау және дене даму ерекшеліктерін дамытуға, жалпы мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. Клубтардың, үйірмелердің, секциялардың, әуесқой бірлестіктердің жұмыстарын, балалар мен ересектердің әртүрлі бірлескен қызметтерін ұйымдастырады. Мына бағыттардың біріне жетекшілік етеді: ғылыми-техникалық, көркемдік-шығармашылық, спорттық-туристік және тағы да басқа.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес қауымдастықтарға, қоғамдық ұйымдарға қатысу үшін баланың құқықтарын іске асыруға ықпал етеді. Кештерді, мерекелерді, саяхаттарды, экскурсияларды, балалардың каникулдық демалысын ұйымдастырады, білім алушылардың бос уақыт, демалыс, ойын-сауық саласындағы маңызды әлеуметтік маңызды бастамаларын қолдайды. Балалардың мәдени-бұқаралық іс-шараларға қатысуын ұйымдастырады. Іс-шараларды өткізу кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау үшін қажетті жағдай жасауды қамтамасыз етеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын мен Еңбек кодексін, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» «Кәметке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар мен балалардың қараусыз қалуының алдын алу туралы» Заңдарын және білім беру мәселелері бойынша басқа да құқықтық нормативтік актілерді, жас ерекшелігі мен арнайы педагогика және психология, физиология, гигиена мәселелерін, білім алушылардың мүдделері мен қажеттіліктерін дамыту ерекшеліктерін, олардың шығармашылық қызметтерінің, таланттарды іздеу және қолдау әдістерінің негіздерін, тәрбие жұмысының әдістерін, оқыту құралдары мен олардың дидактикалық мүмкіндіктерін, үйірмелер, секциялар, студиялар, клубтық бірлестіктер сабақтарының бағдарламаларын, балалар ұжымдары, ұйымдары мен қауымдастықтар қызметінің негіздерін, еңбек туралы заңнама негіздерін, еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі нормалары мен ережелерін, санитарлық ережелер мен нормаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі санатсыз маман: жоғары педагогикалық білімі немесе бейіні бойынша жоғары кәсіптік білімі.

біліктілігі жоғары деңгейлі екінші санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ ұйымдастырушы педагогке қойылатын талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: балалармен және жасөспірімдермен диагностикалық жұмысты ұйымдастыру нысандарын меңгеруі, тәрбиелеу процесінде тұрақты оң нәтижелерді қамтамасыз етуі, әдістемелік бірлестіктер, озық тәжірибелі мектептер қызметтеріне қатысуы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білімі және ұйымдастырушы педагог лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл немесе бейін бойынша жоғары білімі және ұйымдастырушы педагог лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 4 жыл.

біліктілігі жоғары деңгейлі бірінші санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейлі екінші санатты ұйымдастырушы педагогке қойылатын талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: тәрбие жұмысын талдау әдістемесін меңгеруі, балалар мен жасөспірімдерді, оларға дифференцияланған тәсілдерді ескере отырып тәрбиелеу әдістемесін өз бетінше білуі, жұмыста озық педагогикалық тәжірибелерді пайдалануы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білімі және ұйымдастырушы педагог лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 4 жыл немесе бейін бойынша жоғары білімі және ұйымдастырушы педагог лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

біліктілігі жоғары деңгейлі жоғары санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейлі бірінші санатты ұйымдастырушы педагогке қойылатын талаптарға жауап беруі, сонымен қатар ғылыми-зерттеу, эксперименттік жұмыстар әдістерін меңгеруі, жаңа педагогикалық технологиялар, нысаналы бағдарламалар әзірлеуі, оларды сынақтан өткізу бойынша жұмыстарды жүргізуі; әлеуметтік педагогиканың өзекті проблемаларын әзірлеу бойынша шығармашылық топтарға жетекшілік етуі тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім және ұйымдастырушы педагог

лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл немесе бейін бойынша жоғары білімі және ұйымдастырушы педагог лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 6 жыл.

біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман:

жұмыс өтілісіз педагогикалық бейінінің техникалық және кәсіптік білімі.

біліктілігі орта деңгейлі екінші санатты маман:

біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ ұйымдастырушы педагогке қойылатын талаптарға жауап беруі, сонымен қатар, балалармен және жасөспірімдермен диагностикалық жұмысты ұйымдастыру нысандарын меңгеруі, тәрбиелеу процесінде тұрақты оң нәтижелерді қамтамасыз етуі, әдістемелік бірлестіктер, озық тәжірибелі мектептер қызметтеріне қатысуы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: Педагогикалық бейіннің техникалық және кәсіптік білімі және ұйымдастырушы педагог лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.

біліктілігі орта деңгейлі бірінші санатты маман:

біліктілігі орта деңгейлі екінші санатты ұйымдастырушы педагогке қойылатын талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: тәрбие жұмысын талдау әдістерін меңгеруі, балалар мен жасөспірімдерді, оларға дифференцияланған тәсілдерді ескере отырып тәрбиелеу әдістемесін өзбетінше білуі, жұмыста озық педагогикалық тәжірибелерді пайдалануы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: педагогикалық бейіннің техникалық және кәсіптік білімі және ұйымдастырушы педагог лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 4 жыл.

біліктілігі орта деңгейлі жоғары санатты маман:

біліктілігі орта деңгейлі бірінші санатты педагогке қойылатын талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: жаңа педагогикалық технологиялар, нысаналы бағдарламалар әзірлеуі, оларды сынақтан өткізу бойынша жұмыстарды жүргізуі, білім беру саласындағы өзекті проблемаларды әзірлеу жөніндегі шығармашылық топтарға жетекшілік етуі, өз жұмысында оқыту мен тәрбиелеудің озық педагогикалық тәжірибесін және инновациялық технологияларын пайдалануы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: Педагогикалық бейіннің техникалық және кәсіптік білімі және педагог лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

Әлеуметтік педагог

Лауазымдық міндеттері: Жеке тұлғаның психологиялық-медициналық-педагогикалық ерекшеліктерін және оның шағын ортасын, өмірлік жағдайын, зерделейді, білім алушылардың мүдделері мен қажеттіліктерін, проблемаларын, жанжалдық жағдайын, мінез-құлық ауытқуларын анықтайды және оларға әлеуметтік көмек пен қолдау көрсетеді. Баланың жеке және әлеуметтік проблемаларын шешу тәсілдерін, міндеттерін, нысандарын, әлеуметтік-педагогикалық жұмыс әдістерін анықтайды, білім алушы балалардың жеке құқығы мен еркіндігін іске асырудағы әлеуметтік қорғау мен көмек бойынша шаралар қабылдайды. Білім алушылар, балалар және мекемелер, отбасылар, орта, әртүрлі әлеуметтік қызметтер, ведомстволар мен әкімшілік органдар мамандары арасында делдал болады. Білім беру ұйымдарында білім алушыларды тәрбиелеу, білім беру, дамыту мен әлеуметтік қорғау бойынша және қоғамдағы өмірге жеке тұлғаны бейімдеуді қамтамасыз ететін тұрғылықты жері бойынша шаралар кешенін жүзеге асырады. Жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, мүмкіндігі шектеулі балаларды, мүгедек балаларды, бала кезінен мүгедек балаларды патронатқа алу, тұрғын үймен, жәрдемақымен, зейнетақымен, мүліктік және мүліктік емес құқықтармен қамту бойынша жұмыстарды үйлестіреді. Сабақтан тыс уақытта білім алушылардың талантын, ойлау және дене мүмкіндіктерін дамыту үшін жағдай жасайды. Әлеуметтік ортада ізгілікті, адамгершілікті, дұрыс қарым-қатынасты қалыптастыруға ықпал етеді. Бала мен мемлекеттік, қоғамдық ұйымдар және әлеуметтік қызметтер арасындағы байланысты қамтамасыз етеді. Мұғалімдермен, ата-аналармен және өзге де заңды өкілдермен өзара әрекеттеседі. Оқыту процесі кезінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз етеді. Білім беру ұйымдарындағы білім беретін оқу бағдарламаларын әзірлеуге, бекітуге және іске асыруға қатысады.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Еңбек кодексін, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының кодексі, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Кәметке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар мен

балалардың қараусыз қалуының алдын алу туралы» Заңдарын және білім беру мәселелері жөніндегі басқа да нормативтік құқықтық актілерді, әлеуметтік саясат, жалпы және әлеуметтік педагогика, педагогикалық, әлеуметтік, жасерекшелік және балалар психологиясы негіздерін, валеология және әлеуметтік гигиена негіздерін, әлеуметтік-педагогикалық және диагностикалау әдістерін, тәрбие жұмысы әдістемесін, педагогикалық ғылымды дамытудың, әлеуметтік-педагогикалық жұмыстарды талдау және бағдарламалаудың негізгі бағыттарын, еңбек туралы заңнамалар негізі, еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі мен өрт қауіпсіздігін сақтау нормалары мен ережелерін, санитарлық ережелер мен нормаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ маман: жоғары педагогикалық білімі немесе бейіні бойынша жоғары білімі.

Тиісті санатты алу үшін міндеттерді анықтай отырып қойылатын біліктілік талаптары:

біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ әлеуметтік педагогке қойылатын жалпы талаптарға жауап беруі, сонымен қатар озық тәжірибені зерделеуі, оны практикада қолдануы, оқу-тәрбие жұмыстарын талдау дағдыларының болуы, білім беру ұйымдарының әдістемелік бірлестіктерінің жұмысына қатысуы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білімі және әлеуметтік педагог лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл немесе бейіні бойынша жоғары білімі және әлеуметтік педагог лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 4 жыл.

біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты әлеуметтік педагогке қойылатын барлық талаптарға жауап беруі, сонымен қатар тәрбиелеу жұмыстарын талдау әдістерін меңгеруі, шығармашылық семинарларға жетекшілік ете білуі, озық тәжірибені қолдануы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білімі және әлеуметтік педагог лауазымындағы педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 4 жыл немесе бейін бойынша жоғары білімі және әлеуметтік педагог лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты әлеуметтік педагогке қойылатын жалпы талаптарға жауап беруі, сонымен қатар ғылыми-зерттеу және эксперименттік жұмыстар әдістерін меңгеруі, жаңа әлеуметтік-педагогикалық бағдарламалар, педагогикалық технологияларды әзірлей білуі, оларды сынақтан өткізу жұмыстарын жүргізе білуі, әлеуметтік педагогиканың өзекті проблемаларын әзірлеу бойынша шығармашылық топтардың жұмысына жетекшілік ете білуі тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білімі және әлеуметтік педагог лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл немесе бейін бойынша жоғары білімі және әлеуметтік педагог лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 6 жыл.

Музыка жетекшісі

Лауазымдық міндеттері: Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес тәрбиеленушілердің музыкалық тәрбиесін және эстетикалық дамуын жүзеге асырады. Музыкалық аспапта орындау техникасын кәсіби шеберлікпен меңгереді. Музыкалық және басқа да мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастырады және өткізеді; балалармен дербес жұмыстар жүргізеді, музыкалық жағынан дарынды балаларды анықтайды.

Дене тәрбиесі сабақтарына, спорттық шараларды ұйымдастыруға қатысады. Балалармен ойын жұмыстарын ұйымдастыруға қатысады, әртүрлі музыкалық-дидактикалық ойындарды өткізеді. Педагогикалық кеңестерді дайындауға, әдістемелік бірлестіктердің жұмысына қатысады. Балалармен жұмыс істеу практикасына озық тәжірибелерді енгізеді.

Ата-аналар мен тәрбиешілерге балаларды музыкалық тәрбиелеу мәселелері бойынша кеңестер береді. Тәрбиеленушілердің музыкалық жетілуін бақылап отырады. Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы қорғаныс ережелері мен нормаларын орындайды.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Еңбек кодексі, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының кодексін, Қазақстан

Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарын және басқа да нормативтік құқықтық актілерді, әр кезеңдегі музыкалық туындылар, стиль мен жанр, дәрістер мен репетициялар өткізу әдістемесін, педагогика мен психология негіздерін, әр жастағы баланың музыкалық қабылдауы, эмоциясы, моторикасы және музыкалық қабілетін, балалар репертуарының музыкалық шығармалары, музыкалық тәрбиелеудің әдістемесін, музыка аспаптарын кәсіби орындау, дәрігер келгенге дейінгі медициналық көмек негіздерін, экономика негіздерін, еңбек туралы заңнамалар, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі мен өрт қауіпсіздігін сақтау нормалары мен ережелерін, санитарлық ережелер мен нормалар.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ маман: жоғары музыкалық білімі.

біліктілігі орта деңгейдегі санаты жоқ маман: техникалық және кәсіптік (музыкалық) білім.

Тиісті санатты алу үшін міндеттерді анықтай отырып қойылатын біліктілік талаптары:

біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты маман: жоғары музыкалық білімі және музыка жетекшісі лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.

біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты музыка жетекшісіне қойылатын талаптарға жауап беруі, сонымен қатар балаларды музыкалық тәрбиелеу мен оқытудың әртүрлі қазіргі заманғы әдістерін меңгеруі, баланың музыкалық қабілетінің даму диагностикасының элементтерін білуі, баланың даму ортасының қалыптасуына белсенді қатысуы тиіс.

біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары музыкалық білімі және музыка жетекшісі лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 4 жыл.

біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты музыка жетекшісіне қойылатын талаптарға жауап беруі, сонымен қатар балаларды музыкалық оқыту мен тәрбиелеудің қазіргі заманғы әдістерін қолданудың өзінің шығармашылық ізденісін жүзеге асыруы, балаларды музыкалық дамытудың өзіндік ерекше әдістерін білуі тиіс.

біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары музыкалық білімі және музыка жетекшісі лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты маман: музыка жетекшісіне қойылатын жалпы талаптарға жауап беруі тиіс.

біліктілікке қойылатын талаптар: техникалық және кәсіптік (музыкалық) білімі және музыка жетекшісі лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.

біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты маман:

біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты музыка жетекшісіне қойылатын жалпы талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: балаларды музыкалық оқыту мен тәрбиелеудің қазіргі заманғы әдістерін қолдануға өзінің шығармашылық ізденісін жүзеге асыруы, балалардың музыкалық қабілетінің даму диагностикасының элементтерін білуі, баланың даму ортасының қалыптасуына белсенді қатысуы тиіс.

біліктілікке қойылатын талаптар: техникалық және кәсіптік (музыкалық) білімі және музыка жетекшісі лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 4 жыл.

біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты маман:

біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты музыка жетекшісіне қойылатын жалпы талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: балаларды музыкалық оқыту мен тәрбиелеудің қазіргі заманғы әдістерін қолдануға өзінің шығармашылық ізденісін жүзеге асыруы, балаларды музыкалық дамытудың өзіндік ерекше әдістерін білуі тиіс.

біліктілікке қойылатын талаптар: техникалық және кәсіптік (музыкалық) білімі және музыка жетекшісі лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

Жалпы бөлім меңгерушісі

Лауазымдық міндеттері: Көпшілікке арналған ойындарды, ұжымдық және ойын қарым-қатынасын өткізеді. Білім беру ұйымдарында көріністер, көңілді кештер, балалардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастырады. Сценарийлер, тақырыптық бағдарламалар әзірлеуге, балалардың ұжымдық бос уақытын

өткізуге қатысады. Өткізілетін іс-шаралардың көркемдік безендірілуін, музыкалық сүйемелдеуді ұйымдастыруға қатысады. Дарынды және талантты білім алушыларды, оның ішінде даму мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдайды. Балалардың мәдени-жалпы іс-шараларға қатысуын ұйымдастырады. Еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі мен өрттен қорғау нормалары мен ережелерін сақтауды қамтамасыз етеді. Оқу процесі кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау үшін қажетті жағдайды жасауды қамтамасыз етеді. Өзінің кәсіби біліктілігін арттырады. Ата-аналарға және оларды алмастыратын тұлғаларға, сондай-ақ педагогикалық қызметкерлерге консультативтік көмек көрсетеді. Әдістемелік бірлестіктердің қызметіне және әдістемелік жұмыстың басқа да түрлеріне қатысады.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын және Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарын және басқа білім беру мәселелері жөнінде нормативтік құқықтық актілерді, педагогика, психология негіздерін, білім беру және мәдени-ағарту жұмыстарының мәселелері бойынша жоғары тұрған органдардың басқару құжаттарын, тарих пен өнер теориясының негіздерін, ойындар мен ойын-сауықтың пайда болуы және тарихы, олардың әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық қызметін, аудиторияны жандандырудың, ұжымдық ойынға көпшілікті тартудың, жалпы ойын-сауық іс-шаралардың драмалық құрылуының, дайындықтар мен сабақтарды жүргізудің әдістемесін, мәдени ұйымдастырушылардың озық тәжірибелерін, экономика негіздерін, еңбек туралы заңнамалар негіздерін, еңбекті қорғау мен техника қауіпсіздігі ережелерін, санитарлық ережелер мен нормаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ маман: жоғары білімі.

біліктілігі орта деңгейдегі санаты жоқ маман: педагогикалық бейіннің техникалық және кәсіптік білімі.

Тиісті санатты алу үшін міндеттерді анықтай отырып қойылатын біліктілік талаптары:

біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ мәдени ұйымдастырушыға қойылатын жалпы талаптарға жауап беруі, сонымен қатар балалармен бұқаралық мәдени іс-шараларды ұйымдастыра білуі, әдістемелік бірлестіктердің жұмыстарына қатысуы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білімі және мәдени ұйымдастырушы лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.

біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейлі екінші санатты мәдени ұйымдастырушыға қойылатын талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: тәрбие жұмысын талдау әдістемесін меңгеруі, балалар мен жасөспірімдердің даму деңгейін есепке ала отырып тәрбиелеу әдістемесін өз бетінше әзірлей білуі, педагогиканың озық тәжірибелерін қолдануы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білімі және мәдени ұйымдастырушы лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 4 жыл.

біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты мәдени ұйымдастырушыға қойылатын жалпы талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: эксперименттік жұмыстардың әдістемесін меңгеруі, жаңа педагогикалық технологияларды, мақсатты бағдарламаларды әзірлеуі, оларды апробациялау жұмыстарын жүргізуі, шығармашылық топқа жетекшілік жасауы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білім және мәдени ұйымдастырушы лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

Тиісті санатты алу үшін міндеттерді айқындаумен қатар біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты маман:

біліктілігі орта деңгейдегі санаты жоқ мәдени ұйымдастырушыға қойылатын талаптарға жауап беруі, сонымен қатар балалармен бұқаралық мәдени жұмыстарды ұйымдастыру түрлерін білуі, тәрбие процесінде оң нәтижелерге жетуді қамтамасыз етуі, әдістемелік бірлестіктердің, озат тәжірибе мектептерінің жұмыстарына қатысуы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: педагогикалық бейіндегі техникалық және кәсіптік білім және мәдени ұйымдастырушы лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.

біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты маман:

біліктілігі орта деңгейдегі санаты жоқ мәдени ұйымдастырушыға қойылатын жалпы талаптарға жауап беруі, сонымен қатар балалармен бұқаралық мәдени жұмыстарды ұйымдастыру түрлерін білуі, балалар мен жасөспірімдердің ерекшелігіне байланысты олармен жұмыс істеу әдістемесін өз бетінше әзірлей білуі, өз жұмысында педагогиканың озық тәжірибелерін қолдануы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: педагогикалық бейіндегі техникалық және кәсіптік білім және мәдени ұйымдастырушы лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 4 жыл.

біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты мәдени ұйымдастырушыға қойылатын барлық талаптарға жауап беруі, сонымен қатар жаңа педагогикалық технологиялар мен мақсатты бағдарламалар әзірлеуі, оларға апробация жұмыстарын жүргізуі; білім беру саласындағы өзекті мәселелер бойынша шығармашылық топтарды басқара білуі, өз жұмысында педагогиканың озық тәжірибелерін және оқыту мен тәрбиелеудің инновациялық технологияларын қолдана білуі тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: педагогикалық бейіндегі техникалық және кәсіптік білім және мәдени ұйымдастырушы лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

Аккомпаниатор

Лауазымдық міндеттері. Дайындықтар мен концерттерде вокалистер мен аспапшыларды сүйемелдейді, спорттық, көркем гимнастика, мәнерлеп сырғанау, жүзу, аэробика, шейпинг, балдық және спорттық билер бойынша спорттық жарыстарда, білім беру ұйымдарындағы әртүрлі мәдени іс-шараларда өнер көрсетуде музыкалық сүйемелдеудің кәсіби орындалуын қамтамасыз етеді. Білім алушылардың жеке қабілетіне қарай әр қимыл элементіне музыкалық шығарманы таңдайды, білім алушыларды ансамбльдік орындаушылыққа үйретеді.

Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын орындайды.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын және Еңбек кодексін, «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын және білім беру, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру мәселелері бойынша басқа да нормативтік құқықтық актілерді, педагогика, психология негіздерін, әртүрлі жанрдағы, стильдегі, дәуірдегі музыкалық шығармаларды, музыка тарихы мен теориясын, дайындықтар мен сабақтарды жүргізу әдістемесін, еңбек туралы заңнамалардың негіздерін, еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы қағидаларын, санитарлық ережелер мен нормаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ маман: жоғары музыкалық білім;

біліктілігі орта деңгейдегі санаты жоқ маман: техникалық және кәсіптік музыкалық білім.

Тиісті санатты алу үшін міндеттерді айқындаумен қатар біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ аккомпаниаторға қойылатын жалпы талаптарға жауап беруі, сонымен қатар ноталарды қағаз бетінен тез оқуы, дайындықсыз сүйемелдеуі, қысқа мерзімде музыкалық шығармаларды жаттауы, үндестіре білуі, орындаушылар репертуарын білуі, музыкалық фрагменттерді біріктіре білуі, әдістемелік бірлестіктердің жұмысына қатысуы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары музыкалық білім және мамандығы бойынша жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.

біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты аккомпаниаторға қойылатын талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: қағаз бетіне қарап басқа үндестілікке аударып сүйемелдей алуы, музыкалық шығармаларды редакциялауы, партитурадан аударуы тиіс. Жұмыста жоғары кәсіптік тәжірибесі және тұрақты концерттік практикасы, конкурстардағы, фестивальдардағы үздік концертмейстердің дипломдары болуы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары музыкалық білім және мамандығы бойынша жұмыс өтілі кемінде 4 жыл.

біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты аккомпаниаторға қойылатын талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: концертмейстер және аккомпаниатор мамандықтары (мамандандыру) бойынша сабақтар жүргізуі, практикалық, әдістемелік тәжірибе жинақтауға, жариялауға материалдар дайындауға, пәндерді оқыту тақырыптарын, курстарын әзірлеуге, ғылыми-зерттеу және әдістемелік жұмыстармен айналысуға; оқу бағдарламаларын, оқулықтарды, әдістемелік құралдарды әзірлеуге және апробациялауға қатысуы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары музыкалық білім және мамандығы бойынша жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты маман:

біліктілігі орта деңгейдегі санаты жоқ аккомпаниаторға қойылатын жалпы талаптарға жауап беруі, сонымен қатар ноталарды қағаз бетінен тез оқуы, дайындықсыз сүйемелдеуі, қысқа мерзімде музыкалық шығармаларды жаттай білуі, әдістемелік бірлестіктердің жұмысына қатысуы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: техникалық және кәсіптік білім (музыкалық білім) және мамандығы бойынша жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.

біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты маман:

біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты аккомпаниаторға қойылатын талаптарға жауап беруі, сонымен қатар қағаз бетіне қарап басқа үндестікке аударып сүйемелдеуі, музыкалық шығармаларды редакциялауы және партитурадан аударуы тиіс. Жұмыста жоғары кәсіптік тәжірибесі және тұрақты концерттік практикасы, конкурстардағы, фестивальдардағы үздік концертмейстердің дипломдары болуы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: техникалық және кәсіптік (музыкалық) білім және мамандығы бойынша жұмыс өтілі кемінде 4 жыл.

біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты маман:

біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты аккомпаниаторға қойылатын талаптарға жауап беруі, сонымен қатар концертмейстер мен аккомпаниатор мамандықтары (мамандандыру) бойынша сабақтар жүргізуін, практикалық, әдістемелік тәжірибе жинақтауға, жариялауға материалдар дайындауға, пәндерді оқыту тақырыптарын, курстарын әзірлеуге қатысуы, әдістемелік жұмыстармен айналысуы, оқу бағдарламаларын, оқулықтарды, әдістемелік құралдарды апробациялауға қатысуы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: техникалық және кәсіптік білім және мамандығы бойынша жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

Концертмейстер

Лауазымдық міндеттері. Жалпы, арнайы және бейіндік пәндердің оқытушыларымен бірлесіп, тақырыптық жоспарлар мен бағдарламалар әзірлейді, білім алушылармен жеке және топтық сабақтар жүргізеді. Оқушылардың орындаушылық дағдыларын, ансамбльде ойнау дағдыларын қалыптастырады, олардың көркемдік талғамын дамытуға, музыкалық-бейнелік қабылдауын кеңейтуге және шығармашыл жеке тұлға тәрбиелеуге ықпал етеді. Жеке және концерттік жұмыста вокалистерді немесе аспапшыларды сүйемелдейді. Сабақтарда, емтихандарда, сынақтарда, концерттерде (спектакльдерде), көрсетілімдерде (спорттық, көркем гимнастика, мәнерлеп сырғанау, жүзу бойынша спорттық жарыстарда) музыкалық материалдардың кәсіби орындалуын қамтамасыз етеді. Ноталарды парақтан оқиды, музыкалық шығармаларды үндестіреді. Тақырыптық жоспарлар мен бағдарламаларды (жалпы, арнайы, бейінді пәндер) әзірлеуге қатысады. Білім беру процесінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз етеді. Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын орындайды.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын және Еңбек кодексін, «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының заңдары және білім беру мәселелері жөніндегі басқа да нормативтік құқықтық актілерді, педагогика мен жасерекшелік психологиясының негіздерін, дидактиканың принциптерін, сабақ және дайындық жүргізу әдістемесін, жалпы және жеке оқыту, оқу-тәрбие процесін ұымдастыру тәсілдерін, әртүрлі дәуірдегі, стильдегі және жанрдағы музыкалық шығармалардың фрагменттерін біріктіру, оларды

редакциялау және дәстүрлі түрде орындай білу, білім алушылардың жеке дене ерекшеліктерін ескере отырып, жеке қимыл элементтеріне музыканы таңдау, еңбек туралы заңнамалардың негіздерін, техника қауіпсіздігі, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы қауіпсіздік ережелері мен нормалары; санитарлық ережелер мен нормаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ маман: жоғары музыкалық білім.

біліктілігі орта деңгейдегі санаты жоқ маман: техникалық және кәсіптік білім (музыкалық).

Тиісті санатты алу үшін міндеттерді айқындаумен қатар біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ концертмейстерге қойылатын жалпы талаптарға жауап беруі, сонымен қатар ноталарды қағаз бетінен тез оқи білуі, дайындықсыз сүйемелдеуі, қысқа мерзімде музыкалық шығармаларды жаттай білуі тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары музыкалық білім және мамандығы бойынша жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.

біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты концертмейстерге қойылатын талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: қағаз бетінен оқып басқа үндестілікке аударып сүйемелдеуі, музыкалық шығармаларды редакциялауы және партитурадан аударуы тиіс. Жұмыста жоғары кәсіби тәжірбиесі және тұрақты концерттік практикасы, конкурстардағы, фестивальдардағы үздік концертмейстердің дипломдары болуы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары музыкалық білім және мамандығы бойынша жұмыс өтілі кемінде 4 жыл.

біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты концертмейстерге қойылатын жалпы талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: концертмейстер және аккомпаниатор мамандықтары (мамандандыру) бойынша сабақтар жүргізуі, практикалық, әдістемелік тәжірибе жинақтауы, жариялауға материалдар дайындауға, пәндерді оқыту тақырыптарын, курстарын әзірлеуге қатысуы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары музыкалық білім және мамандығы бойынша жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты маман:

біліктілігі орта деңгейдегі санаты жоқ концертмейстерге қойылатын жалпы талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: ноталарды қағаз бетінен тез оқи білуі, дайындықсыз сүйемелдеуі, қысқа мерзімде музыкалық шығармаларды жаттай білуі, әдістемелік бірлестіктердің жұмысына қатысуы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: техникалық және кәсіптік білім (музыкалық) және концертмейстер қызметіндегі жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.

біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты маман:

біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты концертмейстерге қойылатын талаптарға жауап беруі, сонымен қатар қағаз бетінен оқып, басқа үндестілікке аударып сүйемелдеуі, музыкалық шығармаларды редакциялауы тиіс. Жұмыста жоғары кәсіби тәжірбиесі және тұрақты концерттік практикасы, конкурстардағы, фестивальдардағы үздік концертмейстердің дипломдары болуы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: техникалық және кәсіптік музыкалық білім (арнаулы орта, кәсіптік орта) және концертмейстер қызметіндегі жұмыс өтілі кемінде 4 жыл.

біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты маман:

біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты концертмейстерге қойылатын талаптарға жауап беруі, сонымен қатар концертмейстер мен аккомпаниатор мамандықтары (мамандандыру) бойынша сабақтар жүргізуі, практикалық, әдістемелік тәжірибе жинақтауға, жариялауға материалдар дайындауға, әдістемелік жұмыстармен айналысуға, оқу бағдарламаларын, оқулықтарды, әдістемелік құралдарды апробациялауға қатысуы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: техникалық және кәсіптік музыкалық білім (арнаулы орта, кәсіптік орта) және концертмейстер қызметіндегі жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

Жүзу және дене тәрбиесі нұсқаушысы

Лауазымдық міндеттері: Дене тәрбиесі нұсқаушысы: дене тәрбиесі бағдарламасына және әдістемесіне сәйкес балаларды оқыту жұмысын жүргізеді. Балардың жас ерекшелігін, дайындығын, жеке және психофизикалық ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың міндеттері мен мазмұнын анықтайды. Балаларға дене жаттығуларын орындау дағдылары мен техникасын үйретеді, олардың бойында рухани-жігер қасиеттерін қалыптастырады.

Дене шынықтыру сабақтары мен спорттық іс-шаралар өткізу барысында балалардың толық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсетеді. Үнемі санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуын қадағалайды.

Медицина қызметкерлерімен бірлесе отырып, балалардың денсаулық жағдайын бақылайды және физикалық жүктемесін реттейді. Балалардың өмірі мен денсаулығына жауап береді. Салауатты өмір салтын насихаттайды. Тәрбиешілермен, тәрбиеленушілердің ата-анасымен тығыз байланыста болады. Бекітілген құжаттаманы және есептілікті жүргізеді.

Жүзу нұсқаушысы: Бағдарламаға сәйкес сабақ жүргізеді. Мектепке дейінгі жасы кішкентай балаларды көп мөлшерлі судан қорықпауға үйретеді (арнайы ойындар, сабақтар арқылы), ал орта мектепке дейінгі жастағы балаларға әртүрлі жүзу әдістерін үйрете бастайды (кроль, брасс, «дельфин»). Балалардың суда жүзу кезіндегі қауіпсіздігіне толық жауап береді. Медбикемен бірлесіп бассейннің гигиеналық жағдайын бақылайды. Суға түсу кезінде және жүзудің алдында бассейнді тексеріп, білім алушылардың денсаулығына зиян келтіретін заттарды алып тастайды. Балаларды шешіндіру және душ қабылдау кезінде көмектеседі және оларды гигиена талаптарын қатаң сақтауға үйретеді. Алғашқы медициналық көмек көрсетеді. Санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуын үнемі қадағалайды. Қауіпсіздік техникасын бойынша нұсқаулық жүргізеді. Бекітілген құжаттаманы және есептілікті жүргізеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын және Еңбек кодексін, «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» және білім беру, дене тәрбиесі мен спорт мәселесі жөніндегі басқа да нормативтік құқықтық актілерді, педагогика, психология негіздерін, жас ерекшеліктер физиологиясын, анатомия, мектеп гигиенасын, спорттық ғимараттарда және снарядтарда сабақ өткізу әдістемесін, тәрбие жұмысының әдістемесін, әр жастағы балаларды жүзуге үйрету әдістемесін, суда жүзу тәртібі, дене шынықтыру-сауықтыру шараларын өткізу кезіндегі қауіпсіздік техникасының талаптарын, бағдарламалар мен оқулықтарды, оқу кабинетін жарақтандыруға және жабдықтауға қойылатын талаптарды, еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы мен өртке қарсы қауіпсіздік ережелері мен нормалары, санитарлық қағидалар мен нормаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ маман: жоғары педагогикалық білім (бакалавр) немесе тиісті мамандық бойынша жоғары білім.

біліктілігі орта деңгейдегі санаты жоқ маман: тиісті мамандық бойынша техникалық және кәсіптік білім.

Тиісті санатты алу үшін міндеттерді айқындаумен қатар біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ нұсқаушыға қойылатын жалпы талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: балалардың дене тәрбиесі мен денсаулығын нығайтудың алдыңғы қатарлы әдістері мен тәсілдерін пайдалануы, білім беру ұйымдарының қызметкерлері мен ата-аналар үшін консультациялар өткізуі тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім және нұсқаушы қызметіндегі жұмыс өтілі кемінде 3 жыл немесе тиісті мамандық бойынша жоғары білім және нұсқаушы қызметіндегі жұмыс өтілі кемінде 4 жыл.

біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушыға қойылатын талаптарға жауап беруі, сонымен қатар балалардың дене тәрбиесі мен денсаулығын жақсарту бойынша тұрақты нәтижелерді қамтамасыз етуі, балалармен жеке жұмыс жүргізуі, балалардың дене тәрбиесіне және балалармен спорттық жарыстар өткізуге арналған жеке әдістемелерін әзірлеуі тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім және нұсқаушы қызметіндегі жұмыс өтілі кемінде 4 жыл немесе тиісті мамандық бойынша жоғары білім және нұсқаушы қызметіндегі жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушыға қойылатын талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: тәжірибелік жұмыс қабілеттерінің бар болуы, балалармен жұмыс істеудің жаңа бағдарламалары мен әдістемелерін әзірлеуі тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім және нұсқаушы қызметіндегі жұмыс өтілі кемінде 5 жыл немесе тиісті мамандық бойынша жоғары білім және нұсқаушы қызметіндегі жұмыс өтілі кемінде 6 жыл.

біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты маман:

біліктілігі орта деңгейдегі санаты жоқ нұсқаушыға қойылатын жалпы талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: балалардың дене тәрбиесі мен денсаулығын нығайтудың алдыңғы қатарлы әдістері мен тәсілдерін пайдалануы, білім беру ұйымдарының қызметкерлері мен ата-аналар үшін консультациялар өткізуі тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: техникалық және кәсіптік білім және нұсқаушы қызметіндегі жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.

біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты маман:

біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты нұсқаушыға қойылатын жалпы талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: балалардың дене тәрбиесі мен денсаулығын жақсарту бойынша тұрақты нәтижелерді қамтамасыз етуі, балалармен жеке жұмыс жүргізуі, балалардың дене тәрбиесіне және балалармен спорттық жарыстар өткізуге арналған жеке әдістемелерін әзірлеуі тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: техникалық және кәсіптік білім және нұсқаушы қызметіндегі жұмыс өтілі кемінде 4 жыл.

біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты маман:

біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушыға қойылатын жалпы талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: эксперименттік жұмыстарды өткізу дағдысының болуы, балалармен сабақ өткізудің жаңа бағдарламасы мен әдістемесін әзірлеуі тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: техникалық және кәсіптік білім және нұсқаушы қызметіндегі жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымының әдіскері

Лауазымдық міндеттері. Барлық типтегі және түрдегі балаларға қосымша білім беру ұйымдарында (бұдан әрі – ұйым) әдістемелік жұмысты жүзеге асырады. Білім беру процесінің нәтижесін ұйымдық-әдістемелік алып жүруді, талдауды және бағалауды, инновациялық педагогикалық тәжірибені топтастырып, таратуды қамтамасыз етеді. Педагог кадрлардың шығармашылық өсуіне және олардың кәсіби жетілуіне көмек береді. Ұйымдардағы оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысының жағдайын талдайды және оның тиімділігін арттыру бойынша ұсыныс әзірлейді. Әдістемелік және ақпараттық материалдар әзірлеуге, диагностика жасауға, педагог кадрларды даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды болжауға және жоспарлауға қатысады. Ұйымның педагог қызметкерлеріне қосымша білім берудің оқу бағдарламасының мазмұнын, нысанын, әдістері мен оқыту құралдарын анықтауға, ұйымның білім беру қызметін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету жұмысын ұйымдастыруға көмек көрсетеді. Балаларға қосымша білім беру ұйымындағы білім беру процесін жетілдіру бойынша ұсыныс енгізеді. Білім беру процесіне арналған оқыту-әдістемелік құжаттамалар мен құралдарды, жабдықтардың үлгілік тізбелерін, дидактикалық материалдарды және т.б. әзірледі, рецензиялауды және бекітуге дайындауды ұйымдастырады. Ұйымның эксперименталдық жұмысының нәтижесін талдайды және жинақтайды. Педагог қызметкерлердің мейлінше инновациялық, нәтижелі тәжірибелерін жинақтайды және тарату шараларын қабылдайды. Педагог қызметкерлердің әдістемелік бірлестіктерінің жұмысын ұйымдастырады және үйлестіреді, оларға тиісті қызмет ету бағыты бойынша консультативтік және практикалық көмек көрсетеді. Қызметкерлердің тиісті бағыттары бойынша олардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау жұмысына, білім беру мазмұнын ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету бойынша, оқу құралдарына, әдістемелік материалдарға арналған тапсырыстың перспективалық жоспарларын әзірлеуге қатысады. Балаларға қосымша білім беру саласындағы алдыңғы қатарлы оқыту және тәрбиелеу технологиялары, отандық және әлемдік тәжірибе туралы ақпаратты қорытындылайды және таратады. Конкурстар, көрмелер, олимпиадалар, слеттер, жарыстар және т.б. өткізу бойынша қажетті құжаттама әзірлеп, ұйымдастырады. Әдістемелік, анықтамалық,

ақпараттық-аналитикалық материалдарды жинауды, жинақтауды және жүйелендіруді жүзеге асырады. Қосымша білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге, сараптауға, қолданыстағысын түзетуге және жаңа білім беру стандарттарын, оқу-бағдарламалық құжаттама әзірлеуге қатысады.

Білім беру ұйымының педагогикалық және өзге де кеңестерінің жұмысына, сондай-ақ әдістемелік бірлестік қызметі мен әдістемелік жұмыстың өзге де түріне қатысады. Еңбек қорғау және өрт қауіпсіздігі жөніндегі ережені орындайды. Білім беру процесі кезінде білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) өмірін және денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын және Еңбек кодексін, «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының заңдары және білім беру қызметін реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерді, Қазақстан Республикасының білімін дамытудың басым бағыттарын, дидактика принциптерін, педагогиканың, жас ерекшелік психологиясының негіздерін, білім беру процесін немесе қызмет бағытын әдістемелік қамтамасыз ету принципін, білім беру ұйымындағы білім беру процесін ұйымдастыру жүйесін, оқу-бағдарламалық құжаттамаларды, оқу жабдықтары мен басқа да оқу-әдістемелік құжаттаманың үлгілік тізбелерін әзірлеу принципі мен тәртібін, педагогикалық жұмыстың элективті нысандары мен әдістерін анықтау, топтастыру және тарату әдістемесін, ұйымның педагогикалық қызметкерлерінің әдістемелік бірлестіктерінің жұмысын ұйымдастыру және мазмұны принципін, баспалармен жұмыс жүргізу негіздерін, әдістемелік және ақпараттық материалдарды жүйелендіру принциптерін, аудиовизуалды және интерактивтік оқыту құралдарына қойылатын негізгі талаптарды, қазіргі заманғы педагогикалық оқыту технологияларын, құзыреттілік қатынасты іске асыру, даулы жағдайлардың себебін диагностикалау технологиясы, олардың алдын алу және шешу жолдары, экология, экономика, әлеуметтану негіздерін, мәтіндік редактор, электрондық кестелер, электрондық пошта және браузерлер, мультимедиялық құралдар жұмысының негіздерін, еңбек заңнамаларын, білім беру ұйымының ішкі еңбек тәртібі ережелерін, еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігін сақтау ережелерін, санитарлық ережелер мен нормаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ маман: жоғары педагогикалық білім (бакалавр) немесе тиісті мамандық бойынша жоғары білім, білім беру жүйесіндегі педагогикалық жұмыс өтілі немесе тиісті бейіні бойынша кемінде 2 жыл.

біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты маман: жоғары педагогикалық білім немесе тиісті бейіні бойынша жоғары білім, педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 3 жыл;

біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты маман: жоғары педагогикалық білім немесе тиісті бейіні бойынша жоғары білім, педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл, жарияланған әдістемелік материалдарының болуы.

біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты маман: жоғары педагогикалық білім немесе тиісті бейіні бойынша жоғары білім, педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 7 жыл және жарияланған әдістемелік материалдарының болуы.

Қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының (ҚБ ОӘО) әдіскері

Лауазымдық міндеттері. Аналитикалық қызмет: қызмет бағыттары бойынша балаларға қосымша білім беру жүйесінің бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етілу жағдайын зерделейді және талдайды, оның тиімділігін арттыру бойынша ұсыныс әзірлейді. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының кадрлық құрамы мен әдістемелік корпусының шығармашылық әлеуеті туралы деректер базасын жинап, талдайды. Балаларға қосымша білім беру жүйесінде іске асырылатын бағдарламалық-әдістемелік өнім банкі, педагогикалық ақпарат банкі (нормативтік құқықтық, ғылыми-әдістемелік, әдістемелік және т.б.) қалыптастырады. Республикадағы балаларға қосымша білім беру ұйымдарында іске асырылатын бағдарламалық-әдістемелік өнімді жүйелейді.

Ғылыми-әдістемелік қызмет: тұлғаның даму міндеттерін шешудің озық инновациялық тәсілдерін анықтайды және насихаттайды. Әдістемелік және ақпараттық материалдар, диагностика, болжау және

педагогикалық кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыруды жоспарлауға қатысады. Ұйымдардың эксперименталды және зерттеу жұмысының нәтижелерін талдап, жалпылайды. Балаларға қосымша білім беру ұйымдары қызметінің практикасына ғылыми зерттеулерді, алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені талдайды және жалпылайды, педагогтердің ғылыми және теориялық құзыреттіліктерін қамтамасыз етеді. Әртүрлі типтегі бағдарламаларды (білімдік, мәдениеттік, эксперименттік жұмыс бағдарламалары) және әдістемелік өнімдердің түрлерін (әдістемелік әзірлемелер, ұсынымдамалар, құралдар және т.б.) әзірлеу технологияларын жасайды. Түрлі типті оқу-әдістемелік өнімдерді және әдістемелік қосымшаларды әзірлейді, рецензиялайды және бекітуге дайындайды. Балаларға қосымша білім беруді дамытудың басым бағыттарын іске асыруды қамтамасыз ететін бағдарламалық-әдістемелік өнімдерді басып шығаруға дайындықты жүзеге асырады. Тиісті қызметтік бағыттары бойынша, білім беру мазмұнын ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету бойынша қызметкерлердің біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды ұйымдастыру жұмысына, оқу құралдарына, әдістемелік материалдарға тапсырыс беру жоспарын әзірлеуге қатысады. Әдістемелік, анықтамалық, ақпараттық-талдамалық материалдар жинақтауды және жүйелеуді жүзеге асырады. Қосымша білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге, оларды сараптауға, қолданыстағыларын түзетуге және жаңа білім беру стандарттарын, оқу-бағдарламалық құжаттамаларды әзірлеуге қатысады. Балаларға арналған қосымша білім беру саласындағы алдыңғы қатарлы әлемдік және отандық тәжірибе, алдыңғы қатарлы оқу және тәрбиелеу технологиялары туралы ақпаратты таратады және жалпылайды.

Конкурс, көрме, олимпиада, слет, жарыс және т.б. өткізу бойынша қажетті құжаттарды әзірлейді және ұйымдастырады. Қажетті есептілікті дайындауды және ұсынуды қамтамасыз етеді.

Сараптамалық қызметті: балаларға қосымша білім беру ұйымдарының республикалық конкурстарға ұсынатын бағдарламалық-әдістемелік өнімдеріне (бағыттары бойынша) бейінді сараптама ұйымдастырады. Сараптаманы өтінімдер бойынша жүзеге асырады (білім беру ұйымдары, жеке тұлғалар).

Консалтингті қызметті ұйымдастырады: педагог кадрлардың шығармашылық өсуіне және олардың кәсіби дамуына ықпал етеді. Балаларға қосымша білім беру оқу бағдарламаларының мазмұнын, нысанын, әдісін және оқу құралын анықтауда, ұйымдардың білім беру қызметін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету жұмысын ұйымдастыруда ұйымдардың педагогикалық қызметкерлеріне көмек көрсетеді. Қосымша білім беру саласында оқу-тәрбиенің инновациялық технологиялары, алдыңғы қатарлы отандық және әлемдік тәжірибе туралы ақпаратты жалпылайды және таратады. Педагогикалық жетістіктерді (мастер-кластар, педагогикалық шеберлік, шығармашылық семинарлар және т.б. ұйымдастыру арқылы) насихаттайды. Балаларға қосымша білім беру ұйымында білім беру процесін жетілдіру бойынша ұсыныс енгізеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын және Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқығы туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңдарын және басқа да білім беру қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың басым бағыттарын, балаларға қосымша білім беру ұйымдарының қызметі мәселелері бойынша нормативтік құжаттарды, дидактиканың қағидаттарын, педагогика және жас ерекшеліктері психологиясының негіздерін, білім беру процесін немесе қызметтік бағытын әдістемелік қамтамасыз ету қағидаттарын, білім беру ұйымдарындағы оқу процесін ұйымдастыру жүйесін, оқу-бағдарламалық құжаттаманы әзірлеу принциптері мен тәртібін, оқу жабдықтары мен басқа да оқу-әдістемелік құжаттамалардың үлгілік тізбелерін, педагогикалық жұмыстың тиімді түрлері мен мазмұнын анықтау, жалпылау және тарату әдістерін, ұйымның педагогикалық қызметкерлерінің әдістемелік бірлестіктері жұмысының мазмұны және ұйымның қағидаларын, баспалармен жұмыс негіздерін, әдістемелік және ақпараттық материалдарды жүйелендіру қағидаларын, оқытудың аудио бейнелік және интерактивтік құралдарына қойылатын негізгі талаптарды, оқытудың қазіргі педагогикалық технологиялары, құзыреттік тәсілдерді іске асыруды, даулы жағдайларының себептерін диагностикалау, оларды шешу және алдын алу технологияларын, экология, экономика, әлеуметтану негіздерін, мәтіндік редактормен, электрондық кестемен, электрондық поштамен және браузермен, мультимедиялық құралдармен жұмыс істеу негіздерін, еңбек заңнамасын, білім беру ұйымдарының ішкі еңбек тәртібінің ережелерін, еңбек және өрт қауіпсіздігін сақтау ережелерін, санитарлық ережелер мен нормаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ маман: жоғары педагогикалық білім немесе тиісті бейіні бойынша жоғары білім, педагогикалық немесе тиісті бейіні бойынша жұмыс өтілі кемінде 2 жыл;

біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты маман: жоғары педагогикалық білім немесе тиісті бейіні бойынша жоғары білім, педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 3 жыл;

біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты маман: жоғары педагогикалық білім немесе тиісті бейіні бойынша жоғары білім, педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл; жарияланған әдістемелік материалдардың болуы;

біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты: жоғары педагогикалық білім немесе тиісті бейіні бойынша жоғары білім, педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 7 жыл; жарияланған әдістемелік материалдардың болуы.

Қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы директорының орынбасары (бұдан әрі – ҚБ ОӘО)

Лауазымдық міндеттері. ҚБӨӘО жарғысына және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес құрылымдық бөлімшелерінің қызметін басқарады. ҚБӨӘО оқу, ғылыми, әдістемелік қызметін жоспарлайды, ұйымдастырады және бақылайды. Өткізілетін іс-шаралардың ақпараттық әдістемелік қамтылу дайындығын басқаруды және бақылауды жүзеге асырады. Баспалық қызметті басқарады. Құрылымдық бөлімшелерге кадрлар іріктеуді жүзеге асырады және ҚБӨӘО директорына ұсынады. ҚБӨӘО құрылымдық бөлімшелерінің қызметін бақылауды, аумақтық құрылымдардың қызметкерлеріне кеңес беруді жүзеге асырады. Әдістемелік құрамды аттестаттау жұмысын ұйымдастырады. ҚБӨӘО қызметінің тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар дайындап, ақпараттық материалдарды жүйелейді және жасайды, балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының бағдарламаларын және оқу жоспарларын әзірлеп, рецензиялайды және бекітуге дайындайды, аумақтық орталықтар, эксперименттік алаңдар қызметінің нәтижесін талдайды және жалпылайды. Қажетті есептерді дайындауды және ұсынуды қамтамасыз етеді.

Әдістемелік, анықтамалық, ақпараттық-талдамалық материалдар жинақтауды және жүйелеуді жүзеге асырады. Қосымша білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге, оларды сараптауға, қолданыстағыларын түзетуге және жаңа білім беру стандарттарын, оқу-бағдарламалық құжаттамаларды әзірлеуге қатысады.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын және Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқығы туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңдарын және басқа да қосымша білім беруді дамытудың бағыттары мен келешегін анықтайтын нормативтік құқықтық актілерді, педагогика және психология негіздерін, педагогика, педагогикалық психологияны, педагогикалық ғылым мен практика жетістіктерін, қаржылық-шаруашылық қызмет, еңбек туралы заң негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім немесе тиісті бейіні бойынша жоғары білім, білім беру ұйымдарында педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл немесе басшы лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.

Ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдары

Біліктілікті арттыру институттары

Біліктілікті арттыру институтының (филиалының) директоры

Лауазымдық міндеттері: Қолданыстағы заңнамаға сәйкес Біліктілікті арттыру институтының (бұдан әрі – Институт) оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік, әкімшілік-шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметіне басшылық етеді. Барлық құрылымдық бөлімшелердің жұмысын және тиімді

өзара іс-қимылын ұйымдастырады, олардың қызметін дамытады. Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес Институт қызметінің ағымдағы және келешек жоспарын ұйымдастырады. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдастыру, жетекші жоғары оқу орындарымен, алыс және жақын шетел ғалымдарымен білім беру мәселесі бойынша өзара тиімді ынтымақтастықты кеңейту шараларын жүзеге асырады, заманауи ақпараттық технологияларды белсенді пайдаланады және дамытады. Институттың басқару құрылымын айқындайды. Институттың Жарғысын, ішкі тәртіп ережелерін, курстардың, семинарлардың оқу-тақырыптық жоспарларын, штаттық кестені, Институт қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді. Басқа да оқу іс-шараларын әзірлеу мен бекітуді ұйымдастырады. Білім беру қызметін жүргізуге берілген лицензияға сәйкес тыңдаушылар үшін біліктілікті арттыру және кадрларды қайта даярлау курстарының ұйымдастырылуын бақылауды жүзеге асырады, оған қажетті жағдай жасалуын қамтамасыз етеді. Белгіленген заңнама шегінде Институт мүлігі мен құралдарына иелік етеді. Есеп-қисап, оқу-материалдық базаның түгелдігін және үнемі толықтыруын, Институттың жұмыс тәртібінің және ішкі тәртіп ережелерінің сақталуын қамтамасыз етеді. Ғылыми-педагогикалық және тәрбие процесінің қажетті деңгейін қамтамасыз ететін кадрларды іріктеуді және орналастыруды жүзеге асырады, олардың кәсіби деңгейінің өсуіне жағдай жасайды. Институттың ғылыми кеңесінің жұмысына басшылық жасайды.

Мемлекеттік, қоғамдық, ғылыми және басқа да ұйымдарда Институт атынан өкілдік етеді, қажетті есеп-қисаптың дайындалуы мен ұсынылуын қамтамасыз етеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқығы туралы», «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңдары және білім берудің келешегі мен даму жолдарын айқындайтын басқа да нормативтік құқылық актілерді, педагогика және психология негіздерін, білім берудің, андрогогиканың, синергетиканың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын, педагогика, педагогикалық психология, педагогикалық ғылым мен тәжірибенің жетістіктерін, менеджмент негіздерін, экономика, қаржы-шаруашылық қызметтің негіздерін, еңбек туралы заңнама, еңбек қорғау нормалары мен ережелерін, қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы күрес ережелерін, санитарлық нормалар мен ережелерді.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім, педагогика ғылымдарының кандидаты немесе докторы ғылыми дәрежесінің болуы және білім беру ұйымдарында немесе білім беруді басқару органдарында басшылық қызметтегі жұмыс өтілі кемінде 5 (бес) жыл.

Біліктілікті арттыру институты директорының орынбасары

Лауазымдық міндеттері: Нормативтік құқықтық актілерге және Біліктілікті арттыру институтының (бұдан әрі – Институт) жарғысына сәйкес Институт құрылымдарының қызметіне басшылық етеді. Институттың оқу, ғылыми, әдістемелік және шаруашылық қызметін жоспарлайды, ұйымдастырады және қадағалайды. Курстық және курсаралық іс-шараларды оқу, бағдарламалық-әдістемелік және ғылыми сүйемелдеуге басшылық және қадағалау жүргізеді. Баспа ісіне басшылық жасайды. Алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарымен және ғылыми-зерттеу орталықтарымен ынтымақтастықты ұйымдастырады. Білім беру ұйымдарының және әдістемелік қызметтердің, білім беру ұйымдарының барлық деңгейіндегі ғылыми-педагогикалық және әдістемелік кадрларының, басшыларының біліктілігін арттырудың үздіксіздігін және сабақтастығын қамтамасыз етуді қадағалайды. Институттың құрылымдық бөлімшелеріне кадрлар іріктеуді іске асырып, оларды Институт басшылығына ұсынады. Кафедра, әдістемелік кабинеттер және басқа да құрылымдар қызметкерлеріне консультация береді, олардың жұмысын үйлестіреді, әдістемелік құрамды аттестаттауды ұйымдастырады. Қажетті есеп-қисаптың ұйымдастырылуы мен ұсынылуын қамтамасыз етеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқығы туралы», «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңдарын және білім берудің келешегі мен даму жолдарын айқындайтын басқа да нормативтік құқықтық актілерді, педагогика және психология негіздерін, мемлекеттік жалпыға

міндетті білім беру стандарттарын, менеджмент негіздерін, экономика, қаржы-шаруашылық қызмет негіздерін, андрогогика, синергетика, педагогика, педагогикалық психология, педагогикалық ғылым мен тәжірибенің жетістіктерін, еңбек туралы заңнама, еңбек қорғау нормалары мен ережелерін, қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы күрес ережелерін, санитарлық нормалар мен ережелерді.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім, педагогика ғылымдарының кандидаты немесе докторы ғылыми дәрежесінің болуы және білім беру ұйымдарында немесе білім беруді басқару органдарында басшылық қызметтегі ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 5 (бес) жыл.

Біліктілікті арттыру институтының (БАИ) әдіскері

Лауазымдық міндеттері: Курстардың, семинарлардың, конференциялардың, педагогикалық оқулардың, конкурстардың, көрмелердің сараланған жабдықталуын және өткізілуін ұйымдастырады. Курстарға оқу-әдістемелік материалдар әзірлейді. Зертханалық-практикалық сабақтарды, тренингтерді, тиісті санаттардың біліктілігін арттырудың (бұдан әрі – БА) өзекті мәселелері бойынша іскерлік ойындарды даярлап, өткізілуін қамтамасыз етеді. Жаңа тиімді технологияларды енгізу бойынша арнаулы проблемалық курстарды ұйымдастырады. БА курстарына арналған жаңа оқу-тақырыптық жоспарларды, бағдарламаларды әзірлейді. Білім беру қызметкерлерінің үздіксіз БА әртүрлі топтарының курстық дайындықтарының тиімділігін анықтайтын педагогикалық инструментарий жұмысын, педагогикалық диагностика, түзетуді іске асыру әдістерін жетілдіру, әдістемелік жұмысты үлгілеу бойынша заманауи әдістерді енгізу жұмысын үйлестіреді. Білім беру ұйымдарының дыбыс-бейне және интерактивті оқыту құралдарына мұқтажығын, қазіргі педагогикалық деректер банкісінің ахуалын саралайды. БА курстарының әдістемелік және тәжірибелік қамтамасыз етілуін ұйымдастырады. Біліктілік арттыру жоспарының іске асырылуын қамтамасыз етеді, кабинет бейіні бойынша педагог кадрлардың сапалық құрамына мониторингті жүзеге асырады. Авторларға оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің мақұлдандуына, авторлық курстар, семинарлар ұйымдастыру мен өткізуге көмек көрсетеді. Тәжірибелік-эксперименталдық жұмыстың нәтижелерін саралайды және жалпылайды. Білім беру ұйымдары педагогтарының, әдіскерлерінің, басшыларының нәтижелі жұмыс тәжірибесін зерттеп, жалпылайды және таратады. Білім беру қызметкерлеріне, аудандық әдістемелік кабинеттерге консультативтік, әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді. Курсаралық жұмыстар мен әртүрлі байқаулар, конкурстар, слеттер, олимпиадалар өткізеді. Педагогикалық және басқарушылық инновацияларды зерттеп, насихаттайды. Педагогика ғылымының заманауи жетістіктерін, педагогикалық әдебиеттің жаңалықтарын қадағалап, олар туралы білім беру ұйымдарын, әдістемелік кабинеттерді хабардар етеді. БА жүйесінде маркетингтік зерттеулер және баспа қызметін жүзеге асырады.

Аймақтық деңгейде жұмысты ұйымдастыру бойынша мұғалімдердің біліктілігін арттыру институттарының тиісті кабинеттерінің қызметін қадағалайды. Педагогтердің, білім беру ұйымдарының инновациялық, тәжірибелік-эксперименталдық жұмыстарының және өзіндік зерттеу (ізденіс) қызметінің нәтижелерін жалпылау негізінде ғылым және практиканың ықпалдасу идеяларын енгізу бойынша ұсынымдар әзірлейді. Республикалық педагогикалық басылымдарда білім беру мәселелеріне байланысты материалдар жариялайды.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқығы туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңдарын және білім беру ұйымдары қызметінің мәселелері бойынша басқа да нормативтік-құқықтық актілерді, дидактика принциптерін, педагогика негіздері және жас ерекшелігі психологиясын, басқарудың инновациялық әдістерін, әдістемелік және ақпараттық материалдарды жүйелендіру принциптерін, баспамен жұмыс негіздері, оқу-бағдарламалық құжаттаманы әзірлеу тәртібі мен принциптерін, пән бойынша жаңа және балама оқулықтар мазмұны, алдыңғы қатарлы білім беру технологияларын, ғылыми-зерттеу және эксперименталдық жұмыс тәжірибесін жалпылау және тарату әдістемесін, еңбек туралы заңнама негіздерін, еңбек қорғау нормалары мен ережелерін, қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі техникасын, санитарлық нормалар мен ережелерді.

Тиісті санатты алу үшін міндеттерді айқындаумен қатар біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ маман: БАИ әдіскеріне қойылатын жалпы талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: ақпаратты компьютерлік өңдеу технологиясын, педагогикалық саралау әдістерін меңгеруі тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім, педагогикалық жұмыс өтілі, оның ішінде біліктілік арттыру жүйесіндегі жұмыс өтілі кемінде 5 (бес) жыл.

біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты маман: біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ БАИ әдіскеріне қойылатын жалпы талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: алдыңғы қатарлы білім беру технологиялары бойынша жұмыс тәжірибесін жалпылай және тарата білуі, жарияланған әдістемелік материалдарының болуы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім және БА жүйесіндегі жұмыс өтілі кемінде 7 (жеті) жыл;

біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты маман: біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты БАИ әдіскеріне қойылатын талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: ғылыми-зерттеу және тәжірибелік жұмыс дағдыларына ие болуы, білім беру процесінің өзекті проблемаларын әзірлеу бойынша шығармашылық топтар жұмысына қатысуы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім, БА жүйесіндегі жұмыс өтілі кемінде 9 (тоғыз) жыл;

біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты маман: біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты БАИ әдіскеріне қойылатын талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: ғылыми-зерттеу және тәжірибелік жұмыс әдістерін меңгеруі; білім беру процесінің өзекті проблемаларын әзірлеу бойынша шығармашылық топтарға жетекшілік етуі: алдыңғы қатарлы білім беру технологиялары бойынша ақпарат таратуы, жарияланған әдістемелік материалдарының болуы, мемлекеттік тілді білуі тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім, БА жүйесіндегі жұмыс өтілі кемінде 10 (он) жыл және жарияланған әдістемелік материалдары болуы керек.

Деңгейлік бағдарламалар орталығының басшысы

Лауазымдық міндеттері: Орталықтың қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады. Тренерлер арасында функционалды міндеттерді бөледі. Орталық қызметін ұйымдастырады, оның даму перспективаларын айқындайды, Орталық алдына қойылған функциялар мен міндеттерді шешудің жолдарын тандайды. Біліктілікті арттыру курстарының өткізілуін үйлестіреді, тренерлер жұмыстарының нәтижелігін саралайды, есептіліктің уақытылы жасалуын қамтамасыз етеді, қазіргі нормаларға сай құжаттама жүргізеді. Деңгейлік бағдарламалардың оқу процесін нормативтік құжаттар талабына сәйкес ұйымдастыруды қамтамасыз ету бойынша БАИ қызметіне қатысады. Тренерлердің оқу қызметінің нормаларын жоспарлауын және орындауын бақылауды жүзеге асырады. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының деңгейлік бағдарламаларына қатысты саралық есептер мен сұрақтар бойынша ақпараттық анықтамалар әзірлейді. Курсаралық кезеңде сертификатталған педагогтерге консультациялық көмек көрсетеді. Тренерлердің оқу жүктемесі мен аудиторлық қорды ұтымды қолдануы бойынша ұсынымдамалар, бағдарламалар мен оқу-тақырыптық жоспарлар әзірлеу жұмысын ұйымдастырады. Деңгейлік бағдарламаларына қажетті оқу құжаттамасын әзірлеу, оқу процесін ішкі нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес ұйымдастыру бойынша филиал қызметіне қатысады. Педагогтер біліктілігін арттыру курстарының деңгейлік бағдарламалары бойынша оқу процесін ұйымдастыруға қатысты Басқарма бұйрықтары мен шешімдерін орындауды қамтамасыз етеді. Орталықтың жабдықтарға, материалдарға және Орталыққа жүктелеген міндеттер мен функцияларды орындауға қажетті басқа да ресурстарға мұқтаждығын айқындайды.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының заңдарын, білім беру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары мен шешімдерін және нормативтік құжаттарды. Филиал қызметін айқындайтын нормативтік актілерді. Кембридж университетімен бірге дайындалған «НЗМ» ДББҰ-ның оқу бағдарламасының жеті модулінің тұжырымдамалық идеяларын. Ересектерді оқытудың заманауи формалары мен әдістерін. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының негіздерін. Еңбек қорғау нормалары мен ережелерін, қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы күрес ережелерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім, тренер сертификаты және оқытушы ретінде жұмыс өтілі кемінде 5 (бес) жыл.

Деңгейлік бағдарламалар орталығының тренері

Лауазымдық міндеттері: Деңгейлік бағдарлама бойынша біліктілікті арттыру курстарын тиісті деңгейде өткізу. Тыңдаушылармен бекітілген кесте бойынша дәріс өткізу. Деңгейлік бағдарламалар курстарының талабына сай оқу-тақырыптық жоспар мен курс бағдарламасын әзірлеу. Тыңдаушылардың сабаққа қатысуын тұрақты түрде бақылау. Куратор функциясын жүзеге асыру. Қажетті оқу құжаттарын (журналдар, табельдер, кесте және т.б.) ресімдеу. Өзінің қызметі туралы басшылыққа қажетті ақпарат беру. Ақпараттық брошюра, мақала дайындау. Семинар, көрме, конференцияларға қатысу. Тыңдаушыларға портфолио дайындау және біліктілік емтиханын тапсыру бойынша консультация беру. Біліктілік емтихан нәтижелеріне сараптама жүргізу. Оқу процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану. WOIP-технологияны қолдана отырып, бейнеконференция арқылы біліктілікті арттыру деңгейлік курстарының он-лайн кезеңін өткізу кезінде жеке консультациялар жүргізу. Тыңдаушылардың аудиториялардағы жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Тренер жұмысын реттейтін Ішкі тәртіп ережелерін және филиал құжаттарын сақтау. Филиал іс-шараларына, оның ішінде орталықтың отырыстарына, өз қызметінің барлық түрлерін жоспарлауға және атқарылған жұмыс туралы есеп беруге қатысу. Сертификатталған мұғалімдердің кейінгі кәсіби қызметіне мониторинг жүргізу. Тыңдаушыларға демалыс іс-шараларын ұйымдастыру. Курсаралық кезеңде бекітілген базалық (тірек) және басқа мектептерде: мастер-кластар өткізу; топтық консультациялар жүргізу; мұғалімдердің коучингін және тәлімгерлігін жүзеге асыру; басшылықтың басқа да тапсырмаларын орындау.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының заңдарын, білім беру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары мен шешімдерін және нормативтік құжаттарды. Филиал қызметін айқындайтын нормативтік актілерді. Кембридж университетімен бірге дайындалған «НЗМ» ДББҰ-ның оқу бағдарламасының жеті модулінің тұжырымдамалық идеяларын. Ересектерді оқытудың заманауи формалары мен әдістерін. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының негіздерін. Еңбек қорғау нормалары мен ережелерін, қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы күрес ережелерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім, білім беру саласындағы жұмыс өтілі кемінде 1 (бір) жыл, біліктілікті арттыру курстарының тренері сертификатының болуы.

Кафедра меңгерушісі

Лауазымдық міндеттері: Кафедраның даму стратегиясын жасайды, сыртқы байланыстарды нығайтады және дамытады.

Тыңдаушыларды курстық даярлау сапасының кафедра ішкілік жүйесін әзірлейді. Оқытудың педагогикалық әдістері мен құралдарын, ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс дағдыларын меңгереді. Профессорлық-оқытушылық құрамды оқытуды ұйымдастырады. Оқу, ғылыми, әдістемелік жұмыс мәселелері бойынша кафедра отырыстарын өткізеді.

Кафедра жұмысын жоспарлайды, кафедра оқытушыларының жеке жұмыс жоспарларын бекітеді. Кафедра оқытушылары арасындағы педагогикалық жүктеме мен лауазымдық міндеттерді бөлуді жүзеге асырады, олардың уақытылы және сапалы орындалуына бақылау жасайды.

Кафедрада ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуді ұйымдастырады. Аяқталған ғылыми-зерттеу жұмыстары мен оларды енгізу мүмкіндіктерінің нәтижелерін талқылауды ұйымдастырады. Қол жеткізілген ғылыми нәтижелерді жариялау мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Оқу және оқу-әдістемелік құралдарға сараптама жүргізуді қамтамасыз етеді. Көрнекі құралдар мен кафедраның оқу-әдістемелік материалдарының дайындалуын ұйымдастырады және тікелей өзі қатысады.

Кафедрадағы оқытушылардың жеке жұмыс жоспарларының сапасы мен орындалуына бақылау жасайды. Кафедраның педагогикалық және ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысады. Кафедра оқытушыларының жұмыс тәжірибесін зерттейді, жинақтайды және таратады. Жұмысты жаңа бастаған оқытушыларға оқу және әдістемелік тұрғыдан көмек көрсетеді. Кафедра оқытушыларының біліктіліктерін арттыруды

жоспарлайды. Компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгереді. Ғылыми кеңес жұмысына қатысады. Ғылыми-әдістемелік көмек көрсету мақсатында білім беру ұйымдарымен және басқа да ұйымдармен байланыс орнатады.

Кафедраның, институттың халықаралық қызметіне қатысады және қамтамасыз етеді. Кафедраның барлық құжаттарының және есептерінің дайындалуын және сақталуын қамтамасыз етеді.

Кафедра қызметінің қорытындысы бойынша есеп береді. Кафедра оқытушыларының еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, санитария және өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауына бақылау жасайды. Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі қағидалары мен нормаларын орындайды.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңдарын және біліктілікті арттыру жүйесінің қызметі мен дамуын реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерді, оқу жоспарлары мен бағдарламаларын дайындау және бекіту тәртібін, білім беру жүйесін басқарудың теориясы мен әдістерін, оқу жоспарларын жасау тәртібін, оқу жұмысы бойынша құжаттамаларды жүргізу тәртібін, педагогика, физиология, психология және кәсіптік оқыту беру әдістемесін, қазіргі заманғы оқыту мен тәрбиелеу нысандары және әдістерін; экономика негіздерін, еңбек туралы заңнаманы, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өрттен қорғау ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім, ғылыми немесе академиялық дәрежесінің болуы және педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 7 жыл, оның ішінде біліктілікті арттыру жүйесінде кемінде 3 жыл.

Аға оқытушы

Лауазымдық міндеттері: Оқу және оқу-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастырады және өткізеді. Кафедрадағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының бір бағытына қатысады.

Барлық оқу жұмысының түрлерін жүргізеді. Оқытатын пәндер бойынша оқу бағдарламаларын, оқу-тақырыптық жоспарларын әзірлейді. Оқытын пәндері немесе жекелеген оқу сабақтары, оқу жұмыстары бойынша әдістемелік қамтамасыз ету үшін еңбектер жинақтайды және әзірлейді.

Тыңдаушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысады. Оқытын пәндері немесе жекелеген оқу бойынша студенттердің өзіндік жұмыстарына басшылық жасайды.

Біліктілікті арттыруды әдістемелік қамтамасыз етеді. Кафедраның, институттың ғылыми-әдістемелік жұмыстарына қатысады.

Сабақтарды, зертханалық жұмыстар мен практикалық сабақтарды өткізуде тыңдаушылардың еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақтауына бақылау жасайды.

Кафедрадағы оқулықтарды, оқу және оқу-әдістемелік құралдарды, әзірлемелерді, жұмыс бағдарламаларын және басқа да оқу-әдістемелік жұмыстардың түрлерін дайындауға қатысады. Жеке жоспардың орындалуы туралы есепті дайындайды және ұсынады. Компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгереді.

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі нормалары мен ережелерін орындайды.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңдарын және біліктілікті арттыру жүйесінің қызметі мен дамуын реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерді, білім беру жүйесін басқарудың теориясы мен әдістерін, оқу жоспарларын жасау тәртібін, оқу жұмысы бойынша құжаттамаларды жүргізу тәртібін, педагогика, физиология, психология, андрогогика, кәсіптік оқыту беру әдістемесін, қазіргі заманғы оқыту мен тәрбиелеу нысандары және әдістерін, экономика негіздерін, еңбек туралы заңнаманы, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы

және өрттен қорғау ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім, педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

Бөлім басшысы

Лауазымдық міндеттері. Нормативтік, құқықтық актілер мен біліктілікті арттыру институты туралы ережеге сәйкес бөлім қызметіне басшылық жасайды. Бөлімнің даму стратегиясын әзірлейді. Бөлімнің жұмыс жоспарын және бөлім мамандарының жеке жұмыс жоспарларын бекітеді. Бөлім мамандарының арасында функционалдық міндеттерін бөлуді, олардың уықтылы және сапалы орындалуын бақылайды.

Бөлім қызметінің нәтижесін талдайды. Бөлім мамандарының кәсіби құзыреттілігін арттыруға көмек көрсетеді. Компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгереді.

Ішкі тәртіп ережесін сақтайды және бөлімнің жұмыс регламентіне сәйкес құжаттардың орындалуын қамтамасыз етеді.

Бөлімнің барлық түрлердегі құжаттамаларын, есебін жасауды және сақтауды қамтамасыз етеді.

Институттың іс-шараларына қатысады, бөлімнің барлық түрдегі қызметін жоспарлайды және талдайды. Қажетті есепті, бөлім қызметі туралы ақпаратты дайындауды және ұсынуды қамтамасыз етеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» заңдарын және білім беру ұйымдары қызметінің мәселелері бойынша басқа да нормативтік құқықтық актілерді, дидактика принциптерін, педагогика және жас ерекшеліктері психологиясы негіздерін, басқарудың инновациялық әдістерін, әдістемелік және ақпараттық материалдарды жүйелендіру принциптерін, баспалармен жұмыс істеу негіздерін, оқу-бағдарламалық құжаттамаларды әзірлеу принциптері мен тәртібін, пәндер бойынша жаңа және балама оқулықтардың мазмұнын, алдыңғы қатарлы білім беру технологиялары бойынша жұмыс тәжірибесін жалпылау және тарату әдістемесін, еңбек туралы заңнама негіздерін, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын, санитариялық ережелер мен нормаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білім (бөлім бейіні бойынша) және білім беру ұйымдарындағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

Бас (жетекші) маман

Лауазымдық міндеттері. Курстарды, семинарларды, конференцияларды, педагогикалық оқуларды, конкурстарды, көрмелерді ұйымдастырады. Педагогикалық диагностиканы, түзетуді, білім беру қызметкерлерінің біліктілігін үздіксіз арттыру бойынша курстық даярлықтың тиімділігін анықтаудың педагогикалық инструментарийін іске асыру әдістерін жетілдіру, әдістемелік жұмысты үлгілеудің қазіргі заманғы әдістерін енгізу жұмыстарын үйлестіреді. Ұйымдар мен білім беру қызметкерлерінің білім беру және кәсіптік қажеттіліктерін талдайды. Біліктілікті арттыру курстарын әдістемелік қамтамасыз етуді үйлестіреді. Біліктілікті арттыру жоспарын іске асыруды қамтамасыз етеді, кабинет бейіні бойынша педагог кадрлардың сапалық құрамына мониторингті жүзеге асырады. Авторлардың оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерін сынақтан өткізуге, авторлық курстарды, семинарларды ұйымдастыруға және өткізуге көмек көрсетеді. Тәжірибелік-эксперименталдық жұмыс нәтижелерін талдайды және жалпылайды. Білім беру ұйымы педагогтерінің, әдіскерлерінің, басшыларының нәтижелі жұмыс тәжірибелерін зерделейді, жалпылайды және таратады. Білім беру қызметкерлеріне, аудандық әдістемелік кабинеттерге консультативтік, әдістемелік, практикалық көмек көрсетеді. Курсаралық жұмыстар мен әртүрлі байқауларды, конкурстарды, слеттерді, олимпиадаларды өткізеді. Педагогикалық және басқарушылық инновацияларды зерделейді және насихаттайды. Қазіргі заманғы педагогикалық ғылым жетістіктерін, педагогика әдебиеттерінің

жаңалықтарын зерделейді және олар туралы білім беру ұйымдарына, әдістемелік кабинеттерге хабарлайды. Компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгереді. Біліктілікті арттыру жүйесіндегі маркетингтік зерттеулерді және баспа қызметін жүзеге асырады.

Педагогтердің, білім беру ұйымдарының инновациялық, тәжірибелік-эксперименталдық жұмыс нәтижелерін және өзінің (ізденушілік) зерттеу қызметін жалпылау негізінде ғылым мен практиканы интеграциялау идеяларын енгізу бойынша ұсынымдамалар әзірлейді. Республикалық педагогикалық басылымдарда білім беру проблемалары бойынша материалдар жариялайды.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасында бала құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» заңдары және білім беру ұйымдары қызметінің мәселелері бойынша басқа да нормативтік құқықтық актілерді, дидактика принциптерін, педагогика және жас ерекшеліктері психологиясы негіздерін, басқарудың инновациялық әдістері, әдістемелік және ақпараттық материалдарды жүйелендіру принциптерін, баспалармен жұмыс істеу негіздерін, оқу-бағдарламалық құжаттамаларды әзірлеу принциптері мен тәртібін, пәндер бойынша жаңа және балама оқулықтардың мазмұнын, алдыңғы қатарлы білім беру технологияларын, ғылыми-зерттеу және эксперименталды жұмыстар бойынша жұмыс тәжірибесін жалпылау және тарату әдістемесін, еңбек туралы заңнама негіздерін, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын, санитариялық ережелер мен нормаларды.

Тиісті санатты алу үшін міндеттерді айқындаумен қатар біліктілікке қойылатын талаптар: Жетекші маман:

Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-эксперименталды жұмыс әдістерін меңгеру, білім беру процесін әдістемелік қамтамасыз ету бойынша шығармашылық топтардың жұмысына қатысу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, педагогикалық талдау әдістерін меңгеру, оң педагогикалық тәжірибені зерделеу, жалпылау, тарату.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білім (бөлім бейіні бойынша), білім беру ұйымдарындағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.

Бас маман: ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-эксперименталды жұмыс істеу әдістері мен дағдыларын меңгеру; білім беру процесін психологиялық-әдістемелік сүйемелдеу бойынша шығармашылық топтарын басқару; ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, оның ішінде ақпаратты компьютерлік өңдеу дағдыларын, педагогикалық талдау әдістерін меңгеру; жарияланған әдістемелік материалдардың, авторлық әзірлемелердің болуы.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білім (бөлім бейіні бойынша), білім беру ұйымдарындағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

Сертификатталған тренер

Лауазымдық міндеттері. Деңгейлік бағдарламалар бойынша біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастырады және өткізеді, курстардың бағдарламасын және оқу-тақырыптық жоспарын әзірлейді, қажетті құжаттарды (журнал, табель, сабақ кестесі және т.б.) ресімдейді, деңгейлік бағдарламалар бойынша курстардың талаптарына сәйкес куратордың функциясын жүзеге асырады. Аудиторияларда тыңдаушылардың жұмыс істеу қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Тыңдаушылардың бос уақыттарындағы қызметін ұйымдастырады.

Тыңдаушыларға деңгейлік курстардың екінші кезеңінде WOIP - технологиялар арқылы, біліктілік емтиханын тапсыруға портфолио дайындау, портфолионы рецензиялау бойынша консультативтік және практикалық көмек көрсетуді қамтамасыз етеді.

Тыңдаушылардың біліктілік емтиханының нәтижелерін талдайды, сертификатталған мұғалімдердің одан әрі кәсіби қызмет етуіне мониторингті жүзеге асырады. Сертификатталған мұғалімдермен, базалық (тірек) мектептермен жұмыс жүргізуді жоспарлайды және жүзеге асырады: мастер-кластар жүргізеді, консалтингті көмекті, топтық және жеке консультацияларды қамтамасыз етеді, коучинг және мұғалімдердің тәлімгерлігін, сертификатталған мұғалімдердің оң жұмыс тәжірибесін зерделеуді, жалпылауды және таратуды жүзеге асырады. Қысқа мерзімді курстарға деңгейлік бағдарламалар бойынша біліктілікті арттыру курстарының идеяларын енгізу жұмысын жүзеге асырады.

Конференцияларға, семинарларға, көрмелерге және т.б. қатысады. Мақалалар дайындауды, әдістемелік ұсынымдар, құралдар және т.б. әзірлеуді қамтамасыз етеді.

Ішкі тәртіп ережелерін сақтайды және тренердің жұмысын реттейтін құжаттардың орындалуын қамтамасыз етеді.

Білім беру ұйымының іс-шараларына, қызметтің барлық түрлерін жоспарлауға және талдауға қатысады. Ақпаратты ұсынады, қажетті есептілікті дайындауды және беруді қамтамасыз етеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» заңдарын және білім беру саласындағы басқа да нормативтік құқықтық актілерді, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын, санитариялық ережелер мен нормалар; Кембридж университетімен бірлесіп әзірленген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ оқу бағдарламаларының тұжырымдамалық идеяларын, мемлекеттік білім беру стандарттарын, педагогика және жас ерекшеліктері психологиясы, андрогогика негіздерін, сертификатталған мұғалімдердің оң педагогикалық тәжірибесін зерделеу, жалпылау және тарату әдістемесін, бағдарламалық-әдістемелік құралдарды әзірлеу принциптерін, технологиясын.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

Жоғары педагогикалық білім. Педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 2 жыл, оның ішінде біліктілікті арттыру жүйесінде жұмыс өтілі кемінде 2 жыл. Біліктілікті арттырудың деңгейлік курстары тренерінің сертификаты болуы.

Әдістемелік қызмет

Оқу-әдістемелік орталықтың (кабинет) директоры (меңгерушісі)

Лауазымдық міндеттері. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес орталық (кабинет) қызметінің барлық бағыттарына жалпы басшылық жасауды жүзеге асырады. Орталықты (кабинет) басқару құрылымын, штаттық кестені белгілеп, бекітеді.

Орталықтың (кабинет) стратегиясын, даму мақсаты мен міндеттерін белгілейді, даму бағдарламаларының, ішкі тәртіп ережелерінің әзірленуін, бекітілуін және орындалуын ұйымдастырады. Бюджеттік қаржыны оңтайлы пайдалануды қамтамасыз етеді. Заңнамамен белгіленген шекте орталықтың (кабинет) мүлкіне және қаржысына иелік етеді. Оқу-материалдық базаның есепке алынуын, сақталуын және толығын қамтамасыз етеді.

Республикадағы және шетелдегі қоғамдық ұйымдардың (қауымдастықтар, кеңестер және т.б.) өзара әрекеттесуін ұйымдастырады.

Ғылыми-педагогикалық және тәрбие процесін тиісті деңгейде қамтамасыз етуші кадрларды іріктеуді және орналастыруды жүзеге асырады. Қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін белгілейді, олардың кәсіби шеберлігін арттыру үшін жағдай жасайды. Қызметкерлердің творчестволық бастамашылдығын марапаттайды және ынталандырады.

Орталықтың (кабинет) ғылыми-әдістемелік кеңесінің жұмысына басшылық жасайды. Қажетті есептілікті дайындап, жіберуді қамтамасыз етеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы», «Қазақстан Республикасындағы балалар құқығы туралы», «Сыбайлас жемқорлық туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын және білім берудің даму бағыттары мен перспективасын белгілеуші басқа да нормативтік құқықтық актілерді, педагогика және психология негіздерін, білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандарттарын, педагогика, педагогикалық психология, педагогикалық ғылым мен практика жетістіктерін, қаржылық-шаруашылық қызмет, еңбек туралы заңнамалар негізін, еңбек қорғау ережелері мен нормаларын, қауіпсіздік және өрт қауіпсіздігі техникасын, санитарлық ережелер мен нормаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім, ғылыми немесе академиялық дәрежесінің болуы, педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 7 жыл.

Оқу-әдістемелік орталық (кабинет) директорының орынбасары

Лауазымдық міндеттері. Орталық (кабинет) жарғысына және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес құрылымдық бөлімшелер қызметіне басшылық жасайды. Орталықтағы оқу, ғылыми, әдістемелік қызметті жоспарлайды, ұйымдастырады және бақылайды. Өткізілетін іс-шаралардың оқу, бағдарламалық-әдістемелік және ғылыми ілеспесін әзірлеуге басшылық жасауды және бақылауды жүзеге асырады. Баспа қызметіне басшылық етеді. Құрылымдық бөлімшелер үшін кадр іріктеуді жүзеге асырады және орталық басшысына ұсынады. Өңірлік құрылым қызметкерлеріне консультация беруді, орталық зертханаларының қызметін үйлестіруді жүзеге асырады. Әдістемелік құрамды аттестаттауға дайындауды ұйымдастырады. Орталықты (кабинет) әдістемелік қамтамасыз ету тиімділігін арттыру бойынша ұсыныс әзірлейді, ақпараттық материалдарды жүйелендіреді және жасайды, балалармен жұмыс жөніндегі білім беру бағдарламаларын әзірлеуді, рецензиялауды және бекітуге дайындауды ұйымдастырады, аудандық, қалалық әдістемелік кабинеттердің, тәжірибелік-эксперименттік алаң қызметінің нәтижесін зерделеп, топтастырады. Қажетті есептемелерді дайындап, жіберуді қамтамасыз етеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы», «Қазақстан Республикасындағы балалар құқығы туралы», «Сыбайлас жемқорлық туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын және білім берудің даму бағыттары мен перспективасын белгілейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерді, педагогика және психология негіздерін, білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандарттарын, педагогика, педагогикалық психологияны, педагогикалық ғылым мен практика жетістіктерін, қаржылық-шаруашылық қызмет, еңбек туралы заңнамалар негізін, санитарлық ережелер мен нормаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім, педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

Оқу-әдістемелік орталық (кабинет) әдіскері

Лауазымдық міндеттері. Аудан (қала) педагогтерімен бірлесіп әдістемелік жұмысты ұйымдастырады, курсаралық кезеңдегі әдістемелік жұмыстың тиімділігін зерделейді. Білім беру ұйымдарын жетекшілік ететін мәселелері бойынша әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады. Мамандықтар бойынша педагогтердің біліктілігін арттыруды болжайды және жоспарлайды. Семинарлар, алдыңғы қатарлы тәжірибе мектебінің отырыстары, педагог қызметкерлердің конкурстары, олимпиадаларының оқыту-әдістемелік құжаттамасын (дидактикалық материалдар, жабдықтардың типтік тізбесі) әзірлеу, рецензиялау және бекітуге дайындауды ұйымдастырады. Педагогтердің және білім беру ұйымдарының инновациялық және тәжірибелік-эксперименттік жұмысының қорытындысын зерделейді және топтастырады.

Білім беру ұйымдарының басшылары мен педагог қызметкерлеріне оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға консультативтік және практикалық көмек көрсетеді. Педагогтерге көмек ретінде библиографиялық анықтамалар, әзірлемелер, тестік және басқа да материалдар жасайды, оларды білім беру ұйымдарының оқу-әдістемелік кабинеттеріне, аудан (қала) педагогтерінің назарына жеткізеді. Алдыңғы қатарлы оқыту және тәрбие технологиялары бойынша ақпараттарды топтастырады және таратады. Педагогтердің, білім беру ұйымдары басшыларының мейлінше нәтижелі тәжірибелерін зерделейді, жүйелендіреді, топтастырады, мониторинг жүргізеді және таратады. Педагог қызметкерлердің әдістемелік бірлестік жұмысын ұйымдастырады және үйлестіреді. Оқушылар конкурсын, көрмелерін, олимпиадаларын, слеттерін, жарыстарын өткізу бойынша тиісті құжаттамаларды ұйымдастырады және әзірлейді. Қажетті есептіліктерді дайындап, ұсынуды қамтамасыз етеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы», «Қазақстан Республикасындағы балалар құқығы туралы», «Сыбайлас жемқорлық туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын және білім берудің даму бағыттары мен перспективасын белгілейтін басқа да нормативтік

құқықтық актілерді, мемлекеттік білім беру стандарттарын, педагогика және жас ерекшелігі психологиясы негіздерін, дидактика принциптерін, жалпы және жеке оқыту әдістерін, білім беру ұйымдарындағы білім беру процесін ұйымдастыру жүйесі, әдістемелік бірлестік, білім беру ұйымдары педагогтері жұмыстарының тиімді формалары мен әдістерін анықтау, топтастыру және тарату әдістемесін, оқу-бағдарламалық құжаттама әзірлеу принциптері мен тәртібін, педагогикалық ғылым мен практика жетістіктерін, әдістемелік және ақпараттық материалдарды жүйелендіру принципін, еңбек туралы заңнамалар негізін, еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын, қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі ережелерін, санитарлық ережелер мен нормаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім, педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл, тиісті бейіні бойынша бірінші немесе жоғары біліктілік санатының болуы тиіс.